

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 37.016:81-028.31

Қолжазба құқығында

МЕЙІРБЕКОВ АСЫЛБЕК ҚАЙРАТБЕКҰЛЫ

**Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін
қатысымдық тұрғыдан оқыту**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
филология ғылымдарының
докторы
Б.К.Елікбаев
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Ж.Н.Сүлейменова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор
З.Йүксел

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2018

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқытудың теориялық негіздері.....	12
1.1 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі мәселесінің тіл білімінде зерттелуі.....	12
1.2 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың лингвистикалық негіздері.....	35
1.3 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың психологиялық негіздері.....	50
1.4 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың педагогикалық аспектілері.....	63
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	78
2 Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқытудың әдістемелік негіздері.....	81
2.1 Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін ЖОО-да қатысымдық тұрғыдан оқыту жайы.....	81
2.2 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгертуде қолданылатын негізгі әдістер.....	86
2.3 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгертуге арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі.....	98
2.4 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау.....	124
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	144
ҚОРЫТЫНДЫ.....	145
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	149
ҚОСЫМШАЛАР.....	161

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер қолданылды:

Адресант – коммуникативтік актіге қатысушы, сөйлесім жағдаятында тілдік бірліктерді айтылым немесе жазылым іспетті сөйлесім әрекеттерін жүзеге асыру үрдісінде қолданып тыңдаушысына өз ойын жеткізуші коммуникант.

Адресат – сөйлесім жағдаятында тілдік бірліктер арқылы адресантының жүзеге асырған сөйлеу актілерін қабылдаушы, прагматикалық лингвистиканың ядролық құраушыларының бірі.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – ол тұлғаның әртүрлі әлеуметтік-тілдік орта өкілдерімен орын алған сөйлесім жағдаяты барысында олардың әлеуметтік статустарындағы, жастық және жыныстық ерекшеліктері мен қатар сөйлеу әдебін ескере отырып сөйлеу актілерін оңтайлы қолданып, интерпретациялауға негіз болатын білімдері мен біліктіліктері.

Иллокутивтік акт – сөйлеушінің жүзеге асырып отырған локутивтік актісінің нәтижесі, яғни айтқан сөзіне белгілі бір мағынаны жүктеуі, өзіндік коммуникативтік интенциясын локутивтік актісінің нәтижесі арқылы өз коммуникантына білдіруі.

Коммуникативтік стратегия – тұлғаның санасында тілдік қарым-қатынасқа дейін пайда болатын оның сөйлеу актісін жүзеге асыру жоспары.

Коммуникант – кез келген сөйлесім жағдаятына, коммуникативтік актіге қатысушы адресант пен адресат.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі – иллокутивті мақсаты айтушының адресатқа, өзіне не үшінші бөгде жаққа бағышталған материалдық немесе рухани қалауымен шартталатын, белгілі бір қоғамдағы сөйлеу әдебіне сай алдын-ала ойластырылған мақсатты сөйлеу әрекеті. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің негізгі екі семантикалық түрі алғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі және қарғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі.

Қатысымдық құзыреттілік – тұлғаның тілдік қатысым барысында сөйлесім жағдаятының әлеуметтік, психологиялық аспектілерін терең игеріп, грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған қатысымдық бірліктерді қолдана отырып, тұлғааралық тілдік қарым-қатынас құра алу қабілеттері мен біліктіліктері.

Локутивтік акт – белгілі бір тілдік қарым-қатынас үрдісі барысында коммуниканттардың бірінің саналы түрде кез келген мақсатта тілдік бірліктерді жұмсауы (яғни айтуы, немесе соларды қолданып өз ойын жеткізуі).

Прагматика – тұлғааралық тілдік қарым-қатынастың қатысымдық бірлігі болып есептелетін сөйлеу актілерін, олардың сөйлесім жағдаятындағы қолданысын және сөйлеу актілері мен оларды жүзеге асырушы коммуниканттары арасындағы байланысты саралайтын тіл білімінің саласы.

Сөйлеу актісі – белгілі бір әлеуметтік тілдік ортада қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу әрекеті.

Сөйлесім жағдаяты (коммуникативтік жағдаят) – әртүрлі әлеуметтік-тілдік ортада орын алатын тұлғааралық тілдік қарым-қатынас.

Стратегиялық құзыреттілік – тұлғаның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты біліктіліктері мен білімдері.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің негізгі мақсаты – жаһандану және нарықтық экономикалық жағдайда жан-жақты қалыптасқан, функционалдық сауаттылығы, шығармашылық қабілеттері мен адами қасиеттері жоғары болашақ жас мамандарды даярлау. Ғылымның қарыштап дамуы мен шектес ғылымдардың өзара тоғысуы аталмыш мақсатқа қол жеткізуіміз үшін өзіндік септігін тигізіп, негізгі тіректерінің біріне айналмақ. Оған дәлел – тіл білімі ғылымында тілдік бірліктердің қарым-қатынас кезіндегі қолданысын саралайтын лингвистикалық прагматикалық зерттеу жұмыстарының сандық және сапалық жағынан артуы мен қазақ тілін оқыту әдістемесінде берілген тілдік бірліктерді қатысым кезінде нәтижелі қолдануға баулитын қатысымдық оқыту әдісінің басымдыққа ие болуы.

Тіл білімі ғылымы мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің осы жетістіктері студенттерді кез келген әлеуметтік-тілдік орта өкілдерімен түрлі сөйлесім жағдаятында өзіне қалаулы тілдік қарым-қатынас құруға дағдыландыруда беретіні мол. Демек, келтірілген жетістіктер мен бүгінгі ғылымның потенциалдық мүмкіншіліктерін қолданып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту студенттердің өз ойлары, пікірлері, қалаулары мен тілектерін еркін, дұрыс, тиянақты, әрі түсінікті жеткізе білуге баулымақ.

Ал ол қазіргі кезеңдегі білім алушылардың функционалдық сауаттылығының жоғарылығы мен қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасқандығының көрсеткіші. Сондықтан қазақ тілін үйреніп жүрген студент айтайын деген ойын дұрыс та нақты құрастырып, пікірлерін ана тілінде қатысым барысында орынды қолдана білуі керек. Бұған мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп те жатыр. Мәселен, «Қазақстан – 2050: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиялық маңызы жоғары құжатта: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек», – делінсе [1], Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», – делінген [2]. Демек, ендігі кезекте біз қазақ тілін жас ұрпаққа, әсіресе филолог, педагог мамандарға оқытуда ана тіліміздің тек грамматикалық ережелерін ғана емес, сонымен қатар өмірдің барлық саласында, соның ішінде күнделікті өмірде орын алатын түрлі әлеуметтік-тілдік орта өкілдерімен қарым-қатынасқа түсудің жолдарын, тілдік бірліктерді өздерінің коммуникативтік діттемесінің

аясында оңтайлы қолдануды үйретуіміз қажет. Сонда ғана олардың бойында тілді оқытудың соңғы нәтижесі болып есептелетін қатысымық құзыреттіліктер қалыптасып, дами түседі. Нәтижесінде, жоғары оқу орны студенттерін тұлғаның қатысым құруының негізгі мақсаттарының бірі болып табылатын ішкі қалауы мен тілегін түрлі тілдік қатысым жағдаятында әлеуметтік-тілдік нормаларды сақтай отырып, орынды жеткізуге дағдыландыра аламыз. Ал қазақ тілін қатысымдық оқыту барысында студенттің өз қалауы мен тілегін түрлі сөйлесім жағдаятында әртүрлі әлеуметтік орта өкілдеріне нәтижелі жеткізуге негіз болатын қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырып, дамыту зерттеу жұмысының әдістемелік тұрғыдан өзектілігі болса; лингвистикалық тұрғыдан өзектілігі – тілдік қатысым кезіндегі коммуниканттардың қалауы мен тілегін жеткізу құралы болып есептелетін айтылымдарды қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері деп алып, оның адресант пен адресат қостағанына, коммуникативтік дiттемелеріне, сөйлеу стратегиялары, сөйлесім жағдаяттарына қатысты прагматикалық, дискурсивтік-прагматикалық, пропозиционалдық аспектілерін саралау.

Жоғары оқу орны білім алушыларына қазақ тілінің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуда олардың шығармашылық ойлауын, рухани тілдік қатысымдық дағдыларын дамыту, оқу пәндерінің материалдарын меңгерту көзделеді. Сол арқылы студент жеке тұлға, білікті маман, өз ойын толық жеткізетін кәсіп иесі ретінде тәрбиеленеді. Аталған мақсатқа жетуде қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесінің берері мол. Олай дейтініміз, әдістеме ғылымы білім берудің мақсаты мен міндетіне сай қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, яғни болашақ маманның кәсіби дайындығының сапасын көтерудің жолдарын қарастырады.

Тіл білімінде қалау, тілек мәнді сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық және функционалды-грамматикалық ерекшеліктері туралы: Е.В.Вдовина, Н.Ардалан, М.К.Гусаренко, Р.Пишгадам, Ш.Шарифи, А.Каримипо, Н.А.Трофимова, Е.В.Алтабаева, Е.Е.Корди, Н.Н.Орлова, С.Омарбеков, Ф.Р.Ахметжанова, Ж.Қ.Ғафурова, В.В.Белоусова, Т.Н.Распопова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылығын.

Оқыту үдерісін қатысымдық тұрғыдан жүргізудің әдіс-тәсілдері мен қағидаттары жөнінде пікірлер мен құнды тұжырымдар Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова, Ф.Абдразақова, С.Нұрғали, Г.Тұрсынова, Р.Ш.Әбдісүлейменова, Ж.Нұржан, Дж.С.Ричардс, Т.С.Роджерс, В.Литтлвуд, М.Ф.Пател, М.Дж.Правин, Ф.Клиппел және т.б. ғалымдардың еңбектерінде талқыланған.

Жоғарыда айтылған еңбектерде көрсетілген теориялық материалдың негізінде қалау, тілек мәнді сөйлеудің дискурса қатыстылығы мен пропозиционалдық мазмұны, сондай-ақ перлокутивтік прагматикасын қатысымдық тұрғыдан алғаш рет саралап, оны оқыту жолдарын қарастыру зерттеу жұмысының өзектілігін білдіреді.

Зерттеу нысаны – қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыда оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыда оқыту әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты – қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің прагматикалық табиғатын зерделеу, оны қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесін ұсыну.

Осы мақсаттан мынадай **міндеттер** туындайды:

- қалау, тілек мәнді сөйлеу актісіне байланысты зерттеулерді саралап, оның прагматикалық табиғатына сай келетін анықтамасын беріп, адресант және адресат қостағанына байланысты аталмыш сөйлеу актілерінің прагматикалық, дискурсивтік-прагматикалық аспектілерін қарастырып, қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді айтылымдардың лингвистикалық жасалу жолдары мен оптативтілік мағына көрсеткішінің сипатталуына қарай түрлерін анықтау;

- қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытудың психологиялық және педагогикалық негіздерін анықтап, ойлау-сөйлеу актісі арасындағы байланысты зерделеу. Баяншының қатысымға дейінгі кезеңде қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін жұмсаудағы иллюкутивтік дйттемесіне жету үшін басшылыққа алатын коммуникативтік стратегияларын анықтап, қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді айтылымдарды қатысымдық тұрғыдан оқыту үдерісінде оқытушының басшылыққа алатын дидактикалық ұстанымдарын қарастыру;

- жоғары оқу орнында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің бүгінгі таңдағы оқыту жайын қарастыру;

- қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған тиімді әдістерді айқындап, «Прагматикалық лингвистика» пәнінің аясында қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда жоғары мектеп білім алушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін құрып, олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу;

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері. Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздеріне психология ғылымындағы ойлау – сөйлеу – сөйлеу әрекеттері арасындағы байланыс, интенция, сөйлеудің фазалары, сөйлеу әрекетінің сатылары туралы ғалымдардың тұжырымдары мен пайымдаулары; лингвистикадағы прагматикалық лингвистика, сөйлеу актілері, сөйлеу стратегиялары мен тілдік қатынас теориясы жайындағы лингвист ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелері, педагогика саласындағы қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру жайындағы теориялар мен жаңа бағыттар негізге алынды.

Зерттеу болжамы: Егер тұлғааралық тілдік қарым-қатынастың функционалдық бірліктерінің бірі болып есептелетін қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің прагматикалық аспектілері кешенді түрде айшықталып, тіл білімінің аталмыш бірлігі жоғары мектепте «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын білім алушыларға оқылатын «Прагматикалық лингвистика» пәнінің дәрісбаяндары мен практикалық сабақтары барысында қатысымдық тұрғыдан оқытылса, онда біріншіден, болашақ педагог мамандар

тілдік қатынастың теориялық аспектілері жайында теориялық ақпараттармен қаруланады, екіншіден, тілдік яғни грамматикалық құзыреттіліктерімен қатар әлеуметтік-мәдени, стратегиялық секілді қатысымдық құзыреттіліктерінің құрылымдық компоненттері болатын құзыреттіліктері жан-жақты жетіледі, үшіншіден, мамандардың функционалдық сауаттылығына басымдық берген бүгінгі таңда кез келген әлеуметтік тілдік орта өкілімен сөйлесім жағдаяты барысында өз ойы мен қалауын еркін жеткізе біледі, төртіншіден, тілдік қатынас барысында өз адресанты жолдаған айтылымына басшылық етіп отырған сөйлеу стратегиясын еркін ажырату қабілеті жетіледі, бесіншіден, жоғарыда айтылған болжамдардың түйіні ретінде сөз мәдениеті, функционалдық сауаттылығы мен қатысымдық құзыреттілігі қалыптасады.

Жетекші идея: Оқыту үдерісінде қалау, тілек мәнді сөйлемдерді қатысымдық тұрғыда оқытса, студенттердің жеке тұлға ретінде дамуына, оқу-танымдық әрекеттерінің жандануына, білімді жан-жақты меңгеруіне, тілдік қатынаста өз ойын дұрыс әрі толық жеткізуіне игі ықпал етеді.

Зерттеудің әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысында студенттердің әрекетінің нәтижесін салыстырмалы қорыту, құрылымдық-семантикалық талдау, когнитивті сипаттау, тілдік деректерді кешенді семантика-прагматикалық талдау, салыстыру, жүйелеу, нақтылау, ассоциациялық әдістері арқылы сараланып, әдіскерлердің озат тәжірибелерін талдау-жинақтау, қорыту, эксперимент нәтижелерін тексеріп жүйелеу, математикалық-статистикалық әдістер, саралау, қорыту қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық табиғатын толыққанды аша алатын анықтамасы беріліп, қазақ тіліндегі сөйлесім жағдаяты барысында адресанттың аталмыш сөйлеу актілерін айту уәжділіктері анықталып, олардың тұлғааралық тілдік қатысымда атқаратын қызметтері қарастырылды;

- қазақ тіліндегі тілдесім әрекеті барысында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін айтуда сөйлеушінің басшылыққа алатын коммуникативтік стратегияларының классификациясы жасалды;

- жоғары оқу орнында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне байланысты студенттердің қатысымдық, дәлірек айтқанда, тілдік, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйесі ұсынылды;

- қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған тиімді деп танылған дәріс және қатысымдық әдістерінің амал тәсілдері сараланды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы қазақ тілінің лингвистикалық жағына да ана тілімізді оқытудың әдістемелік жағына да қатысты болмақ. Лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жұмысын орындау үрдісі барысында қол жеткізілген нәтижелер қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін прагматикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырған зерттеу жұмысы ретінде қазақ тіліндегі прагматикалық

лингвистика саласын теориялық тұрғыдан қажетті де маңызды ақпараттармен толықтырмақ. Әдістемелік тұрғыдан жоғары мектептерде қазақ тіл білімінің бүгінгі күндегі өзекті де негізгі салаларының бірі ретінде оқытылатын «Прагматикалық лингвистика» пәнін оқыту әдістемесін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Аталмыш пән аясында сөйлеу актілерін оқыту мәселесін әрі қарай тереңірек саралауға өзіндік септігін тигізді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер, яғни жоғары мектеп білім алушыларының әлеуметтік-мәдени, тілдік, стратегиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы студенттердің қатысымдық құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтары артпақ. Сондай-ақ әртүрлі сөйлесім жағдаятында өз ойы мен ішкі қалауын оңтайлы жеткізе білетін жас мамандар даярланбақ. Жалпы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселесін қарастыруға арналған аталмыш зерттеудің нәтижелері «Прагматикалық лингвистика» пәнін оқыту үрдісін қатысымдық функционалдық тұрғыдан ұйымдастыруға өзіндік септігін тигізеді. Сонымен қатар зерттеу қорытындылары магистрлік және философия докторы атағын алу үшін орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру кезінде пайдалы болмақ.

Педагогикалық эксперименттік тірек – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезеңде (2013-2014 жж.) зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты библиографиялық жұмыс жүргізілді. Тақырыпқа байланысты лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектер қарастырылып, жоғары оқу орындарында студенттердің лингвистикалық прагматика, лингвистикалық прагматиканың қатысымдық сипаты, сөйлеу актілері, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері туралы білімдерін тексеру мақсатында сауалнамалар мен тапсырмалар берілді. Осының негізінде ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, пәні мен болжамы айқындалды. Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытудың жетекші идеясы белгіленді. Студенттердің оптаивті прагматика туралы білімдері мен біліктерін тексеруге арналған анықтау эксперименттері жүргізілді.

Екінші кезеңде (2014-2015 жж.) ғылыми-әдістемелік әдебиеттер жүйеленді, алдыңғы қатарлы педагог-әдіскерлердің жұмыстарына сүйене отырып, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытудың тиімді жолдары қарастырылды. Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған оқыту эксперименттері өткізілді. Студенттердің прагматикалық лингвистикаға байланысты білімдері мен біліктерін жетілдіруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі іріктеліп, әдістеме жүйеге келтірілді. Оқытудың даралап және топтап оқыту түрлері мен тиімді әдістері сұрыпталып алынды.

Үшінші кезеңде (2015-2016 жж.) Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған алдыңғы кезеңдерде анықталып, сараланған әдістеме іске асырылды. Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытудың тәжірибе материалдары тексеруден өткізіліп, нәтижелері жинақталып, тексеріліп, қорытындыланды.

Қорғауға ұсынатын тұжырымдар.

- Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық табиғатын кешенді түрде анықтау үдерісінің нәтижелері «Прагматикалық лингвистика» пәнін теориялық ақпараттармен толықтырса, аталмыш айтылымдардың лингвистикалық жасалу жолдары мен олардың оптаивтік мағына көрсеткішінің сипатталуына қарай түрлерін зерделеу берілген айтылымдарды қатысымдық тұрғыдан оқытудың лингвистикалық негіздерін қарастыруға негіз болмақ;

- Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің психологиялық, педагогикалық негіздерін саралап, оларды айтуда адресант ұстанатын сөйлеу стратегиялары мен қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда оқытушы басшылыққа алатын дидактикалық ұстанымдарын саралау аталмыш сөйлеу актісін оқытудың тиімді әдістерін таңдап, әдістемесін жасауға негіз болады;

- Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлемдердің «Жай сөйлем синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі» пәндерінің тақырыптық мазмұны аясында синтаксистік тұрғыдан оқытылуы оларды оқыту үдерісінде прагматикалық, әлеуметтік-прагматикалық және дискурсивтік-прагматикалық аспектілерінің қарастырылуы кенже қалып отырғанын аңғартады;

- «Прагматикалық лингвистика» пәні аясында қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған тиімді әдістерді саралап, аталмыш әдіс-тәсілдермен қатар білім алушылардың әлеуметтік-мәдени, стратегиялық, лингвистикалық құзыреттіліктері мен шығармашылық, қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған түрлі жаңаша әдістемелік жүйе сабақ барысында қолдану олардың қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіре түспек.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша 14 ғылыми жұмыс жарияланған. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері келесі халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды, оның ішінде 2 ғылыми баяндама алыс шетелде The Fifth European Conference on Languages, Literature and Linguistics, «Humanities and Social Sciences in Europe: Achievements and Perspectives» Proceeding of the 8th International symposium Австрия, Вьенна қаласында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда: 3 ғылыми баяндама Қазақстан Республикасының келесідей халықаралық ғылыми конференцияларында: «Қазақстан-2050» стратегиясы-жоғарғы оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

материалдарында, «Қазақ мемлекеттілігіндегі қазақ хандығының орны» Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткен Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында, «Жаһандық бәсекелестік жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарында жарық көрді. Жалпы ғылыми баяндамалар саны 5. Ғылыми мақалалар саны 8, оның ішінде 5 ғылыми мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін баспаларда жарық көрген. Сонымен қатар 2 ғылыми мақала Scopus базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда жарық көрді. 1 мақала алыс шетелдегі ғылыми басылымда жарық көрді. «Лингвистикалық прагматика негіздері» атты 1 оқу құралы жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспе, екі бөлім және қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар берілген.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАЛАУ, ТІЛЕК МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТІСІН ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі мәселесінің тіл білімінде зерттелуі

Қазіргі кезеңде елімізде жүріп жатқан ғылыми жаңалықтар, ғылымның алға даму бағыттары тілдің функционалды қызметіне деген көзқарастарды түбегейлі өзгертті. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана болмай, сонымен қатар сол тілде сөйлесіп жүрген тұлғалардың ішкі сезімдері мен тілектерін көрсететін, білдіретін құрал ретінде қарастырылуда. Сондықтан тіл антропоцентристік тұрғыдан іргелі зерттеу нысанына айналды. Бұл тілшілер қауымдастығының алдына көптеген міндеттер қойды. Тіл білімі теориясының жаңаша дамуы студенттерге оқытылатын оқу материалдарын жаңаша іріктеуге, тілді қатысымдық тұрғыдан оқытуда субъектіге бағыттай оқытудың тиімділігін арттыруға баса көңіл бөлуді талап етті. Сол арқылы білім алушының өз қабілетін қалыптастыруға, оның тәжірибелік, зерделік іс-әрекетін жетілдіруге, ойы мен белсенділігін дамытуға, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінді.

Кез келген тілдік қатынаста сөйлеушінің қалауы, тілегі ескерілмесе, онда сөйлеушінің ішкі қажеттіліктері орындалмайды. Ол алдына қойған қатысымдық мақсатты толығымен жүзеге асыра алмайды. Сөйлеуші - тек қарым-қатынасты жүзеге асырушы ғана емес, оның субъектісі де. «Сондықтан сөйлеушінің өз сөзінде тілдің функционалды тармақтарының ерекшелігін, тілдің прагматикасының шарттарын ескеруі маңызды болып саналады. Яғни әдеби тіл стильдерінің ерекшелігін білумен қатар, өзінің коммуникативтік мүддесіне сай сөйлеу тілінің мақсаты мен тілдік құралдарын айқындап, оларды қарым-қатынас жағдаятына лайықтап, дұрыс қолдануы керек. Егер ғылыми дискурста, ресми дискурста, публицистикалық дискурста, сөйлеу тілінде олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері ескерілмесе, онда, біріншіден, сөйлеушінің өзінің көздеген мақсатына жетуі неғайбыл, екіншіден, бұл сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін көрсетеді» [3, б. 44]. Демек, тілдік қатынаста сөйлемдер жүйесіз құрылмай, айтушының қалауы мен тілегіне сай жүзеге асқан сөз актілері ғана сәтті болып, өзінің коммуникативтік мақсатын орындайды. Сондықтан тілдік қатысымда адресанттың ішкі қалауы мен тілегі бірінші орынға шығады. «Себебі сөздің коммуникативтік сапасы туралы айтылғанда, басты мәселе мәтінмен шектелмейді, ең негізгісі адресат факторы басты назарда болады. Коммуникативтік «уақиға» фреймі – автор, сөз актісі – адресат және сөз жағдаяты деген құрылымдардан тұрады. Мұнда «диалог» концепциясы бойынша адресат позициясы басымдылыққа ие болады» [4, б. 28]. Яғни тілдік қатынастың жүзеге асуы үшін, біріншіден, сөйлеу актісі болуы керек, өз кезегінде сөйлеу актісі сөйлеушінің қатысымдық мүддесіне, оның қатысым барысында алға қойған мақсатына байланысты. Ал сөйлеу актісін, сөйлеушінің коммуникативті мақсатын, қалау, тілегін тіл білімінің прагматика саласы қарастырады.

Сөйлеу актісі көпқырлы, көпдеңгейлі құбылыс болғандықтан, сөйлеу тілінің прагматикасы да тұтас бір әмбебап ережелер тобы болып табылады. Мұның дәлелі ретінде әртүрлі зерттеушілердің прагматиканы түрлі аспектіде қарастыруын келтірсек болады. Мысалы, сөйлеу актісі теориясының негізін қалаушылар Дж.Остин мен Дж.Серль прагматиканы сөйлеу актісінің иллокутивті компонентіне және иллокутивті қызметінің көрсеткішіне жатқызады. Ч.Морристің зерттеулері негізінде тіл білімінде прагматика сөйлеушілердің белгілерге қатынасы ретінде анықталады. Ғалымның пікірінше, прагматика таңбалар мен олардың интерпретаторлары арасындағы байланысты зерттеуге арналған ғылым саласы. ... Өз кезегінде аталмыш интерпретаторлар белгілі бір тіршілік иелері болғандықтан прагматикаға таңбалардың қолданысы кезінде орын алатын барлық дерлік психологиялық, биологиялық және әлеуметтік құбылыстарды қарастыруға тура келеді [5, б. 43].

Р.С.Столнейкер прагматика жайлы «Прагматика лингвистикалық актілер мен олардың жүзеге асатын тілдік қатысымының мәнмәтінін зерттейді. Аталмыш саланың өз шешімдерін талап ететін келесідей екі мәселесі бар. Олар: біріншіден, сөйлеу актілері мен сөйлеу әрекеті өнімдерінің қызықты түрлерін анықтау; екіншіден, тілдік қатысымда айтылым ретінде жұмсалып отырған сөйлемнің астарында нендей мағына жатқанын анықтауға өзіндік септігін тигізетін сөйлесім мәнмәтінінің сипатын анықтау. Мәселен, иллокутивтік актілерді анализдеу жұмыстарын бірінші мәселенің төңірегінде жүзеге асыралатын іс-әрекеттерге жатқызсақ, индексикалды айтылымдарды зерделеу екінші мәселенің өзінің жүзеге асуын талап ететін амалы», – деген тұжырымдамасын келтірген [6, б. 34]. Ғалымның берілген пайымдауындағы «лингвистикалық акт» – тілдік бірліктерді коммуниканттардың сөйлесім жағдаятында қолданып бұйыру, уәде беру, болжау, т.с.с. әрекеттерді жүзеге асыруы. Яғни Р.С.Столнейкердің лингвистикалық актісі – сөйлеу актісі.

Демек, ғалымның тұжырымдауына, прагматикалық лингвистиканың бірінші зерттеу нысаны қатысымның бірлігі болып есептелетін әртүрлі сөйлеу актілері болса, екіншісі, сол айтылымға және оның мазмұнына сөйлесім жағдаяты мәнмәтінінің әсері. Сонымен қатар Р.С.Столнейкер прагматикалық лингвистиканың міндеттерінің бірі ретінде сөйлеу актісінің сәтті жүзеге асуына қажетті жағдайларды саралау кіретіндігін айтты. Ғалым бұл типтегі жағдайларға сөйлеушінің дйттемесін, білімін, сенімдерін, сөйлеуші мен оны тыңдаушыларының тілдік қатысымды құруға негіз болған қызығушылықтары мен одан күтетін нәтижелерін, қатысымда орын алатын өзге де айтылымдарды жатқызды [6, б. 34-35].

Ю.С.Степанов болса, өз еңбектерінде «Прагматика» терминін ғылыми айналымға әкелген Ч.Морристің тұжырымдамаларын негізге ала отырып, «Прагматикалық лингвистика тілдік бірліктер мен оларды тілдік қатысымды қолданушы коммуниканттардың арасындағы түрлі деңгейдегі қарым-қатынасты кешенді түрде айшықтайтын сала» деген пайымдау келтірген [7, б. 325].

Т.А. ван Дейк прагматиканы лингвистиканың мәнмәтін мен тіл арасындағы байланысты жүйелі түрде қарастырған саласы ретінде танып, оның тілдік бірліктердің қолданысы мен олардың атқаратын қызметтерін зерттейтіндігін айтқан. Ғалым прагматикалық лингвистика зерттеу нысандарына сөйлеу актілерін, сөйлеу максималарын, сөйлесім барысында коммуниканттардың ұстанатын сыпайылық стратегияларын және прессупозицияларды жатқызады [8, б. 13].

Прагматика жайлы өзінің аттас еңбегінде Дж.Юл оған келесідей анықтама келтіреді: «Прагматика сөйлеуші білдірген, яки айтқан тыңдаушы қабылдаған мағыналарды зерттеу мәселесін қарастырады. Нақтырақ айтқанда, ол адамдар айтқан айтылымдардағы сөздер мен сөз тіркестердің не білдіретіні емес, керісінше, ол айтылымдар арқылы адамдар қандай мағына білдіргісі келетінін анализдеумен айналысатын тіл білімі саласы. Демек, прагматика ол сөйлеушінің тілдік қарым-қатынас кезіндегі өзінің тыңдаушысына айтатын мағынасын зерттейді» [9, б. 3].

Сонымен қатар прагматикалық зерттеулер адамдардың белгілі бір мәнмәтінде не білдіретінін және олардың осы айтқан сөздеріне сол мәнмәтіннің қалай ықпал ететінін зерттеуді талап етеді. Бұл арада сөйлеушінің өз сөзін кіммен, қашан құрғандығын зерттеу назарынан тыс қалдырмау қажет. Демек, прагматика сөйлеушінің жеткізген мағынасын мәнмәтінмен байланыста қарастырады.

Прагматика белгілі бір дәрежеде адресаттың сөйлеушінің ішкі мағынасын түсіну үшін оның сөйлеген сөзінен қалай шешім шығарғанын да күмәнсіз сараламақ. Демек, прагматика айтылмаған ойдың да айтылған сөздер арқылы аңғарылуын зерттейді [9, б. 3].


Бұл мәселеге тоқталған У.Баблитц пен Н.Норриктің «Foundations of Pragmatics» (Прагматиканың негіздері) деген анықтамалық кітабында «Прагматика коммуникативтік әрекет пен оның контекске сәйкестігін қарастырады. Прагматикалық зерттеулер коммуникативтік аталмыш әрекет не, қандай әрекет коммуникативтік әрекет ретінде есептеледі, ондай әрекет неден тұрады, қандай жағдайлар әрекеттің контекске сәйкестігін қанағаттандыра алады және әрекет контекспен қалай байланысады деген сұрақтарға жауап береді» - деп, прагматикалық зерттеулердегі контекстің рөлінің ерекшелігін айтқан [10, б. 23].

Бұл анықтамадағы контекс сөзінің кең ауқымды түсінік, оған алдыңғы айтылған айтылымдар, сөйлесім жағдаятына қатысушылар, олардың өзара қарым-қатынасы, олардың коммуникативтік мақсаттары мен сөйлесім жағдаятының әлеуметтік аспектілер жатады [11, б. 136].

Прагматикадағы контекстің маңыздылығы жайында К.Браун мен Дж.Миллер де өздерінің «The Cambridge Dictionary of Linguistics» (Кэмбридждің лингвистикалық сөздігі) атты сөздігінде берілген тұжырымдамасында ескерген. «Бүгінгі таңда прагматика тілдің контекстегі қолданылу жайымен айналысады. Прагматика сөйлеуші мен жазушы тілді қолдану кезінде жүзеге асыратын әрекетін, жазылған не айтылған нәрсенің

ауқымынан тыс тыңдаушы немесе оқырманның бай интерпретациясын құрастыруға негіз болатын қорытындыларын, нақты сөйлесім жағдаятына ненің орынды екенін реттеп отыратын конвенцияларды қамтиды» [12, б. 352].

Дж.Ричардс пен Р.Шмидт «Longman dictionary of language teaching and applied linguistics» (Лонгманның тілді оқыту және қолданбалы лингвистика сөздігі) атты сөздігінде прагматика және оның зерттеу сұрақтары жайында «Прагматика тілдің қарым-қатынас барысындағы қолданысын, дәлірек айтқанда, сөйлем мен контекстің және оның қолданылған жағдаяты арасындағы байланысты зерттейді». Сонымен қатар прагматика келесідей зерттеу сұрақтарын қамтиды (Сурет 1):



Сурет 1 – Дж.Ричардс пен Р.Шмидт «Longman dictionary of language teaching and applied linguistics» атты сөздігінде берілген лингвистикалық прагматиканың зерттеу сұрақтары [13, б. 412].

Отандық лингвист ғалымдарымыздан прагматикалық лингвистика саласын зерттеу нысаны етіп жүрген З.Ш.Ерназарова тіл білімінің аталмыш саласындағы негізгі ядролық зерттеу нысаны ретінде дискурс ұғымын танып, прагматиканың өзін дискурс пен сол дискурсты құрушы, тұлғааралық тілдік қарым-қатынасқа қатысушы тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы өзара тығыз қарым-қатынасты зерттейтін лингвистика саласы деп анықтаған [14, б. 200].

Р.К.Кенжеқанова: «Прагматиканың негізгі ұғымдары ол – адресат пен адресант ұғымдары. Бұл екі ұғым үнемі тығыз байланыста және өзара арақатынаста болады. Бірінсіз-бірі коммуникация кезінде коммуниканттар көздеген коммуникативтік мақсат өз мәресіне, діттеген прагматикалық міндетіне жете алмайды» [15, б. 14].

Демек **прагматика**, біріншіден, белгілі бір мақсатқа жетуде қатысымдық бірліктерді қолдану ережелері, ал екінші жағынан, хабар жолданушының тілдік белгінің түсінуі; әрине, түсінік беру ережелері белгілерді қолдану ережелерінің

өзіндік бір экстраполяциясы болып табылады. Егер лингвистикалық прагматика жайлы сөз қозғайтын болсақ, онда прагматиканың дәл осы түрі оптативтердің коммуникативті-лингвистикалық болмысына түсінік беруде белгілі бір рөл ойнай алады [16, б. 44].

Қ.Есенова прагматикалық лингвистика саласындағы зерттеулер тілдік қарым-қатынастың өнімі болып табылатын айтылымдардың астыртын мақсаттарын, тілдік қарым-қатынас барысында коммуниканттар ұстанатын сөйлеу максималары мен тактикаларын, сөйлесім жағдаятына қатысушы адресант пен адресат қостағанына байланысты әлеуметтік мәнмәтінін, қарым-қатынас әдебін саралайтынын айтқан [17, б. 14]. Осыған ұқсас пікірді Г.Аманбаева өзінің ғылыми жұмысында атап көрсетеді [18].

Ч.Моррис прагматика жайындағы пайымдауында айтқан таңба мен оны қолданушы арасындағы байланыс тұлғааралық қарым-қатынас, яки коммуникация барысында орын алмақ. Жалпы прагматиканың негізгі зерттеу нысаны, әрі сол тілдік коммуникацияның функционалдық бірлігі ретінде қолданылатын айтылым – ол, **сөйлеу актісі** [13, б. 498]. Сөйлеу актілеріне байланысты қысқа әрі нұсқа осы бір анықтаманы берген Дж.Ричардс пен Р.Шмидттің «Longman dictionary of language teaching and applied linguistics» сөздігінде сөйлеу актілерінің теориясында сөйлеу актісінің екі мағынасы болатыны баяндалған. Олар:

1. Пропозициялық мағына (сонымен қатар локутивтік мағына ретінде белгілі) – сол айтылымның құрылымы мен ондағы сөздердің тікелей мағынасын түсіну арқылы қол жеткізуге болатын тікелей мағына.

2. Иллокутивтік мағына – бұл айтылым немесе жазылған тексттің тыңдарманына немесе оқырманына ықпалы. Мәселен, «*Мен шөлдедім!*» деген айтылымның пропозициялық мағынасы адресанттың физикалық күйін білдірсе, иллокутивті мағынасы ретінде адресанттың адресатқа айтқан қалауы мен тілегін білдіретін қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі болуы ықтимал.

Дж.Ричардс пен Р.Шмидт айтқан сөйлеу актілерінің функционалдық табиғаты жайында Дж.Юль «сөйлеу актілерін айтылымдар арқылы жүзеге асатын әрекеттер» - деп, түсіндірсе [9, б. 47], Дж.Садок «Сөйлеу актілерін – сөйлеу үрдісінде жүзеге асатын іс-әрекеттер» - деп, тұжырымдаған [19, б. 53].

Ал А.Круз «Қарым-қатынасқа түсу үшін біз белгілі бір иллокутивтік күші бар сөйлем айтуымыз қажет, солай істеудің нәтижесінде біз қорқыту, ескерту және т.с.с. сөйлеу актісі деп атауға болатын іс-әрекеттерді жүзеге асыра аламыз» - деп, сөйлеу актілерінің санатына нендей әрекеттерді топтастыруға болатынын саралады [20, б. 331].

Жалпы, сөйлеу актісі, әрі сөйлеу арқылы адамдардың сөйлеуден басқа белгілі бір іс-әрекет жасауға мүмкіншіліктері бар екендігіне алғашқы болып тіл философиясында назар аударған – Дж.Остин.

Ол өз еңбегінде сөйлемдер рас немесе жалған болудан басқа, оларды адамдар тұлғааралық қарым-қатынас кезінде айтылым ретінде жұмсау арқылы сөйлеуден өзге сан алуан іс-әрекеттер жасай алады деді. Әрі ол кісі үйлену тойы дискурсінде жас жұбайлар «Келісемін!» дей отырып, бұл айтылымды

айтудан өзге үйлену амалын орындайтынын мысалға алды. Бұл топтағы айтылымдарға Дж.Остиннің еңбегінде **перформативті айтылымдар** деп айдар тағылды. Осы типтегі айтылымдардың Дж.Остин атап өткен ерекшелігі олардың перформативтік етістіктерінің болуы [21].

Дегенмен «сөйлеу актісі» терминін ғылым сахнасына әкелген ғалым ол терминді айтылым мен айтылым орын алған жағдаятқа сілтеме жасау үшін қолданған [22, б. 51].

Өз кезегінде Дж.Остин тұлғаның сөйлеу актісін жүзеге асырған кезде үш түрлі актінің орын алатындығын дәлелдеген. Олар: локутивтік, иллокутивтік және перлокутивтік актілер. Әйтсе де, ғалым келтірілген актілерге нақты анықтама беруден гөрі олардың әрқайсысына сай мысалдар келтіруді жөн көрді.

1. Локутивтік акт – айтылымды айту актісі; айтылымды берілген тілдің грамматикалық ережелеріне сай дұрыс құру [23, б. 51]. Сонымен қатар, локутивтік актілер – қатысымға түсу үшін орын алатын актілер [24, б. 8]. Кез-келген тұлғааралық тілдік коммуникация орын алуының негізгі алғышартының бірі – ол коммуниканттардың бір-бірімен тілдік бірліктерді қолданып ақпарат алмасуы. Сонда ғана сөйлесім жағдаяты орын алмақ. Яғни белгілі бір тілдік қарым-қатынас үрдісі барысында коммуниканттардың бірінің саналы түрде кез келген мақсатта тілдік бірліктерді жұмсауы (яғни айтуы, немесе соларды қолданып өз ойын жеткізуі) – локутивтік акт болмақ. Локутивтік акт нәтижесі – адресанттың грамматикалық құзыреттіліктеріне сүйене отырып, өзінің адресатына айтқан сөзі. Ол сөздің мағынасы бір немесе бірнеше болуы ықтимал [25, 70].

2. Иллокутивтік акт – локутивтік актіге мақсаттылық мәнін үстемелеп, коммуникативтік мақсатты жеткізу әрекеті [23, б. 51]. Әрі иллокутивтік актілер – интенцияларымызды адресатқа аңғарту арқылы орындайтын актілеріміз [24, б. 9]. Сөйлеушінің жүзеге асырып отырған локутивтік актісінің нәтижесі, яғни айтқан сөзіне белгілі бір мағынаны жүктеуі, өзіндік коммуникативтік интенциясын локутивтік актісінің нәтижесі арқылы өз коммуникантына білдіруі - иллокутивтік акт. Біздің тұлғааралық тілдік коммуникация барысында діттемемізді жеткізу құралымыз локутивтік акт болса, иллокутивтік акт – соның жемісі [25, б. 70-71].

3. Перлокутивтік акт – айтылған айтылымның ықтимал салдары, сөйлеу актісінен кейін туған адресаттың реакциясы [23, б. 51]. Перлокутивтік актілер – қатысым актілерінің субөнімдері [24, б. 8]. Иллокутивтік акттен кейін орын алатын сөйлеу актісіне тиісілі әрекеттердің бірі. Ол, яғни перлокутивтік акт тыңдаушының өз коммуникантының локутивтік актісінің астарындағы мағынасын дұрыс интерпретациялауы мен сол интерпретацияланған ақпараттың тыңдаушыға әсерін қамтиды [25, б. 71].

Бұл актілердің үшеуі де бірінен соң бірі емес, бір мезетте орын алып отырады [26, б. 57].


Ғалымдардың идеясын П.Ф.Страсон [27], Д.Франк [28], Дж.Ф.Аллен [29], Р.Әміров [30], З.Ерназарова [31], Б.Хасанұлы [32], Ф.Оразбаева [33], С.Нұрғали [34], Б.Ш.Мешінбаева [35] және т.б. ғалымдар одан әрі дамытты.

Ғалымдардың сөйлеу актісі және сөйлеу актісінің жіктемелері туралы пікірлері әртүрлі болса да, олардың пікірлері өзара үндесіп, толықтырылып, сөйлеу актісінің сан қырлы ерекшеліктерін талдап көрсетеді:

Н.Д.Арутюнова мен Е.В.Падучева сөйлеу актілерінің түрлерін, оларды қалыптастырушы ережелерді анықтау прагматиканың негізгі мақсаты болып табылатынын, сөйлеу актісінің негізінде әрекет ұғымы, оның мақсаты, содан туындайтын ықпал етуші қызметі иллюкуция жататынын атап көрсетеді [36, б. 152].

Демек, сөйлеу актісі – мақсаты, белгілі бір ережелерге бағынған, сөйлеушінің тыңдаушыға айтатын ойы құрастырылған әлеуметтік маңызы жоғары әрекеті.

Дж. Остиннің шәкірті американдық ғалым Дж.Серль ұстазының еңбектерін жалғастырып, Остиннің перформативтік айтылымдарының классификациясын жеткілікті дәрежеде толық емес деп, иллюкутивтік актілердің өзіндік классификациясын ұсынды. Осылайша Дж.Серль сөйлеу актілерін бес топқа бөлді (Сурет 2).



Сурет 2 – Сөйлеу актілеріне Дж.Серльдің берген классификациясы.

1. Коммиссивтер. Уәде мен қоқан лоқы секілді сөйлеушісін болашақта бір амалды жасауға міндеттейтін сөйлеу актілері. Оларға жоспарлау, уәде беру, бәсекелесу, қарсыласу және қоқан лоқы көрсету мәнді сөйлеу актілері жатады. Мысалы:

А. Егер төбелескендеріңді доғармасаңдар, мен қазір полиция шақырам (қорқыту мәнді сөйлеу актісі).

Ә. Сені ертең кинотеатрға алып барам (уәде беру мәнді сөйлеу актісі).

2. Декларативтер. Тұлғалардың өміріндегі сан алуан жағдаяттарды өзгертетін сөйлеу актілері. Мәселен, үйлену тойы дискурсында неке қиюшы АХАЖ қызметкері «Сіздерді ерлі зайыптылар деп жариялаймын» деу нәтижесінде үйленгелі тұрған жастарды заңның әрі көпшіліктің алдында олардың отбасылық жағдайын өзгертеді.

3. Директивтер. Ұсыныс және бұйрық іспетті тыңдаушысының түрлі әрекеттерді жүзеге асыруына түрткі болатын сөйлеу актілер. Оларға сұрау, бұйрық беру, кеңес беру мәнді сөйлеу актілері жатады Мысалы:

А.Отырыңыз!

Ә. Терезені жауып жібере саласыз ба?

4. Экспрессивтер. Белгілі бір оқиғаның орын алуына байланысты бір кісіге немесе сол жағдаяттың өзіне байланысты сөйлеушінің сезімдері мен көз-қарасын білдіретін сөйлеу актілері. Оларға кешірім сұрау, құттықтау, қалау, тілек, сәлемдесу қоштасу мәнді сөйлеу актілері жатады. Мысалы:

1. Рақмет қарағым, тамағың дәмді болыпты! Қолдарың дерт көрмесін!

5. Репрезентативтер. Хабарлама немесе пайымдау секілді түрлі жағдаяттар мен оқиғаларды мән жайын сипаттайтын сөйлеу актілері. Мәселен:

1. Бұл – неміс автокөлігі (хабарлау) [13, б. 499].

Ал қалау, тілек мәнді сөйлеу актісіне келер болсақ, қазақ тілінде бұл тілдік бірліктің санатына жатқызуға болатын ішкі құрамдас бөліктері грамматикалық, семантикалық, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу жұмыстарының нысаны болғанымен, бүгінге дейін арнайы прагматикалық аспекіден сөйлеу актісі ретінде сараланбаған. Сөйлеу актілерінің бұл түрі әлемдік лингвистикада да аз зерттелгеніне қарамастан, ерекше сөйлеу актісі болып табылады [37, б. 139]. Жаһандық ғалымдарға келер болсақ, олардың бір тобы аталмыш сөйлеу актісін тек құттықтау мәнді сөйлеу актісінің стратегиялық бөлімі ретінде анықтаса, енді бір тобы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің өзін емес, оның ішкі бата беру және қарғау секілді сөйлеу актілерін зерттеу нысанына айналдырған, ал үшінші топ өкілдері аталмыш сөйлеу актісінің прагматикалық табиғатының сипатына толыққанды жауап бере алатын анықтама бере алмаған.

Мәселен, ағылшын ғалымы К.Елвуд өзінің «“Құттықтаулар!”: Өзгенің қуанышына байланысты айтылатын құттықтаулардың мәдени аралық салыстырмалы зерттеулер» атты еңбегінде қалау, тілекті адресанттың сөйлеу әдебінен туындаған құттықтау стратегиясы деп таныған [38, б. 378]. К.Елвудтің бұл тұжырымына сүйенген Х.Дастйерди мен Н.Насри «Мәдениаралық құттықтау мәнді сөйлеу актілері: ағылшын, парсы және араб тілдерінің мысалы негізінде» деген мақаласында парсы, ағылшын және араб тілдеріндегі құттықтау мәнді сөйлеу актілерінің айтылуындағы мәдениаралық салыстырмалы зерттеулерін жүргізген [39]. Р.Пишгадам мен М.Могоддам парсы және ағылшын тілдеріндегі құттықтау мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық аспектілерін салыстырмалы түрде зерттей отырып, құттықтау

мәнді сөйлеу актісінің стратегияларын келесідей реттілікпен тізіп көрсетті. Олар:

- 1) құттықтаудың өзі
- 2) құттықтауға негіз болған оқиғаны меңзеу
- 3) жақсы тілек тілеу
- 4) толықтырушы сөздер [40, б. 139].

Ал Ш.Шарифи мен Каримипо күрд тілінің илами диалектісіндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің ішкі түрлері бата беру және қарғау мәнді сөйлеу актілерін семантикалық және құрылымдық компоненттерін зерттеуге арналған жұмыстарында қарғау мәнді сөйлеу актісін «бір кісі немесе бір затпен жамандықтың немесе зұлымдықтың орын алуын тілеу» деп анықтаса, бата беру мәнді сөйлеу актісін «біреуге Құдайдың қамқор болуын тілеу» деп тұжырымдаған. Әрі олар берілген сөйлеу актілерінің қатысымдық рөлінің маңызды екенін айтып, қатысым барысындағы олардың атқаратын қызметтерін, адресант пен адресаттың рөлдерін, адресанттың сөйлеу актісін айтуындағы уәжін талдаған [41, б. 54-55]. Алайда қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің ішкі семантикалық түрлеріне берілген бұл анықтамалар тым қарапайым, әрі олар да өз деңгейінде анықтап отырған тілдік бірліктердің прагматикалық аспектілерін жан-жақты аша алмайды. Дәл осы пайымдаулар Ш.Шарифи мен Ш.Ебрахимидің парсы тілінің қарғау мәнді сөйлеу актілерін қарастырған мақаласында да келтірілген [42, б. 1911].

Е.В.Вдовина алғашқылардың бірі болып, қалау, тілек мәнді сөйлеу актісіне «Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі – айтушының адресатқа қатысты өзінің ілтипаты мен ақ жарқын көңілін білдіру үшін және адресаттың болашақ өмірінде оған тек жақсылық қалайтынын жеткізу үшін жұмсалатын, қоғамдағы қарым-қатынас әдебіне сәйкес келетін сөйлеу іс-әрекеті» деген анықтама берді [43, б. 15]. Н.Ардалан «Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі – сөйлеушінің өзіне деген сұхбаттасушысының бойында жағымды эмоцияларын тудыру үшін, оны шаттықтандыру мақсатында адресаттың болашақ өміріне байланысты жақсы үмітін білдіру үшін жүзеге асыратын қоғамдағы нормаларға сай сөйлеу іс-әрекеті» деген [44, б. 50]. Жоғарыда келтірілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің анықтамалары пайымдағанымыздай, аталмыш сөйлеу актісінің прагматикалық табиғатын нақты сипаттай алмайды. Себебі қалау, тілек тек екінші жақ тыңдаушыға ғана емес, сонымен қатар адресанттың өзі мен үшінші бейтарап жаққа да қатысты айтылады. Бұл тізбектегі алғашқы екінші жаққа қатысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің анықтамасы берілгенімен, қалғаны қарастырылмаған. Сондықтан біз жұмысымызда осы күнге дейін зерттеушілер тарапынан прагматикалық аспектілері аз сараланып келе жатқан адресанттың өзіне немесе үшінші жаққа қатысты айтатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің жайынан сөз қозғағалы отырмыз. Бұл жерде бірінші жақ адресанттың өзіне қатысты айтатын қалау тілек мәнді сөйлеу актісінің екі түрлі адресаты бола білмек. Олар: біріншісі шынайы болса, екіншісі – гипотетикалық тыңдаушы.

Шынайы адресатқа айтылған адресанттың өзіне қатысты қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің ең бірінші қызметі ол – тыңдаушысына дүниедегі белгілі бір затты немесе жайтты қалайтынын білдіруі болса, екінші қызметі – сол қалауды тыңдаушысының орындауын астарлап сұрауы. Әрине, бұл типтегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне жанама қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жататындықтан, ол арада іс-әрекеттің орындалуын сұрамай-ақ, оны қалайтынын айтуы арқылы адресатының оны жүзеге асыртқызатынын талқылаған болатынбыз.

Ал гипотетикалық адресатқа (яғни Құдайға айтылған) қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінде біз өзімізге не жақындарымыз үшін Бір Құдайдан дүниедегі түрлі жақсылықтарды жалбарынып, дұға етіп сұрайтынымыз. Мұнда үшінші жаққа да қатысты айтылған, қалау, тілектерді жатқызуға болады [25, б. 105]. Осы келтірілген болжамымызға байланысты, біз қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің келесідей анықтамаларын бердік.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі – иллюкутивті мақсаты айтушының адресатқа, өзіне не үшінші бөгде жаққа бағышталған материалдық немесе рухани қалауымен шартталатын, белгілі бір қоғамдағы сөйлеу әдебіне сай алдын-ала ойластырылған мақсатты сөйлеу әрекеті. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің негізгі екі семантикалық түрі алғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі және қарғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі.

Алғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі – иллюкутивтік мақсаты сөйлеушінің адресатқа қатысты өзінің ілтипаты мен ақ жарқын көңілін білдіру үшін және адресаттың болашақ өмірінде оған тек жақсылық қалайтынын жеткізу үшін жұмсалатын, қоғамдағы қарым-қатынас әдебіне сәйкес келетін мақсатты сөйлеу іс-әрекеті.

Қарғыс қалау, тілек мәнді актісі – сөйлеушінің аффективтік көңіл күйін білдіру үшін адресатқа немесе үшінші бөгде жаққа бағышталған теріс тілегін аңғартатын, алдын-ала ойластырылған мақсатты сөйлеу әрекеті.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық табиғатын әрімен қарай жүйелі түрде зерттеу үшін, біздің ойымызша, ең алдымен олардың жалпы прагматикалық ерекшеліктерін қарастыру қажет. Мұнда біз айтылымның прагматикалық түрін емес, оптативті айтылымның қатысымдық жағдайдың өрістеуі барысындағы рөлін меңзеп тұрмыз, әрі қарай біз оны оптативтің прагматикасы деп атаймыз. Қорыта айтқанда, **оптативті айтылымның жалпы прагматикасы** дегеніміз сөйлеуші өзінің коммуникациялық мақсаттарының бірін шешу үшін таңдайтын сөйлеу стратегияларының бірі болып табылады. Егер адресант (X) екінші адресатқа (Y): «Сен одан да үйге бар!» деп айтса, онда бұл X өзіне ұнамаған әңгіме айтқаны үшін сұхбаттасушысы Y-ке тойтарыс беріп жатыр дегенді білдіреді. Сонымен бірге біз айтылымның оптативті мағынасын жалпы прагматикаға қарағанда, негізгі, терең деп қарау дұрыс деп есептейміз. Шынында да, бір формадағы оптативті айтылым түрлі жалпы мағыналарда, түрлі коммуникациялық стратегияларда қолданыла алады: мысалы, жоғарыда айтылған сөйлеу актісін элеуметтік контекстін және сөйлесім жағдаятын өзгертулерден соң бұл айтылым ұнамаған мағынаны білдірмейді,

керісінше, адресант екінші адресатқа жаны ашуы, оған үйге қайтқаны жөн болатынын қалап тұрғанын көрсетіп, X-тің Y-ке деген өтініші ретінде де қолданыла алады. Яғни бір терең және тұтас оптативті мағынада біз оның бір қатар беткі орындалуын көре аламыз. Басқаша айтқанда, егер біз сөйлеу іс-әрекетінің негізінде оптатив жатқанын растайтын болсақ, онда генеративті лингвистика терминдеріне де осындай әрекеттер әбден болуы мүмкін.

Келесі мысалда оптативті айтылым мүлдем басқа прагматикалық қызметті атқарады: «*Сендердің араларыңнан қазақтың белгілі әншісі Розадай тұлға шықса дұрыс болар еді*». Бұл мысалда оптативті айтылымның жалпы прагматикасын «міндет қойылымы» (сөйлеуші мұнда аудиторияға беделді тұлға, қарым қатынас жағдайы - өнерпаздар жиыны) ретінде анықтауға болады. Мұнда оптативті айтылым формасы ретінде таңдалған, себебі ақыл тілек ретінде бұл мұнда бифункционалды: біріншіден, осылайша сөйлеуші мұнда өзінің келешек үміттері жайлы ойын айтып тұр, екіншіден, ол топқа осы мақсаттың орындалуы үшін қай бағытта жұмыс жасау керектігі жайлы міндеттер қойып тұр. Мұнда айтылымның бифункционалдығы қалау оптативінің екі жақтылық болмысынан тікелей пайда болып тұр, себебі мұндай әрбір айтылым құрамында имплицитті семантика прагматикалық компоненттері бар:

1. Мәлімдеймін, егер...
2. Қалаймын болашақта
3. Жақсы әнші дайындап шығуды қалайтынымды мәлімдеймін.
4. Жақсы әнші шыққанын тілеймін.
5. Сендер соған тырысуларың керек.

Барлық мүмкін болатын оптативтердің жалпы прагматикалық мағыналарын тізіп айту мүмкін емес, себебі олардың түрі өте көп, алайда оптативтердің қатысымдық болмысын анықтау мақсатында олардың кейбіреулерін қарастыру керек. Сонымен қатар оптативті айтылым негатив мағына ретінде де қолданыла алады. Мысалы: «*Қарғыс атсын сені!*». Мұнда адресанттың адресатқа қарым-қатысы білдірілген. Мұнда оптативтің жалпы прагматикасы «қарғыс» ретінде анықталады, сондай-ақ сұқбаттасушыға бағытталған жағымсыз тілектер дерективті айтылыммен көрсетіле алмайтындығымен шартталған: бұл жағдайда Сонымен қатар «тост» сөзімен белгіленетін дастархан басында айтылатын тілектер ретіндегі оптативті айтылымдарында да осы сияқты редукцияны байқай аламыз. Мысалы, Мен саған тілеймін... (үйді, бақытты отбасын, жүзге дейінгі жасты, мықты денсаулықты және т.б.)

Мұнда *Мен саған тілеймін...* редукцияланған бөлігі оңай орнына келтіріледі. Берілген жағдайда оптативтің формасы жалғыз мүмкін болатын форма болып табылады, себебі «дастархан басындағы» дискурсты құраушы институтционалданған бөлігі болып табылады

Оптативті айтылым сөйлеушінің ішкі дүниесін, сезімін білдірудің тиімді құралы болып та табылады, келесі мысалда оптативтің прагматикасына


«өкініш-қынжылу» ретінде анықтама беруге болады. Мысалы, «Қонаққа баламды да алып келгенім дұрыс болар еді».

Маған дұрыс болар еді... компоненті өткенге бағытталған, орындалмайтын қалау ретінде анықтап кеткен оптативті айтылымдардың түріне жатады. Берілген мысалдағы тұлғаның **мен осылай айтуым керек** құрылымын емес, **мен осылай айтуды қалаймын...** құрылымын таңдауының себебі, бәлкім, екіншісінің құрамында белгілі бір іс-әрекетті жасау керектігін көрсететін дұрыс болар еді сөзінің барлығы шығар, ал **мен осылай айтуды қалаймын ...** құрылымы болса айтылым мағынасының жеке тұлғалық субъективті компонентін күшейте түсер еді, ал мұндайдан бұл жағдайда сөйлеуші қашуға тырысты.

Алайда оптативтің жалпы прагматикасы иллокутивті прагматикасынан барлық жағдайда ерекшелене бермейтіндігін айта кету керек. Мысалы, егер біз ниетпен байланысты қалау мағынасындағы оптативті алатын болсақ, онда сөйлеу барысында қолданған кезде оның ішінен ниетпен байланысты қалаудан басқаны көру өте қиын, ал кей жағдайларда мүмкін емес десек те болады.

Енді прагматикалық зерттеулердің нысаны болып табылатын адресант, адресат пен сөйлесім жағдаяты мәселелері тұрғысынан қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қарастырайық. Жалпы, кез келген сөйлеу актісін тілдік қатынас кезінде адресант айтуы үшін, оның белгілі бір коммуникативтік мақсатты жүзеге асыруға бағышталған сол сөйлеу актісін айту уәждері болады. Ал адресант пен адресат және сөйлесім жағдаяты аспектісінен сөйлеу актілерін қарастыру оның прагматикалық табиғатын саралау кезінде негізгі кезеңдердің бірі болып есептеледі.

Күнделікті тілдік қарым-қатынас кезінде қолданылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін айтылу уәждері мен орын алатын сөйлесім жағдаяттарына байланысты келесідей топтастырсақ болады (Сурет 3):



Сурет 3 – Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің айтылу уәжділіктері

1. Адресанттың өміріндегі айтулы күн немесе оқиға; Аталмыш оқиғалар мен күндер тыңдаушы өміріндегі маңызы зор. Айтулы күндердің тізіміне тыңдаушының туылған күнін, үйлену тойын және т.с.с., күндерді жатқыза аламыз [45, б. 65]. Ондай сөйлесім жағдайында көбіне қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері құттықтау мәнді сөйлеу актісінен кейін келеді. Мысалы: «Туған күніңізбен! Әуелгі бақыт – денсаулық, екінші бақыт – ақ жаулық, үшінші бақыт – он саулық тілеймін!», «Туған күніңмен! Саған өмірдегі бар

жақсылықты тілеймін!». Берілген екі мысалдың екеуі де құттықтау мәнді сөйлеу актісімен басталып, қалау, тілек мәнді сөйлеу актісімен аяқталған. Екі мысалда да қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің негізгі перформативті етістігі «тілеу» қолданылып тұр. Бұл арада құттықтау мәнді айтылым тек қалау, тілекті бастайтын, тілдік-әлеуметтік сөйлеу әдебінен туындап отырған фатикалық қызметін атқарып отыр. Ал ағылшын ғалымы К.Елвуд болса, өз еңбектерінде қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін жоққа санап, оны тек бір құттықтау мәнді сөйлеу актісінің стратегиялық компонентіне жатқызған. Ғалымның олай деп бұрыс тұжырым жасауының астарын біз ол қарастырған зерттеу нысанының мерекелерге байланысты айтылатын құттықтау мәнді сөйлеу актілерімен ғана шектелгендігімен байланыстырамыз [38, б. 358]. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің айтылу уәждері мен тілдік қатынас кезінде атқаратын қызметтерін жан-жақты қарастыратын болсақ, онда қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің өз бетінше жеке сөйлеу актісі екенін түсінеміз.

2. Әртүрлі мемлекеттік, діни т.б. мерекелер; Атауы айтып отырғандай, бұл қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінен маңызды мерекелерде айтылады [45, б. 66]. Мысалы: *«Жаңа жыл сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, ой-мақсаттар жүзеге асатын, арман-үміттер ақталатын жыл болсын! Сіздерге зор денсаулық, молшылық пен бақыт тілеймін!»*, *«Жаңа жыл құтты болсын! Бақ-береке мол ырыс бақыт әкелсін!»*, *«Кең болсын қазағымның керегесі, кетпесін Алла берген берекесі, Алаштың баласына нәсіп болған, Құтты болсын Наурыз мерекесі!»*.

3. Адресанттың адресатқа қатысты аффективті көңіл күйін білдіру мақсатында жұмсалған алғыс не қарғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері [46, б. 87]. Бұл - сөйлеушінің тыңдаушыға өзіне көрсетілген көмегі немесе басқа да бір жағдайларға байланысты қатты қуанышын, ризашылығын не ренішін аңғарттыру үшін айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне сай уәж. Мәселен, адресант тыңдаушыға өзінің алғысын, оған ризалығын білдіргенде, қазақ тілінде жасы ересек адам өзінен жасы кішіге *«Үлкен азамат бол!»* дейді. Ал қария адам жастарға *«Ұл қызыңның қызықшылығын көр!»* деп тілейді.

Бұл топтағы оптативті айтылымдар алғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері және қарғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері болып саналады [47, б. 94]. Тіліміздегі алғыс қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері адресанттың белгілі бір іс-әрекетімен адресанттың көңілінен шыға білуімен шартталып, негізінен адресант тарапынан алғысын жеткізу уәжімен айтылып, алғыс білдіру қызметін де атқарып жатады. Осы бір айтылу уәжі мен атқаратын қызметіне байланысты кейбір тілдерде, мәселен, ағылшын тілінде дәл осындай сөйлесім жағдайы орын алған кезде қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің орнына алғыс білдіруі мәнді сөйлеу актісі қолданылады [47, б. 94].

4. Адресанттың өзіне деген дүниедегі белгілі бір материалдық және рухани жағдаятқа байланысты қалауы мен тілегін білдіру үшін тыңдаушысына, үшінші бір бейтарап жаққа айтқан немесе жаратушы Алладан дұға жасау ретінде жұмсалған алдын-ала ойластырылған сөйлеу әрекеті. Мәселен, жұмысшы *«Бүгін ертерек үйге қайтсам екен»* десе, немесе жас әнші *«Шіркін-ай, мен де*

Димаш секілді әнші болсам екен!» десе ол адресанттың өзіне деген материалдық қалауынан туындап отырған тілегі болып есептеледі. Немесе кеңсе дискурсінде қызметші маманның басшысына *«Мені басқа бөлімге ауыстырар ма едіңіз!»* деген сөзі.

5. Діни жоралғы мен салт-дәстүрге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі [46, б. 102]. Тіліміздегі бата беру, аластау, тұсау кесу, бесік жырын айту кезінде орын алатын қалау, тілектер осы топтағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне жатады. Қазақ тілінде салт-дәстүр мен діни жоралғыларға байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері көбінесе белгілі бір қалыптасқан өлең сөз мақымында болып кездеседі. Ондай қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері өз бастауларын халық ауыз әдебиетіміздің тұрмыс-салт жырлары жанрынан бастау алады. Ондағы «Бесік жыры», «Мәпелеу жыры», «Тұсау кесу жыры», «Аластау», «Жоқтау» секілді жырлар мазмұнында қалау, тілек мәнді айтылымдар жиі кездеседі. Олар қазақ халқының ертедегі дүниетанымынан, болашаққа деген үмітінен туындаған. Мысалы: 1) тұсау кесу рәсімінде айтылған бата:

Қаз-қаз, балам, жүре зой,

Балтырыңды түре зой.

Тай-құлын боп шаба зой,

Озып бәйге ала зой.

Қаз баса зой, қарағым,...(Тұсау кесу жырының үлгісі)

Бұл бата тілекте қалау, тілек мәнді айтылым өлең сөз мақымында берілген.

6. Тілдік емес жағдайларға байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Бұл топтағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің адресант тарапынан жұмсалуды үшін келесідей тілдік емес жағдаяттар орын алуы керек:

1) біреуді жолға шығарып салу

2) ас бастау


3) ұйқыға кету

4) қонақтарды күтіп алу

5) түшкіру, т.б. [46, б. 84]. Мысалы: 1) адресат түшкіргеннен кейін адресанттың оған *«Сау бол!»* деп саулық тілеуі әлеуметтік-тілдік қатынас ережелерімен шартталған, 2) сапарға шығып бара жатқан жолаушыға адресанттың жолдайтын *«Жолың болсын!»*, *«Ақ жол!»*, *«Сәт сапар!»* т.с.с. оптативті айтылымдар, 3) Дастархан басындағы дискурста ас бастар алдында айтылған *«Ас болсын!»* деген секілді айтылымдар тілдік емес жағдайларда айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің санатына жатады. Тілдік емес жағдайларға қатысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тілдік қарым-қатынас кезінде адресант сөйлесу әдебін сақтау үшін айтады. Бұл топтағы тілектердің тұрақты қалыптасқан вербалды үлгісі болғандықтан, оларды «жаттанды қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі» деп атасақ та болады [48, б. 572].

Кез келген сөйлеу актісінің айтылу уәжділігі мен орын алған сөйлесім жағдаятына қарай топтастырғаннан кейін, оның сол тілдік қарым-қатынас кезінде атқарар қызметін саралау орынды. Жалпы, сөйлеу актісі – тілдік

қатысымның функционалдық бірлігі ретінде қолданылатын айтылым [13, б. 498]. Биалистоктың пайымдауынша да, қатысымдық құзыреттіліктің ең көп зерттелген аспектісі – тұлғалардың түрлі тілдік функцияларды қолдана алу қабілеті [49]. Оларды зерттеу тілдің қатысымдағы қолданысын зерттейтін прагматиканың қалау, тілек мәнді сөйлеу актісіне байланысты табиғатын толыққанды саралауға өзіндік септігін тигізбек. Яғни біз енді қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің аты айтып тұрған тұлғаның қалауы мен тілегін білдіру қызметінен басқа дискурстағы жанама тұлғааралық қарым-қатынас орнату, өрбіту және оны тамамдау қызметтерін үш топқа бөліп, келесідей етіп қарастырамыз (Сурет 4):



Сурет 4 – Тілдік қатысым барысындағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің атқаратын қызметтері.

1. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің сөйлесім жағдаятын орнату немесе тұлғааралық ауызба-ауыз байланыс орнату қызметі. Ауызба-ауыз сөйлесу кезінде адресант кейде адресатпен дискурс құру мақсатында адресаттың күйіне немесе дәл сол мезетте атқарып отырған іс-қимылына байланыста қалау, тілек мәнді айтылымды жұмсайды. Мәселен, адресат бір іс-әрекетті енді бастап отырған мезгілде онымен дискурс құрғысы келсе сөйлеуші «Құдайым қолдасын!», «Ісің оң болсын!» дейді. Кейде ауруханада жатқан танысына келген жанашыры онымен диалогті «Шипасын берсін!» деп бастайды. Ал тіліміздегі уақытқа тәуелді «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Кеш жарық!» деген сәлемдесу мәнді сөйлеу актілері этимологиялық тұрғыдан алғанда, байланыс орнатушы қызметін атқарып отырған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі

болған. Кейін ақ көңіл, ақ жарқын мінезді қазақ қоғамының сөйлесу әдебіне сәлемдесу түрі ретінде сіңіп кеткен [50, б. 54]. Әрі тіліміздегі аталмыш сәлемдесу үлгілері өздерінің ізгі тілек білдіру мәнін жоғалтпаған [51, б. 64].

Бұл топтағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін фатикалық қызмет атқаратын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері деп қарастырамыз [52, б. 328].

2. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің тұлғааралық байланысты реттеуші қызметі. Тіліміздегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің ең негізгі қызметі. Қазақ қоғамында қалыптасқан сөйлесім әдебіне сай сөйлеуші көбіне тыңдаушыға оның көңіл күйіне оңтайлы ықпал жасау үшін оған өзінің қалауын білдіріп, тыңдаушысына қатысты тілек айтады. Мәселен, «*Шаңырақтарың биік болсын, керегелерің кең болсын, босағаларың берік болсын!*», «*Сендердің ақ отауларыңның іргесі берік, шаңырағы биік болсын, түтіні түзу шалқысын!*», «*Үй ішің жанға, қораларың малға, қалталарың ақшаға толсын!*», «*Бүгінгі той алда болатын көптеген қызық қуаныштың басы болуға жазсын!*», «*Балаларыңыз көп болсын, бақытты ұзақ өмір сүріңіздер!*» деген үйлену тойы дискурсында орын алатын, тұлғааралық байланысты реттеуші қызметін атқаратын, қалау, тілек мәнді айтылымдары [50, б. 54]. Демек, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлы реттеп отырады [53, б. 141].

3. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің диалогты тамамдау қызметі. Бұл - сөйлесім жағдайының аяқталар, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының ауызба-ауыз қарым-қатынасының аяқталу кезінде айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Мәселен, егер адресант адресатты жолға шығарып салып жатса, оған «*Ақ жол! Аман барып, сау қайт!*» дейді. Тіліміздегі қоштасу мәнді сөйлеу актілерінің басым бөлігінің этимологиялық төркіні қоштасу кезінде айтылар қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері болған. Мысалы: «*Қош бол!*», «*Аман бол!*» деген қоштасу мәнді сөйлеу актілері [50, б. 55].

Біздің ойымызша, сөйлеу актілері теориясы тұрғысынан оптаивтердің категориялық жағдайын зерттеу нәтижелі болады, өйткені онда формалды сипаттаудың метатілі жасалып, пропозициялық, коммуникативті прагматикалық атқарым көрсеткіші және айтылымның терең құрылымы деңгейлерінде сөйлеу актілерінің түрлерінің арасындағы шек анық көрсетілген. Ал басқа жағынан алып қарасақ, кез келген сөйлеу актісін сипаттау үшін оның когнитивті лингвистикалық негіздеріне үңілу керек. Себебі прагматика «сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу контексін зерттейді» [36].

Дж.Остин мен Дж.Серльдің еңбектерінде иллокутивті актілердің классификациясы мен иллокутивті етістіктерінің тізімі бөліп көрсетілген. Ал бұл иллокутивті етістіктердің ішінде «қалау» етістігі жоқ, себебі оның семантикасында сөйлеу семасы (не жалпы сөйлеу актінің әрекеті) болмайды, сондықтан да ол иллокутивті етістік бола алмайды. Ал басқа жағынан алып қарасақ, «қалау» мен «тілеу» бұл хабар жолдаушыға тек қандайда бір белгілер жүйесімен ғана түсіндіруге, яғни хабар беруге болатын құбылыстар. Сонымен қатар тілдің қалауды жеткізуге арналған бір қатар құралдары бар және қалауды білдіруші кез келген сөйлеу акті, сөзсіз, кемінде екі пропозицияға ие:

біріншіден, сөйлеушінің қалау сезімін көрсететін және жалпы оптативті мағынаның көрсеткіші «мен қалаймын», екіншіден, әлемдегі қалаулы (немесе қалаусыз) әрекеттерді көрсететін пропозиция (Кесте 1).

Кесте 1 – Оптативті айтылымдардың пропозициялық мағына көрсеткіштеріне қарай бөлінуі

Сөйлем	Бірінші пропозиция	Екінші пропозиция
<i>Менің су ішкім келеді</i>	<i>Мен қалаймын</i>	<i>Мен ішемін</i>
<i>Мен бұның аяқталғанын қалаймын</i>	<i>Мен қалаймын</i>	<i>Бұл бітеді</i>
<i>Мен су ішер едім</i>	<i>Мен қалаймын</i>	<i>Мен су ішемін</i>

Бұдан қалауды білдіретін кез келген сөйлеу актінің конвенционалды орындау барысында, осы шақтың бірінші жағында сөз арқылы берілетін акт орындалады (1) және пропозиция көмегімен әлемдегі қаланған іс әрекеттер реті суреттеледі (2).

Ал басқа жағынан алып қарасақ, айтылған «қалаймын» сөзі ол сол сөйлеушінің күйі емес, ол тек сол күйі жайлы хабар болып табылады. Бұдан сөйлеушінің айтқан «қалаймын» сөзі – «қалайтыным жайлы хабар беремін» дегені. Оптативті мағынаны білдірудің осындай түсіндірмесі иллюкутивті қызметтің көрсеткіші ретінде көрсетуге бір қарағанда келер еді, алайда басқа «канондық» иллюкутивті етістіктермен салыстырғанда, олардың арасында елеулі айырмашылық көрінеді. Мысалы, партия хатшысы айтады:

- Сізді партия мүшесі етіп **сайлаймын**.

Сайлаймын иллюкутивті етістігі семантика-прагматикалық құрамдас бөліктерге келесідей бөлініп көрсетіле алады (Кесте 2).

Кесте 2 – «Сізді партия мүшесі етіп сайлаймын» - деген айтылымның семантика-прагматикалық құрамдас бөліктерге ажыратылуы

Сөйлеу актісі	Семантика- прагматикалық құрамдас бөліктері
Сізді партия мүшесі етіп сайлаймын.	<i>Саған айтамын: сайлаймын және осыған орай сен партия мүшесі боласың.</i>

Сонымен бірге оптативтің семантика прагматикалық құрамдас бөліктерін бөліп көрсете алмаймыз. Мысалы, «Ол тезірек келсе екен!» деген сөйлеу актісі (Кесте 3).

Кесте 3 - «Ол тезірек келсе екен!» - деген айтылымның семантика-прагматикалық құрамдас бөліктерге ажыратылуы

Айтылым	Семантика- прагматикалық құрамдас бөліктері
Ол тезірек келсе екен!	<i>Саған айтамын: Ол тезірек келсе екен! және осы арқылы оның тезірек келуін қалаймын.</i>

Осы типтегі оптативтер сөйлеу акті теориясы тұрғысынан: иллокутивті етістіктер (Дж. Серль мен Дж. Остиннің жіктеген кешірім өтіну, бұйыру, талап ету, кеңес беру ант ету, уәде беру мақтану, сес көрсету, жәбірлеу кінәлау не ақталу сұрау, өтініш, тыйым салу және т.б. иллокутивті етістіктер) қоршаған орта жөніндегі іс әрекеттердің белгілі бір реті көрсетілген репрезентивті айтылым болып табылса; ал оптативтер сөйлеу субъектінің қоршаған орта іс әрекеттері жайында белгілі бір қалау күйі көрсетіледі. Сондықтан да қалаудан басқа және ешқандай прагматикалық мағыналармен күрделендірілмеген оптативті айтылым репрезентатив болып табылады деп қорытамыз. Ал оның иллокутивті қызметі хабарлаймын етістігінің көмегімен экспликацияланады және басқа репрезентивтен ешқандай айырмасы болмайды:

Кесте 4 - «*Ол тезірек келсе екен!*» және «*Ол келді*» - деген айтылымдардың салыстырмалы семантика-прагматикалық құрамдас бөліктерге ажыратылуы

Айтылым	Семантика- прагматикалық құрамдас бөліктері
Ол тезірек келсе екен!	Саған айтамын: Ол тезірек келсе екен! және осы арқылы оның тезірек келуін қалаймын.
Ол келді!	Саған айтамын: Ол келді! және осы арқылы оның тезірек келгенін хабарлаймын.

Беріліп отырған кестеде көрсетілгендей, ондағы екі айтылым да – бір **хабарлаймын** қызмет көрсеткішіне ие, алайда олардың біріншісі ғана оптатив болып табылады. Репрезентативті оптативтерге қалау мағынасындағы оптатив пен өткенге бағытталған орындалмайтын тілек мағынасындағы оптативтерді жатқызу керек. Біздің ойымызша, «оптативке тең мағыналар» жайлы мәселені тек құрамында бірінші жақ формасындағы шартты райда қолданылған **қалау, тілеу** етістіктері бар айтылымдары тек оптативтерге эквивалентті қалауды көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар ішінде ядролық компонент, яғни **Мен қалаймын** мағынасының көрсеткіші эксплициттелген оптатив болып табылады. Егер оптативті коммуникативті актінің белгілі бір түрі ретінде қарастырсақ, онда, әрине, бұл категория кеңейтілген түсінікті қажет етеді. Яғни біздің түсінігімізше, оптативтер қатарына құрамына оптативті мағынаның көрсеткіші болып табылатын, эксплицитті немесе имплицитті көрсетілген **Мен қалаймын** ядролық компоненті бар барлық айтылымдарды жатқызуға болады. Себебі, біріншіден, дәстүрлі грамматикалық айтылымдардың нышандарына және оптативті айтылымдардың дәстүрлі түсініктеріне жатқызуға болмайтын айтылымдардың түрлері бар, сонымен қатар бұлар да оптативті (қалау) мағыналарға ие болады. Мысалы, «*Бұл қашан бітер екен!*» деген айтылымды кез келген жағдайда «*Мен бұның біткенін қалаймын*» деп түсінеді. Сонымен қатар құрылымды-синтаксисті және интонациялы құрылым ретіндегі осы типтегі айтылымдар арнайы оптативті мағыналарды көрсетуге арналған деп пайымдауға болады. Екіншіден, оптативті мағынаға императив формасындағы етістігі бар айтылымдар да ие бола алады. (Мысалы, фразеологиялық тілектер

«Құдай сақтасын!», «Алла жар болсын!» сонымен бірге құрамындағы императив формасындағы етістік оптативті мағынаны көрсетуге арналған айтылымдар (*оны ұмытыңдар, соншалықты ақкөңіл болмаңдар*).

Оптативті сөйлеу актілерін Дж.Серльдің сөйлеу актілерінің классификациясына сәйкес топтауға жаһандық ғалымдар тарапынан бірнеше рет талпыныстар жасалған. Мәселен, Н.А.Трофимова «Экспрессивные речевые акты» атты монографиясында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің дені салтанатты жиындар мен атаулы күндері айтылатын түрлерін саралай келе, оларды экспрессивтік сөйлеу актілері тобына жатқызды [54]. Оның тағы бір негізгі себебі – ғалымның қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің анықтамасы ретінде Е.В.Вдовинаның тұжырымдамасын негізге алуы. Жоғарыда айтқанымыздай, Е.В.Вдовина және бір қатар шетелдік ғалымдардың бұл сөйлеу актісіне берген пайымдаулары аталмыш айтылымдардың прагматикалық табиғатын толыққанды сипаттай бермейді. Сондықтан берілген диссертациялық жұмыста келтірілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің анықтамасына сәйкес бұл айтылымдарды Дж.Серль берген классификациядағы топтардың бірнешесіне жатқыза аламыз. Олар, негізінен, директивті және экспрессивті сөйлеу актілері. Соңғысы жайлы айтып кеткендіктен директивті сөйлеу актілеріне жататын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне келер болсақ, олар адресанттың өзіне деген дүниедегі белгілі бір материалдық және рухани жағдаятқа байланысты тыңдаушысына, үшінші бөгде жаққа айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Әрі бұл айтылымдар көбіне жанама қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері болып кездеседі. Олардың сөйлесім жағдаятында атқарар қызметі қалау, тілекпен қатар өтініш айту. Мәселен, жаздың күні ыстық даладан үйге кірген адресант жанындағы жас не әлеуметтік статусы өзінен кіші адресатына «*Мен қатты шөлдедім*» деуі ықтимал. Бұл айтылымды естіген тыңдаушы ондағы адресанттың физикалық күйін білдіретін тікелей локутивтік мағынасымен қатар, оның астарындағы жанама иллокутивтік әсерін ұғынып, адресанттың өтініш формасындағы қалауы білдірілген сөйлеу актісі ретінде қабылдайды. Демек, бұл арада қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі тыңдаушысын айтылымның пропозициясындағы әрекеті жүзеге асыруға итермелеп тұрғандықтан, директивтік болып есептеледі. Тіптен Құдайдан жалбарынып дұға үлгісінде айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері де директивті сөйлеу актілерінің қызметін атқармақ. Сонымен қатар бұл топтағы айтылымдарға діни жоралғы мен салт-дәстүрге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін де жатқызуға болады.

Сонымен қатар, оптативті көрсеткіші әртүрлі сипатталған, екеуі бір мағынаға ие айтылымдар арасындағы коммуникативті категориялық айырмашылықты анықтау қиын. Мысалы, *Мен сіздің зауытыңызды сатып алуды қалаймын* және *Мен сіздің зауытыңызды сатып алуды қалар едім* айтылымдарында сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекетті орындауы жайлы қалауы мен ниеті бір деңгейде көрсетілген. Әрине, мұнда *қалаймын* және *қалар едім* компоненттерінің айырмашылығы неде деген заңды сұрақ туындайды. Ал бұл сұраққа жауап, шамасы, екінші жағдайда функция көрсеткішінің

экспликациясы қалаудың жұмсарту маркерімен сүйемелденуінде болар. Солай болса да айтылымның категориялы коммуникативті негізі ауыспайды, себебі оның коммуникативті белгісінің қарқындылық деңгейі бұл оның категориялық ерекшелігі емес, оның ілеспелі ерекшелігі болып табылады.

Әрине, *Мен қалаймын...* құрылымдары жайлы жоғарыда айтылған дәлелдер еш уақытта қазіргі лингвистикада қалыптасқан синтаксисті айтылымдардың ерекше оптативті мағынаның иесі ретінде және осы мағынаның ерекше грамматикалық-синтаксистік формаларының арақатынасын сипаттап, сонымен қатар зерттеліп жатқан құбылыстың күрделі ерекшелігін көрсету мақсатына ие айтылымдар ретінде берілген анықтамасын жоққа шығаруға ниеттелмеген.

Оптативті айтылымдардың дискурсивті прагматикалық ерекшеліктерін зерттеуде осы типтегі сөйлеу құрылымдарын түсіну стратегиясын зерттеу елеулі мәселе болып табылады. Бұл үшін дискурстың өзі не екеніне назар аударылады. Тілші ғалым З.Ш.Ерназарова тіл білімінің прагматикалық лингвистика саласының негізгі қарастыратын нысандары ретінде дискурс мәселесі мен сол дискурсқа қатысушы коммуниканттарды таныған [31, б. 200]. Саяси дискурстарды арнайы зерттеген Қ.Кенжеқанова «Дискурсты прагматикалық тұрғыдан зерттеу коммуникативтік жағдаятқа және оған қатысушы адресант пен адресатқа тікелей байланысты болады. Дискурсты түсіну адресант айтайын деп отырған ойына, ойлау дүниесіне ену және оны интерпретациялау деп ұғыну керек» [15, б. 35]. М.Стаббстың дискурсты көлемі жағынан сөйлемнен ауқымы кең тілдік бірлік деп таныған [55, б. 55-93]. В.Е.Черняевская болса дискурсты сөйлесім жағдаятында іске асатын коммуникативтік акт деп алып, оның сан алуан түрлеріне байланысты лингвистикалық зерттеу жұмыстарын жалғастыра беру керектігін айтқан [56, б. 77].

Демек **дискурс** дегеніміз – белгілі бір тақырып төңірегінде жинақталған мәтін. Мұнда айтушы мен тыңдаушының тақырыптар жөнінде ойлары, пікірлері жинақталады. Мұнда біз сөйлеу әрекетінің кодталған түрі жайлы сөз қозғап отырмыз, яғни бұл сөйлеу әрекеттерінің айтылым формасы институтционалды маңызды болады. Бұл дискурстардың тобына ең алдымен барлық процессуалды маңызды сөйлеу актілер құрамында оптативтер болмайтын сот-заңгерлік дискурсты жатқызуға болады. Айтылымдардың бұл түрі соттағы қорғаушының сөзінде, куәгерлердің сөздерінде немесе айыпталушының соттағы соңғы сөзінде толық кездесетін айтылымдар тобы болып табылады, бірақ жоғарыда айтылған ешбір сөйлеудің рөлдік түрлері сот-заңгерлік дискурсқа тән емес және сөйлеу актілерінің түрлері қолданылатын саласында кодталмаған болып табылады. Қорғаушының, куәгердің немесе айыпталушының сөздерін, ең дұрысы, «ерікті» жанр, бірнеше дискурс түрлеріне жататын сөйлеу акті деп атасақ болады. Мұнда сөйлеуші оптативті айтылымдар және кодталған сөйлеу әрекеті бар дискурстардың басқа да түрлерін қолданбайды.

Басқарушы-кеңселік дискурстің жазбаша түріне келер болсақ, мұнда оптативтерді қолдану мүмкін емес, себебі қалау мен ниет мұнда анық және анықталған түрде көрсетілуі керек. Яғни жұмысқа алу жайлы өтініште «*Мені жұмысқа алар ма едіңіз*» деген айтылымның формасын қолдану мүмкін бола қоймас. Ал басқарушы-кеңселік дискурстың ауызша түрінде, керісінше, оптативті айтылымдарды қолдану әбден мүмкін, яғни ниетпен байланысты қалау мағынасындағы оптативтер қолданыла алады. Алайда мұнда оптативті айтылымдардың қолданылуы коммуниканттардың қоғамдық-рөлдік қызметтерімен байланысты екендігін айта кету керек. Басшылар мен олардың қарамағындағы тұлғалар оптативтерді әртүрлі прагматикалық негіздерде қолданады. Қызметтік жағдайда «басшы» қызметі «Басшы оптативті айтылым арқылы өзінің **қызметтік тапсырмасын** білдіре алады» деген прагматикалық пресуппозиция негізінде қолданылуын көрсетеді. «Басшының» оптативтерді қолдануы, көбіне, «қарамағындағы адамдармен» қарым қатынас барысында қарым қатынастың басқарушы формаларын алып тастай отырып, кодталмаған сөйлеу формаларын қолдануын айтады. Бірақ, солай бола тұра, екі жақ та «қарамағындағы тұлғалар» және «басшы»-«басшы мен қарамағындағы тұлғалардың қарым-қатынасын иерархия анықтайды» деген пресуппозицияның анықтаушы ерекшелігін түсінеді. Сонда «басшының» «Біздің филиалға барып, сол жердегі барлық мәселелерді шешер ме едіңіз» деген айтылымын «басшы қарамағындағы тұлға» жағдайды дұрыс түсіне отырып, қызметтік тапсырма ретінде қабылдайды. Ал басшының осы тапсырмасына басшы қарамағындағы тұлғаның «Басқа біреуді жіберсеңіз болар еді» деген жауабы дәрежелік, қызметтік қарым-қатынас ережелерін бұзу ретінде қабылданады, себебі басшы қарамағындағы тұлға «қарсы» оптативті жоғарыда айтылған ережелер (бұл ережелерді жете коммуникативті лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қажет) негізінде қолданбауы керек.

«Басшыға бағынышты тұлға» қызметтік жағдайда «басшымен» қарым-қатынас барысында «Бағынышты тұлға оптативті басшымен қарым-қатынас барысында өз **өтінішін** білдіру үшін қолдана алады» деген прагматикалық пресуппозиция негізінде қолданады. Сонымен бірге ол *шартты рай* мен *еді* көмекші сөзі және келер шақтың «-ар», «-ер» тұлғасы мен «еді» көмекші сөзі құрылымын қолдануды қызметтік тапсырмаларды, жеке өтініштерді шешуге арналған қарым-қатынастың қызметтік емес формасына жататын құрылым екенін түсінеді, мысалы: *Мені басқа бөлімге ауыстырар ма едіңіз.*

Сонымен бірге (1) *Сіз алдымен өзіңіздің іс әрекетіңізге қарасаңыз болар еді немесе* (2) *Алдымен өзіңіздің жұмыс орныңызды жинап алсаңыз болар еді*, сондай-ақ (3) *Бұл жұмыс тезірек бітсе болар еді* сияқты оптативтердің түрлерінің мағынасында «кінә тағу» немесе «тойтарыс беру» коннотациясын оқи аламыз. Осы оптативтерді «басшы» да «басшыға бағынышты адам» да қолдана алады, себебі бұл қарым-қатынас барысындағы эмоциялық олқылық және төтенше қарым-қатынас түрі болып саналады. Бұл жағдайда да бір айтылымдардың формаларының прагматикасы оны кім қолданатындығына байланысты болады.

Егер оптатив (1) нақты қарым-қатынас жағдайында, мысалы, «басшы» бөлмесінде «жалпы адамзаттық» тақырыптарда айтылатын айтылымды көрсетсе (прагматикалық пресуппозициясы: «Әр адам өз іс-әрекетін басқару керек»), ал оптатив (2) бұл анық басқарушы қызметтік дискурсынан шыққан айтылым болып табылады. «Басшының» не «басшының қарамағындағы адамның» кінә тағу ретінде қолданылған айтылымы (1) әрқашан «Сіздің әрекетіңіз дұрыс емес» деген имплекатураға ие болады. Ал кінә тағу немесе қызметтік ескерту ретінде қолданылған оптатив (2) тек «басшының» «қарамағындағы адамға» бағытталған айтылымы ретінде ғана қолданыла алады. Ондай болмаған жағдайда («басшы» «қарамағындағы адамға») оптативтің (2) «басшы қарамағындағы адам» «басшысының» үстеліне кінә тағуға болмайды деген прагматикалық негізі болмайды.

Басқа жағынан белгілі бір дәрежелікке тойтарыс ретінде қолданылған айтылымды (2) да, айтылымды (1) да екі жақ та толық қолдана алады.

Бұл аспектті талдаудың тиімді жақтарының бірі оптативті айтылымдардың категориялық болмысын шығаруда үлесі зор: институтционалданған сөйлеу қарым-қатынасы барысында иерархияның түрлі деңгейлерінің өкілдері оларды (өтініш оптативтері) қолдана алмауы қоғамдық сөйлеу ережелерінің жүйесінде оларға директивті мағыналарды маргиналды амалдар арқылы көрсету орны беріледі. Мысалы, оратор «басқарушы» ретінде өз тыңдармандарына - «жетегіндегілерге» оптативпен белгіленген өтінішін (бұйрығын) айта алмайды. Мысалы, «*Жолдастар, тарқағандарыңыз дұрыс болар еді!*» айтылымы митинг дискурсының барлық түрлерінің ережелеріне анық сай келмейді. Солай десек те, қалау оптативтері митинг дискурстарында да, әдет-ғұрыптық дискурс түрлерінде де қызмет атқара алады, себебі олар тілек болып табылады. Осы жағдай әскери басқарушылық дискурстарда орын алады. Мұнда тілек оптативтері тек салтанатты жағдайларда ғана қолданыла алады.

Салттық формулалардан басқа берілген материалдарды талдау оптативті айтылымдардың кодталмаған ауызша сөйлеу тілінде жиі қолданылатындығын көрсетті. Сонымен бірге осы типтегі айтылымдардың дистрибутивті (семантикалық, құрылымдық) ерекшеліктері өздерінің орындалуы үшін арнайы контекстті талап етпейді, мысалы, көңіл айтқанға дейін немесе кейін шартты түрде репрезентативті немесе дерективті айтылымдар келуі керек, және де олардың пропозицияларында, көбіне қайтыс болған кісі немесе оның туғандары болады. Сонда да біз оптативті айтылымдар жиі кездесетін контексттерді, яғни тек осы айтылымдардың мәтіндік айналасымен байланысы семантика-синтаксистік ерекшелігімен ерекшеленетін контексттерді сипаттауды жөн көрдік. Сонымен бірге бұл байланыс эксплицитті сипатталған немесе мүлдем формалды сипатталмаған болуы мүмкін. Эмпирикалық материалмен жұмыс жасау барысында қандай да бір тұрақты ерекшелік оптативті айтылымның және формалды көрінісі жоқ релевантты мәтіннің түсіндірме қатынасымен анықталғаны белгілі болды.

Қорыта айтқанда, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері тілдік қатынаста елеулі орын алады. Оларды кешенді зерттеу жұмысының бересі мол болмақ.

1.2 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың лингвистикалық негіздері

Бүгінгі күні ғылымдар тоғысуынан тың ғылыми салалар, бағыттар қарастырыла бастады. Лингвистиканың негізгі зерттеу нысаналарына: «әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика секілді интегралды салаларға, ат қою теориясына, когнитивті лингвистика, лингвосемиотика, лингвистикалық семантика, сөйлеу актілерінің теориясы мен мәдениаралық қатынас» жатқызылады [57, б. 5]. Лингвистиканың жаңа бағыттары тілді антропоцентристік тұрғыдан қарастырады. Тіл қоғам барда ғана өмір сүргендіктен, қазір қоғамда тілдің әлеуметтік қыры, тілді қолданушының танымдық, мәдениеттік қырларын зерттеу басымдық алуда. Тіл тек бірінші адамның екінші адамға жалаң ақпараттарды жеткізуші емес, бірінші адамның екінші адамға айтайын деген мақсаты, тілегі, ойы. Бірінші адамның өтініші мен тілегі сол сөйлемдерде көрініс тауып, жүзеге асады. А.Байтұрсынұлы сөйлеу актісінде: «бірінші жақ айтушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік» - деп, көрсеткені белгілі, мұндағы бірінші жағы - адресант, екінші жағы - адресат, үшінші - адамның ойы, пікірі, оның сөйлемдерді айтудағы негізгі тілегі, қалауы жатады [58, б. 274]. Демек, қазір тілдің тек символдық жағын ғана емес, оның әлеуметтік-психологиялық жақтарын, тілді әлеуметтің қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру етек алды. Кез келген адамның ойы оның ішкі тілегі, қалауы арқылы көрініс табатыны белгілі. Ғалымдардың көрсетуі бойынша, қатысымның жүзеге асуының өзі адамның ішкі мақсаты тілегіне байланысты. Ю.Д.Апресянның пікірінше: «В очень многих случаях в основе состояний, действий, эмоций, высказываний человека лежат причины или мотивы, так или иначе связанные с его желаниями» [59, б. 436]. Адамның қатысым барысында ішкі тілегі мен қалауы негізінде сөйлемдерді құрастырылуы мен оны жүзеге асырылуы мәселесі философтар, психологтар, лингвистер әр салада үнемі айтып, жазып, үздіксіз талдап, талқылап келеді. Тілші классиктерінің шығармашылық еңбектерінде, ғылыми зерттеулерінде, психолог ғалымдардың трактаттарында үнемі қарастырылып келген, келеді де.

Айтушының қалауы, тілегі тіл білімінде «оптатив» терминімен аталады. Ол латынның *Optativus* – қалау, тілек сөзінен шыққан. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері мәселелерін зерттеу бұрынғы заманнан бастау алады. Мәселен, грек елінің ежелгі тілдерінде төрт рай категорияның ішіне ежелден-ақ қалау райы енгізген. Грек тілшілері императив, конъюнктив, оптатив, индикатив [60].

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін тіл білімінде сөйлемдердегі тілек, қалау мағыналары тек қалау рай тұрғысынан туындайды деген пікір қалыптасты [61, б. 267], [62, б. 539]. Қалау, тілек мәнді сөйлемдер көбінесе рай категориялары арқылы жасалатындықтан, бұл – бір жағынан дұрыс. Қалау райдың модальдылығы, оның сөйлемдегі айтушының тілегін білдірудегі қызметі жоғары екені белгілі. Алайда барлық қалау, тілек мәнді сөйлемдер тек қалау райынан жасалмайтыны кейінірек белгілі болды. Мысалы, қазақ тіліндегі тілеу, армандау, қалау, тырысу және т.б. сөздер сөйлемдерге модальдылық рең

берумен қатар ондағы айтушының қалауын да білдіреді. «*Мен саған бар жақсылықты тілеймін!*», «*Жақсылықты тілер едім!*», «*Шай ішуді қалаймын!*», «*Шай ішуді қалап тұрмын*», «*Шай ішуді қалар едім*», «*Егерде шай болғанда ішер едім*». Мұндай сөйлемдерде оптативтер мен рай категориялары және модаль сөздердің атқаратын қызметі бір еместігі көрінеді.

Тіл білімінде оптатив ұғымын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген - Р.Мразек. Ғалым орыс тілінің жай сөйлемдерін зерттеу барысында сөйлемдердің модальдану құбылысының басты себебі оның оптативтенуі деген пікір қалдырды. Кейінірек Р.Мразектің көзқарасын жалғастырып оптативтер жөнінде ғылыми ортада сала қалыптастырған чех ғалымдары – Я.Светлик, М.Грепл, Я.Бауэр және т.б. «Прагалық тілшілер ұйымында» оптатив қатысымды-модальды сөйлемдер, кейінірек қатысымдық мағынасы жоғары сөйлеудің түрі ретінде қалыптасты [63].

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің барлығы оптативтілік мағына бермейді. Мысалы, *балки, рас, шамасы, албетте және* т.б. модаль сөздер сөйлемнің модальдылығын білдірсе де, ондағы айтушының қалауын, тілегін білдірмейді. Ал *барғайсың, барғым келеді, барса екен* деген грамматикалық тәсілмен жасалған модальдылықтар айтушының тілегін көрсетіп тұр. Сондықтан, әр тілде оптативтердің дамуы әртүрлі жүреді. Балқан, түркі тілдерінде оптативтер рай категориясы арқылы көрініс тауып дамыса, латын, роман, славян тілдерінде шашыраңқы тұрғыда белгілі рай тұлғасына кіріктірілмей, модаль сөздер арқылы дамыған. Бұл тұрғыда К.Аханов: «Сөйлемнің модальдылығы бар да, райдың модальдылығы бар, бірақ бұл екеуі әрине бір емес. Сөйлем атаулының барлығында модальдылық бояуы болады, ал рай категориясы осы сөйлем үстіндегі модальдылыққа үстеме ретінде қосылған сөйлеушінің сол іске, уақиғаға қатынасы. Қалау рай сөйлеушінің іс-әрекетке ынтасын, тілегін, ниетін білдіреді. Осыған орай, етістіктің қалау рай түрінде эмоциональды-экспрессивті қасиеті, басқа райларға қарағанда басым болады» - деп, сөйлемдерде айтушының қалауы тек рай категориялары арқылы айқын көрінетінін көрсетеді [64, б. 441-442].

XX ғасырдың соңына қарай тіл ғылымында модальдылық пен оптативтіліктің айырмашылығы айқындалып, оптативтерді бөлек зерттеу арта бастады (В.А.Белошапкина [65], В.В.Белоусова [66], В.В.Виноградов [67], В.В.Востоков [68], Г.А.Золотова [69-70], В.А.Кокова [71], О.С.Крылова [72], П.А.Лекант [73], Д.А.Пороманов [74], Т.Н.Распопова [75], Н.И.Сидорова [76], П.Е.Слуцкина [77] және т.б.).

Бүгінгі күні тіл ғылымында оптатив ұғымының мәні мен оның модальдылық ұғымымен ара жігін терең түсініп алуға бірнеше пікірлер қалыптасқан. Мәселен,

- Структурная схема предложения обладает такими грамматическими свойствами, такими особенностями своего языкового существования, которые позволяют обозначить, что то, о чем сообщается или реально осуществляется во времени (настоящем, прошедшем или будущем; это - план реальности или, что то же самое, временной определенности), или же мыслится как возможное,

желаемое, должное или требуемое (это - план ирреальности или, что то же самое, временной неопределенности). Значения времени и реальности/ирреальности слиты воедино; комплекс этих значений называется объективно-модальными значениями или объективной модальностью» [78],

- Сөйлеушінің қалауы көрініс тапқан, сондай-ақ көрсетілген оқиға орын алатын сөйлеу актісі. (Е.Е.Корди) Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «выражающие желание говорящего, чтобы имела место обозначаемая ситуация» [79].

- Оптативтер бұл айтылым, айтушының пікірі, тілегі, қалауы ретінде анықталған оптативтердің категориялық мәртебесі мәселесіне белгілі бір айқындылық берілген (А.В.Бондарко) [80].

- Оптативтер тек қалау райдан жасалған сөйлемдер емес, ол бүкіл адамның ішкі дүниесі, оның қалауы, сөйлемдердің қалаулық модальдылығы. Е.В.Алтабаева: «оптативность является универсальной категорией языкового сознания человека, она интерпретирует и синтезирует комплекс коммуникативных интенций говорящего и систему средств, которые репрезентируют семантику желательности» - деп, пікір білдіреді [81, б. 2].

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың еңбектерінде оптативтік сөйлеу актілерінің қатысым барысында маңызы жоғарылығы, күнделікті жүзеге асырылатын сөйлеу актілерінің басым көпшілігі айтушының қалауынан, тілегінен туындайтыны дәлелденген. Демек, біздің ойымызша **оптативті сөйлеу актісі** – бұл сөйлеуші субъектінің мәлімдеуінен шыққан жанамаланған дәлелді іс-әрекет. Яғни бірінші жақтың екінші жаққа жеткізетін тілегі, сөйлеуге деген оның ішкі қалауы. Сонымен бірге біз **оптативтілік** деп функционалды семантикалық категорияны түсінеміз, ал оның мазмұндық қыры модальді субъектінің қандай да бір мүмкін болатын әлемдегі жағдайды өзіне қалаулы деп түсінуі. Біз осы анықтаманың негізгі түйінін есепке ала отырып, оның мазмұнына кейбір елеулі компоненттерді қосу арқылы мағынасын кеңейтпек ойымыз бар. Қалау – бұл оптативтік айтылымның бір түрі, яғни осы оптатив арқылы сөйлеуші жақсы немесе жаман тілектерін хабар жолданушыға, өзіне немесе үшінші біреуге бағыттап айтуы, сонымен бірге қалаулы жағдайдың субъектісі болып хабар жолданушымен бірге сөйлеушінің өзі де, үшінші жақ та бола алады. Қалаулы жағдай субъектілеріне хабар жолданушымен бірге сөйлеушінің өзін де, үшінші жақты да қосу шешімінің дұрыстығы Е.В.Алтабаеваның докторлық диссертациясында көрсетілген [82]. Оптативтілік тақырыбын жүйелі түрде зерттеген ғалым Е.В.Алтабаева көркем мәтіндегі оптативті семантиканы жасаушы тілдік бірліктерге кеңінен тоқталып, олардың жазушылардың өзіне тән стилін қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Жұмыста, кең теориялық және тәжірибелік материалдар негізінде оптативтілік категориясының концептуалдық негізіне талдау жасап, осы категорияның когнитивті компонентін көрсетеді, сонымен бірге оптативтілік категориясының тіл әлеміндегі рөлін және орнын айқындайды [82, б. 254].

Сөйлеудегі құттықтаудан кейін тілектің келуі – қазақ тілінде қалыптасқан сөйлеудің орын тәртібі [83, б. 184-185]. Мысалы: *1. Туган күніңізбен! Алла*

арқашан жар болсын! Отбасылық бақыт тілеймін! 2. Туған күніңізбен! Өмір жасыңыз ұзақ болсын! 3. Шын жүректен құттықтаймын! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеймін! 4. Туған күніңізбен! Сізге өмірдегі барлық жақсылықты тілеймін! 5. Туған күніңізбен құттықтаймын! Деніңіз сау, өмір жасыңыз ұзақ болсын, аға! 6. Туған күніңізбен! Кішкентай Кәусарыңыздың қызығын көріңіз!

Оптативтердің жасалу жолдары көп жағдайда қалау рай арқылы жүзеге асқанымен, кей жағдайларда модаль сөздер, етістіктің шартты рай қосымшалары арқылы жасалады. Сонымен қатар қалау, тілек мәнді сөйлемдердің жасалуына көмекші сөздер де пайдаланады. Енді қалау, тілек мәнді сөйлемдердің жасалу жолдарына тоқталайық.

Н.Н.Орлова қалау, тілек мәнді мағынаны: «1) отглагольные имена существительные: желание, пожелание, нежелание, хотение, мечтание, мечта, намерение, рвение, стремление, страсть (к...), попытка, жажда, потребность, охота (хотение, желание);

2) имена существительные с обозначением лиц (модально-оценочные имена желательности) охотник I не охотник (охотница I не охотница);

3) слова категории состояния, модально-оценочные слова желательности, «безлично-предикативные слова», «синтаксические дериваты оптативных глаголов» охота I неохота.»- деп, үш түрлі жолмен жасалатынына баса назар аударады [84, б. 15].

А.К.Орозова қалау мәнді сөйлемдер үш түрлі жолмен жасалатынын атап көрсетеді. «Грамматические средства (формы сослагательного наклонения, независимый инфинитив или обусловленная именная синтаксема с частицей бы) конституирует синтаксическое ядро поля желательности. Лексические средства (модальные глаголы, слова категории состояния, отглагольные существительные, находящиеся в деривационных отношениях) составляют периферию данного функционально-семантического поля. Переходную зону поля оптативности составляют высказывания, конституируемые формой императива в ее внепарадигматическом, оптативном употреблении типа Разрази тебя гром; Помоги ему Бог!» [85, б. 16].

Қазақ тілінде қалау мәнді сөйлемдер тек қалау рай арқылы жасалмайды. Бұл турасында *Б.Ж.Доскеева «Қазақ тіліндегі тілек, мақсат мәндегі сөйлемдердің жасалу жолдары» атты мақаласында* «көптеген грамматикалық тұлғалар тілек, мақсат, арман, өтініш сияқты мәндерінде қолданылады. Тіл жүйелерінің түрлілігі қалау, тілек мағынасының берілу жолдарын, олардың өзара айырмашылықтарын, семантикалық, стильдік ерекшеліктерін зерттеуді қажет етеді»- дей келе, мақалада «-а, (-е)» көр (көрме) форманты, (-ар, -ер, -р) жұрнағы мен еді көмекші етістігінің тіркесі, «-са (-се)» де тұлғасы, «-ғалы, -гелі, -қалы, -келі» жұрнағы, «-лы (-лі)» және «-ң (-ың, -ің)» қосымшалары, «-сана» тұлғасы жайлы зерттеулерге талдау жасалады. Қалау рай парадигмасына кірмейтін осы грамматикалық тұлғаларға жеке-жеке тоқтап, мысалдар арқылы қандай мағынада және қандай реңкте беріліп тұрғаны қарастырылады. Сондай-

ақ зерттеу нәтижелері арқылы кейбір тұлғалардың ауызекі сөйлеу тілінен ығыстырылып, тек көркем әдебиетте қолданылатындығын сөз етеді [86, б. 28].

Демек, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескере келе, (агглюнативті қыры) қалау, тілек мәнді сөйлемдерді жасалу жолдарына қарай үшке бөлуге болады (Сурет 5).



Сурет 5 – Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің жасалу жолдары.

1. Лексикалық жолмен жасалған қалау, тілек мәнді сөйлемдер - қалау, тілек мәнді беретін сөздер. Қазақ тіліндегі тілеу, армандау, қалау, тырысу, жақсылық, жамандық, ізет, құрмет және т.б. сөздер сөйлемдерге модальдылық рең берумен қатар ондағы айтушының қалауын да білдіреді. Мысалы, «*Уа, Құдай, менің арманым – баламның тірі болуы*» деген сөйлемде «*арман*» сөзі айтушының тілегін білдіріп отыр. Сол секілді «*Қызым, барған жеріңде жамандық көрме*» сөйлемінде «*жамандық*» сөзі айтушының қалауын білдіруде. Қалау, тілек мәнді сөздердің мағыналары әсіресе дерексіз зат есімдерде айқын көрінеді. «*Мен оған өмір бойы жақсылық жасар едім*» сөйлемінде «*жақсылық*» сөзі дерексіз зат есім болса да «*еді*» көмекші сөзімен тіркесіп сөйлемге қалаулық мән беруде. *Мен саған бақыт, жақсылық тілеймін. Ол жаңа көйлек алуды армандайды.*

2. Морфологиялық жолмен жасалған қалау, тілек мәнді сөйлемдерде модальдылық мағына жұрнақтар жалғануы арқылы жасалады. Бұл тәсіл қалаулық мағынаны білдірудің ең өнімді түрі. Қалаулық, тілектік мағынаны беруде шартты райдың жұрнақтары өнімді рөл атқарады. Белгілі түркологтар А.Серебренников пен Н.З.Гаджиевалар: «шартты райдың «-са», «-се» тұлғаларын көне қалау рай немесе оптатив көрсеткіштерімен байланыстыру ерекше назар аударуды қажет етеді. Шын мәнінде, түркі тілдерінде «-са» тұлғасының оптативтік, яғни қалау мәнін беруі жиі кездеседі. Демек шартты райдың «-са» көрсеткіші оптативтің көне көріністерінің бірі ретінде қолданылып, кейінірек шарттылық мәнін беру үшін қолданыла бастаған» - деп,

тұжырымдайды [87], [88]. Демек, шартты райдың «-са», «-се» жұрнақтары көнерген қалау райдың жұрнақтары болғандықтан, бүгінгі күннің өзінде сөйлемге қалаулық модальдылық береді. Жалпы қазақ тіліндегі жұрнақтардың полисемиялығы кездесіп тұрады. Мұнда әрине «-са», «-се» шартты райдың жұрнағы «қосымшалардың бір мезгілде бірнеше мән беруі, басқаша айтсақ, полисемиялы қолданыста болуы, бір жағынан, осы тұлға арқылы жасалған құрмаластардың бір негізден шыққандығын көрсетсе, екінші жағынан, сөйлемді контекстен бөліп қараудың салдарынан» [89, б. 234],-деп, есептейміз. Шартты райдың «-са», «-се» жұрнақтары жіктеліп келіп, «ғой», «еді», «екен», «етті» көмекші сөздерімен және «ма», «ме» сұраулық шылауларымен жалғанып модальдылық мәнге ие болады. Мысалы:

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «екен» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Анам тезірек келсе екен.

Ә. Мен мектепке барсам екен.

Б. Биыл ҰБТ-ны жақсы тапсырып оқуға түсіп кетсек екен, а, досым, сен не дейсің?

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «деймін» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Жарықтық әкең екеуміз сенің тойыңды көрсек дейміз.

Ә. Кешкісін Айманмен серуендеп қайтсам ба деймін!

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «ғой» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Анам ертең дүкенге барса ғой.

Ә. Маған көп тәтті әкелсе ғой.

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «етті» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Ағамдар қаладан тезірек келсе етті.

Ә. Айымжан тезірек ән айтса етті.

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «игі еді» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Марат тезірек колхоз бастығына жолықса игі еді.

Ә. Полктен көбірек оқ-дәрі алып келсе игі еді.

Б. ... «Япырай, осы уақытқа дейін хан иемнен бір дерек болса керек еді. Үн-түнсіз ұзақ кеткені қалай? Әлде қосындарын ертіп, жер шетінде, қидаласқан майдан шебінде жүр ме екен? Солай шығар... Алтын басы аман болса игі еді?!» [90, б. 4].

В. Бір бүйірден жау тиіп, ел іргесі шайқалып тұрған шақ. Сүзгенің жанына тыншу бермей, күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырған кеп осы еді. «Түбі қайыр болғай. Хан ием аман болса етті» [90, б. 7].

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «-шы», «-ші» жұрнақтары 3 жақтан жіктелген формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы: *Мен тұрсамшы, мен жүгірсемші, сен отырсаңшы, сен тұрсаңшы, олар барсашы.*

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «-ма», «-ме» болымсыз етістіктің жұрнақтары жақтан жіктелген формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы: *Жамандық көрме, иттік жасама.*

Жалпы қазақ тілінде шартты райдың «-са», «-се» жұрнақтары «тілек, қалау, арман сияқты модальдылық мәнді білдіріп, тиянақты мәнінде сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: *Шіркін, биыл оқуға түссем! Осы отырысыңды әкең көрсе!* Бұнымен бірге шартты райлы етістік жіктеліп келіп, «гой», «еді», «екен», «етті», «ма», «ме» сұраулық шылау сияқты көмекші сөздермен тіркесіп, сөйлемді аяқтап тұрады да, сөйлеушінің тілек – арманын, өтініш-өкінішін, болжам-ниетін білдіреді: барсам екен, барсам игі еді, сөйлесең етті және т.б. [91, б. 514].

Қазақ тілінде қалау рай сөйлемдегі қалаулық мағынаның модальдылығын беруде басты қызмет атқарады. Себебі қалау рай «сөйлеушінің қимыл іс-әрекетті орындауға я орындамауға қалау, ниет, ынтасын білдіреді» [91, б. 514]. Қалау рай «сөйлеушінің әлі жүзеге аспаған немесе келешекте болуы ықтимал іс-қимылды білдіреді» [92, б. 14]. К.Аханов: «Қалау рай сөйлеушінің іс-әрекетке ынтасын, тілегін, ниетін білдіреді. Осыған орай етістіктің қалау рай түрінде эмоциональды-экспрессивті қасиет басқа райларға қарағанда басымдау» - деп, қалау рай басқа райларға қарағанда сөйлемдерге көбірек модальдылық беретінін айтады [64, б. 442]. Қалау райдың «-қы», «-ғы» жұрнақтары жіктеліп келіп, «кел», «келеді», «келді», «игі», «екен» көмекші сөздерімен тіркесіп модальдылық мәнге ие болады. Мысалы:

А. Менің кітап оқығым келеді.

Ә. Сенің көйлек алғың келеді.

Б. Оның театрға барғысы келіп тұр. Негізгі етістіктерге «-ғы», «-гі», «-қы», «-кі» қосымшасы жалғанып, тұлғаланып барып, оған «кел», «келді», «келеді» көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады:

А. Мұның уылжыған жастығы мен балғын көркін көре алмаған көп күндестің тарататын қаңқу сөздерінен хан иесінің бауырына тығылып алып, қорғанғысы келетін... [90, б. 10].

Ә. Бар болғаны – үлкен ханымдардың айбынынан жасқанып, оңашалықты қалағаны. Иелігіндегі алақандай қамалға бөгде көздер қадалмас, жат сөздер таралмас дегені. Әйтсе де көңіл түкпіріндегі ең қастерлі тілегі – хан иесімен сиректеу болса да оңаша қалатын сәттерін әуес көзден тасада құпия ұстағысы келмеп пе еді?! [90, б. 13].

Б. – Тәте, менің дәрігер болғым келеді, көкемнің арманы сол еді гой. Соны орындасам деймін, бірақ... – Зағипа ар жағын айтпай мүдіріп қалды [90, б. 84].

➤ «-ғай», «-гей», «-қай», «-кей» келер шақтың қосымшасының үстелуі арқылы жасалады. *Сен ертең кіші анаңның үйіне барғайсың. Тезірек жүргейсің. Балабақшаға баланы сен апарғайсың. Терезеден сыртқа телміріп қарай-қарай көзі талып, сілесі қатқан шақта төсегіне барып қисайған. Көзі ілініп бара жатыр екен, әлде бір шудан, үздіксіз дүрсілден шошып оянганы. «Қалың кәпір ат ойнатып, қалаға басып кіргеннен құдайым сақтағай! Бұл неғылған шу,*

недеген тарсыл?» Қатты шошынған ол ызы-қызы шудан тұнған құлағын екі алақанымен баса қойды. Алайда толастар емес [90, б. 5].

«...Осы сарайды хан иесі өзіне арнап салдырып еді. Тек, Тәңірі осының игілігін ұзақ көруге жазғай», – деп тілейді (Ш.Бейсенова).

Аттап басса, сын көз мұның тек жаңсақ қадамын аңдып, бетіне басуға әзір. Ордадағылардың осы пиғылын сезгенде: «О, Тәңірім, мені абыройсыздықтан, бетіме шіркеу болар әлдебір өрескелдіктен, әмсе, хан иемнің атына кір келтірер жаманаттан өзің сақтағайсың», – деп жебеуші иесіне жалбарынумен болды. Әлі де жалбарынып келеді (Ш.Бейсенова). Бұл қосымшалар келер шақты білдіріп тұрса да, айтушының қалауын, тілегін білдіруде. Өйткені көне түркі тілінде келер шақтың «-ғай/-гей» қосымшасының қалау білдіру үшін қолданылғандығы белгілі [93, б. 92]. «-ғай/-гей» жұрнағы қыпшақ тілі дәуірінен бастап, келер шақ қызметінен бірте-бірте қалау рай қызметіне ауыса бастады [94, б. 133]. Бұл жұрнақ шағатай тілі дәуірінде болса, «келешек-қалау» мәнінде қолданылған [95, б. 124].

➤ «-ар», «-ер», «-р» қосымшаларының үстелуі арқылы және осы тұлғаға «еді» көмекші сөздің жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

А. Ол қалада болса, келер еді.

Ә. Мүмкін барарсың. Мүмкін қаларсың. М.Томанов бұл жұрнақтың түркі тілдері арасында ең көп таралған тұлғалардың бірі екендігін және жалпы түркілік қалау рай тұлғасы екендігін атап өтеді [91, б. 155-156].

➤ «-айын», «-ейін» қосымшалары арқылы және осы тұлғаға «деп» көмекші сөздің жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

А. Мен бүгін қалаға барайын деп тұрмын.

Ә. Олар үйге келейін деп жатыр.

➤ «-мақ», «-мек» қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы:

А. Олар үйге келмек ойлары бар.

Ә. Менің сенімен бірге бармақ ойым бар.

➤ «-шы», «-ші» өтіну, тілек мәнді білдіретін жұрнақ арқылы жасалады.

Мысалы:

А. Ең болмаса бір стакан шай ішіп кетсейші [96, б. 24].

Ә. Қойшы, Сашенька, өтінемін, бармайықшы! [96, б. 121]

Фразеологиялық тіркестерге бұйрық райдың «-сын», «-сін» қосымшалары жалғануы арқылы қалаулық мағына беріледі. Мысалы:

А. Өмір бойы мұртыңды балта шаппасын.

Ә. Олармен тонның ішкі бауындай аралас.

Б. Бәтшағар, аузына құм құйылсын.

Фразеологиялық тіркестер бұйрық райда айтылып, қалау, тілек мәнін білдіреді. Мысалы: Қызым барған жеріңде тастай батып, судай сің. Отырғанда, жұмған аузыңды ашпа.

3. Синтаксистік жолмен жасалған қалау, тілек мәнді сөйлемдер.

Сөйлемге қалау, тілек мәнді беру үшін сөздердің байланысы шешуші рөл атқарады. Қазақ тіліндегі «Құдай сақтасын», «Құдай ұрсын» сынды сөйлемдер мәтінге модальдылық рең берумен қатар ондағы айтушының қалауын да,

мәтіннің эмоциональды-экспрессивті бояуын да қалыңдатады. Мұндай сөйлемдердің соңында леп белгісі болады. Мысалы, «Сені құдай сақтасын!», «Жортқанда жолың болсын!» деген сөйлемдер айтушының тілегін білдіреді отыр. Сол секілді «Төбеңнен» сөйлемінің жамандық сөзі айтушының қалауын білдіруде.

Оптативті сөйлеу актінің категориялайтын параметрлердің ең негізгілерінің бірі талдау барысында логикалық жолмен анықталып, болымды сөйлем ретінде рәсімделетін сөйлеу субъектінің прагматикасы болып табылады. Шынында да, егер субъект өз сөзін бақыласа, яғни тіл құралдарын шартты түрде қолданса, онда әрине, сөйлеу ниеті мен оның сөйлеу барысында орындалуының ара қатынасы жайлы қорытынды орынды болады. Сөйлеу акті барысында, біз өзіміздің сөйлеу ниетімізді айтпаймыз, ішімізден оны тұжырымдамаймыз, сондықтан оны тұжырымдау жайлы айтатын болсақ, біз оны талданып жатқан сөйлеу нұсқасының мета сипаттамасында тек белгілі бір деңгейде ғана көрсете алатындығымызды түсінуіміз керек. Әрине, мұнда оның релевантты параметрлері мен дискурсивті ерекшеліктері есепке алынады.

Белгіленген позицияларынан, мысалы, қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативті айтылымдар келесідей сипатталуы мүмкін. Мұнда біздің императив-оптативтерін сипаттауымыздың негізгі себептерінің бірі оптативтің бұл түрі синкретикалық ерекшелікке ие, сондықтан да оптативтердің кейбір ерекшеліктеріне айқын суреттеме беруге мүмкіндік береді.

Оптативті мағыналардың қалыптасуындағы шешуші факторлар негізінде коммуниканттардың прагматикалық пресуппозициялары, яғни біз **Р орындалатындығын білемін** немесе **Мен сенің не қалайтындығыңды білемін** сияқты когнитивті формулаларда көрсеткен нұсқалар болады.

Бұдан шығатыны оптативті айтылымдардың коммуникативті семантикасы келесі факторлармен шартталады:

1. **Грамматикалық форма (үлгі).**
2. **Лексикалық құрылым(грамматикалық пішінмен ара қатынасы).**
3. **Прагматикалық пресуппозициялар.**
4. **Сөйлеушінің интенциясы (сөйлеу субъектісінің прагматикасы).**
5. **Қарым қатынас жағдайы, немесе дискурсивтік ережелер.**

Қарым-қатынас жағдайы деп бұл сөйлеудегі өзара әрекеттесу ерекшелігіне тікелей немесе жанама ықпал етуші экстралингвистикалық факторлары деп түсінуге болады, ал егер қарым-қатынас жағдайы тұрақты болса, онда бұл дискурс параметрлері болады.

Біздің пікірімізше, ядролық құрылым релевантты пресуппозициялармен бірге түгелдей оптативті айтылымның категориялайтын (интегралдайтын) белгісі деп есептеледі, себебі оның жалпы семантикасы мен семантика-прагматикалық шамасын көрсетеді. Сонымен бірге бір ескертетін жайт, мұнда қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативтердің айқын синкретизмін ескерсек, онда ядролық компонент жайлы тек осы типтегі оптативтердің мазмұнының бифункционалдығын мойындағанда ғана айта аламыз. Сонда сөйлеу актісінің иллюкутивті функциясының экспликациясына жүгінер болсақ,

онда қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативтер келесідей болуы керек (Кесте 5).

Кесте 5 – Оптативті айтылымдарды иллокутивтік функциясы мен пропозицияларына қарай талдау үлгісі

Функция көрсеткіші	<i>P</i> - Пропозиция
<i>F1 Мәлімдеймін</i>	<i>Мен қалаймын</i>
<i>F2 Өтінемін</i>	-

Мұнда *P*-екі ядролық құрылымды құрушысына ортақ сөйлеу актісінің перлокутивті әсерін көрсетуші пропозициясы. Осы пропозиция ядролық құрылымның екі пропозициясына да ендірілген. Мысалы: өтініш-қалау ретінде қолданылған *Сіз басқа орынға отырыңыз* сөз орамы құрушыларға келесідей бөліне алады (Кесте 6).

Кесте 6 – «Сіз басқа орынға отырыңыз»-деген қалау мәнді айтылымның иллокутивтік функциясы мен пропозицияларына қарай талдау

Функция көрсеткіші	Пропозиция
<i>F1 Мәлімдеймін</i>	<i>Мен қалаймын: Сіз басқа орынға отырыңыз.</i>
<i>F2 Өтінемін</i>	<i>Сіз басқа орынға отырыңыз.</i>

Егер сөйлеушінің прагматикалық ниетіне қарайтын болсақ, онда қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативтің директивті функциясы *F2* өзінің үстемдігімен ерекшеленеді, себебі дәл осы функцияның орындалуы коммуникативті жағдайдың шешілуіне әкеледі, ал сонымен бірге бұл директивті функцияға сөзсіз *F1*-репрезентативті функциясы ілеседі. Мұндай жағдайда айта кету керек, кез келген қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативтің құрамында лексикалық мағынасы жоқ каузацияның коммуникативті элементі бар.

Алайда мұндай типтегі оптативтердің ішінде бұдан да күрделірек ядролық құрылысы бар оптативтер кездеседі (Кесте 7).

Кесте 7 – Күрделірек ядролық құрылысы бар оптативті айтылымдарды иллокутивтік функциясы мен пропозицияларына қарай талдау үлгісі

Функция көрсеткіші	<i>P</i> - Пропозиция
<i>F1 Мәлімдеймін</i>	<i>Мен қалаймын</i>
<i>F2 Өтінемін</i>	<i>Сен орындайсың</i>

Сөйлеушінің қалауындағы және Р пропозициясында көрсетілген оқиға орындалу үшін хабар жолданушы Р пропозициясындағы оқиғаның орындалуына әкелетін Р1 пропозициясында көрсетілген белгілі бір іс-әрекет (немесе бір қатар іс-әрекеттер) жасау керек, мысалы:

Біреу өзінің бағынышты адамына: «*Мен осы кітапты қалар едім*».

Алдын қолданылған талдау әдісін қолдана отырып, бұл сөз орамды келесідей көрсетуге болады (Кесте 8).

Кесте 8 – «*Мен осы кітапты қалар едім*» -деген қалау мәнді айтылымның иллюкутивтік функциясы мен пропозицияларына қарай талдау

Функция көрсеткіші	Пропозиция
F1 Мәлімдеймін	<i>Мен қалаймын: Менің кітабым бар.</i>
F2 Өтінемін	<i>Сен P1-ны орындайсың (маған кітап алып бересің, сатып аласың т.б.): Менің кітабым бар.</i>

Әрине, мұнда Р1 бір реттік іс-әрекет ретінде де, не іс-әрекеттер қатары ретінде де бола алады.

Қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативтің директивті құрамдас бөлігі сөйлеушіде Мен Р1-дің орындалуы мүмкін екендігін білемін және Р1-ді сен жасай алатындығыңды білемін деген пресуппозициясының барлығын болжайды. Бұл, әрине, Дж.Серль бойынша, ниет адалдығы шартын сақтаған жағдайда орындалады, себебі сөйлеуші өз өтінішін осы типтегі айтылым арқылы білдірген кезде осы шарттың орындалатынына шынымен сену керек немесе оның айтылымды орындалатынына сенетін шарттары болуы керек [97].

Қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативті айтылымдарды басқа семантикалық оптативтердің түрлерімен салыстырар болсақ, онда осы коммуникативті оптативтердің барлығына ортақ Мен Р-ны қалаймын мағынасындағы компоненті болады, ал Р-ны орында компоненті қалау мағынасы шарт, мақсат, салыстыру мағынасымен байланысты кейбір оптативтерде ғана болады. Қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативті айтылымдардың прагматикалық пресуппозициялық негіздерін Е.Е.Корди бөліп көрсеткен басқа типтегі оптативтермен салыстырған кезде олар кейбір позицияларда бір-біріне ұқсас келетіндігін байқаймыз [79]. Бұл қазіргі уақытта орындалмайды (1) (бірақ басқа жағдайда орындалады) және Бұл қазір орындалады (2) пресуппозицияларының арасында түбегейлі ерекшелік бар, себебі сөйлеушінің сөйлеу ниетін қалыптастыруда оның когнитивті негізі болып табылады, яғни бұл айырмашылық оптативті айтылымның прагматикасына тікелей әсер етеді. Расында да сөйлеуші шөл далада бола

тұрып *Мен қазір суға бір сүңгіп алар едім* деген сөз орамын айтқан кезде ол бұл айтылым арқылы өзінің жанама өтінішін де білдіре алмайды, алайда жалпы бұл тілек әбден орындала алады. Сонымен бірге теңіз жағасында айтылған бұл айтылымды хабар жолдаушы іс-әрекетке етуге түрткі болатын айтылым ретінде қабылдайды.

Алайда қалаумен байланысты тілек мағынасындағы оптативті айтылымдарды тәуелсіз сөйлем ретінде қолданылатын қалау мағынасындағы айтылымдармен шатастыруға болмайды. Мұнда, бұл – ең дұрысы, Дж.Серль бойынша, жанама сөйлеу әктісі немесе Г.П.Грайс бойынша тұспалдау-имплекатура болып табылады.

Сонымен, оптативті айтылымның және оны хабар жолданушының түсінуінің коммуникативті негізін анықтауда шешуші рөлді қарым-қатынас жағдайымен анықталатын жалпы прагматикалық пресуппозициялар, сонымен қатар белгілі бір деңгейде дискурс параметрлері ойнайды.

Сонымен қатар оптативтің табиғатын анықтауда қарым-қатынас жағдайы сияқты фактор да себеп болады. Бұл фактордың релевантты белгісі оның бинарлық оппозициясы S шығарады P-ны vs S рұқсат береді P-ға, бұл жерде P-оптативтің пропозициясымен сипатталған әлемдегі жағдай. Егер оптативтің жағдайын анықтаушы ретінде осыны алсақ, онда келесі ара қатынастарды аламыз:

№1 S шығарады P-ны

№2 S рұқсат береді P-ға

№3 S шығарады P-ны

№4 S рұқсат береді P-ға

№5 S шығарады P-ны / S рұқсат береді P-ға

Барлық мысалға келтірілген қарым-қатынас модельдері оптативтердің прагматикалық пресуппозициялы негіздерімен тікелей ара қатынаста, сонымен бірге олардан P орындалады деп ойлаймын vs P орындалмайды деп ойлаймын когнитивті оппозициясын мүмкін-мүмкін емес моделіне эктрополяциялануымен (өзгеруімен, ауысуымен) ерекшеленеді.

Оптативтілік пен репрезентативтіліктің, сонымен бірге оптативтілік пен императивтіліктің ара қатынастары жайлы мәселе оптативті айтылым императивтіліктің де, репрезентативтіліктің де ерекшеліктеріне ие бола алатындығын есепке алсақ, онда бұл мәселе оптативтердің категориялық мәртебесін анықтауда негізгі мәселелердің бірі болатыны анық. Негізінде, «*Мен шай ішер едім*» сөз орамына «*Мен шай ішкім келіп тұр*» немесе «*Мен шай ішуді қалаймын*» айтылымдары, тек формалды грамматикалық ерекшеліктері бойынша болса да, олардың баламалы айтылымдары ретінде қолданыла алмайды. Алайда осы айтылымды қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қарастырсақ жағдай мүлдем өзгеріп кетеді, яғни мұнда эквиваленттіліктің өлшемі ретінде айтылым прагматикасы шығады (Кесте 9).

Кесте 9 – Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің сөйлесім жағдаятының экстралингвистикалық сипаттары мен прагматикалық аспектілеріне қарай талдау

Мысал	Сөйлеу жағдайының сипаттамасы	Прагматикалық эквивалент
1. <i>Мен шай ішер едім</i>	«Сен нені қалайсың?» сұрағына жауап («Не қаласаң орындаймын» деген конотациясыз)	Қазір шай ішер едім.
2. Қазір шай ішер едім	«Сен нені қалайсың?» сұрағына жауап («Орындаймын» деген конвенционалды конотациямен)	<i>Мен шай ішкім келіп тұр</i>
3. <i>Мен шай ішкім келіп тұр</i>	Шөлдегі арман	Мен қазір жоқ шайды армандап отырмын
4. Қазір шай ішер едім	«Не ішесің» деген сұраққа жауап (таңдау)	Мен шайды қалар едім.
5. <i>Мен шай ішер едім</i>	Бастығының ыстықта өз қарамағындағы адамға үндеуі	Маған шай алып келіңдер.

Кестеде көрсетілгендей (2), (3), (4), (5) эквиваленттері репрезентативті айтылымдар болып табылады да, тек (6) эквиваленті ғана директив болып табылады. Осыдан шығатыны «оптатив» термині синкретикалық сөйлеу актінің (репрезентив, директив), не репрезентативті белгілеу үшін қолданылады.

Мұндағы мәселенің түйіні барлық оптативтерге бір негізгі семантикалық компонентті, яғни әр оптативті айтылымның негізінде болатын семантикалық примитивті белгілеу қиын. Басқаша айтқанда, оптативтің семантика прагматикалық инвариантын анықтау қиын. Кестеде көрсетілген оқиғалардың эквиваленттері ішінен сөйлеуші кез келген уақытта *Мен шай ішер едім* нұсқасын таңдай алатындығының өзі оптативті айтылымдар категориясының бөлінуінің заңсыздығы жайлы айтуға негіз жоқ екендігін дәлеледейді. Сонымен, оптативтердің басқа коммуникативті сөйлемдерден айырмашылығының негізінде коммуникативті мағынасымен үйлескен айтылым формасының прагматикасы жатуы мүмкін.

Айтылғандардың бәрін есепке ала келе, оптативті айтылымдарды оптативті мағына көрсеткішінің сипат ерекшелігіне қарай классификациялауға болады. Оптативтіліктің категориясы қалау модальділік өрісіне жатады, сондықтан оптативтілік мағынаның экспликаты, оптативті айтылым мағынасының көрсеткіші ретінде *Мен қалаймын* Р ядролық сөйлемін санауға болады. Осылайша, барлық оптативтерді оптативті мағынаның көрсеткішінің сипатталу ерекшелігіне байланысты төрт топқа бөлуге болады:

- 1) *Оптативті мағына көрсеткіші толық сипатталған сөйлемдер;*
- 2) *Оптативті мағынасы көрсеткіші редуцияланған сөйлемдер;*
- 3) *Оптативті мағынаның лексика-синтаксистік көрсеткіші бар айтылымдар;*

4) *Жанама оптативті айтылымдар.*

1) *Оптативті мағына көрсеткіші толық сипатталған айтылымдар;* Айтылымның бұл түріне етістік не модальді предикатив пен модальді бөлшектен тұратын аналитикалық құрылым жатады.

Бұл топқа айтылымдардың келесі түрлері кіреді:

А) Келесі құрылымдары бар сөйлемдер: 1) «-ғы», «-гі» жұрнақтарына тәуелдік жалғаулары жалғанған сөйлемдер. Мысалы: *Менің осы үйде қалғым келіп тұр. Сенімен ұзақ сөйлескім келеді.* 2) «-ар», «-ер», «-р», жұрнақтарына тәуелдік жалғаулары жалғанған сөйлемдер. Мысалы: *Мен де тауға барар едім. Сен үшін су әкелер едім.*

Ә) «-ғай», «-гей», «-қай», «-кей» жұрнағына «-сың» қосымшалары арқылы жасалған қалау мәнді модальдық мағына.

Мысалы: *Азамат тезірек мекеме бастығына барғайсың. Дәріханадан тезірек дәрі алып келгейсің.*

Б) Бұл топқа сонымен қатар, біздің пайымдауымызша, оптативті мағынасы модальді предикатив (қажет, керек) пен «еді» бөлшегінің үйлесуімен сипатталған кейбір айтылымдарды жатқызуға болады. Осы кезде «*керек (қажет) еді*» құрылымы бар айтылым объективті қажеттіліктің когнитациясы болып табылмай ма және ол жанама оптатив емес пе деген орынды сұрақтар туындайды. Біздің түсінігімізше, жанама сөйлеу акті жайлы тек егер коммуникативті мағынаны көрсету үшін қолданылған айтылым жанама қолданыста тұтастай немесе жартылай редуцияланған өзінің тікелей коммуникативті прагматикалық мағынасы болған жағдайда ғана айтуға болады. Осылайша, жанама оптативті анықтау үшін белгілі бір тест өткізу қажет, яғни айтылымның тікелей қолданысында оптативті мағына жойыла ма және жалпы айтылымда оптативті емес, тікелей мағынасы бар ма соны анықтау керек.

Мысалы: *Менің баруым қажет еді. Сен дәрімен бірге су ішуің керек еді.*

В) Айтылымдардың бұл түріне негізгі компонент ретінде «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «гой» көмекші сөзі формасы бар қалау оптативтері кіреді. Мысалы:

А. *Апам ертең дүкенге барса гой.*

Ә. *Маған көп тәтті әкелсе гой.*

Г) Айтылымның бұл түріне фразеологиялық тіркестерге бұйрық райдың қосымшалары жалғанған моделі бойынша құрылған фразеологияландырылған құрылымдар кіреді. Мысалы:

А. *Қызым барған жеріңде тастай батып, судай сің.*

Ә. *Отырғанда жұмған аузыңды ашпа.*

2) *Бұрынғы мағынасы көмескіленген оптативті сөйлемдер;* Сөйлемнің бұл түрі басқа мағына беретін қызмет көрсеткішінің бір компонентінің

қалаулық рең беруі. «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «екен» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Анам тезірек келсе екен.

Ә. Мен мектепке барсам екен.

Б. Мына жақта кедей Қамбар деген адам бар, сіз соны шақыртып алсаңыз екен (Қамбар батыр)

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «деймін» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына.

Мысалы:

А. Одан гәрі кітапқа ден қойса деймін (Иманжанов)

Ә. Кітапты сатып алмай тұрып әуелі оқысам деймін (Жұлдыз журналы).

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «ғой» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Анам ертең дүкенге барса ғой.

Ә. Маған көп тәтті әкелсе ғой.

➤ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «етті» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы:

А. Ағамдар қаладан тезірек келсе етті.

Ә. Айымжан тезірек ән айтса етті.

Бұл мысалда (2) айтылым қызметтің имплицитті көрсеткіші бар қалау оптативі болып табылады, ал (1), (3), (4), (5), (6) айтылымдардағы ілік септігіндегі зат есімдер және олардың лексикалық мағыналары редуцияланған «тілеймін» қызметінің көрсеткішіне анық меңзеп тұр.

3) Оптативті мағынаның лексика-синтаксистік көрсеткіші бар сөйлемдер; Сөйлемнің бұл тобына оптативті мағынаның лексикалық немесе морфологиялық көрсеткіштері жоқ айтылымдар кіреді, алайда олардың синтаксистік құрылымы мен кейбір тұрақты тіркестік компоненттері оларды дәл осы оптативті айтылымдар деп анықтауға септігін тигізеді. Мысалы: «*Уа құдай, менің арманым – баламның тірі болуы*» деген сөйлемде «арман» сөзі айтушының тілегін білдіріп отыр. Сол секілді «*Қызым барған жеріңде жамандық көрме*» сөйлеміндегі «жамандық» сөзі айтушының қалауын білдіруде. Қалау, тілек мәнді сөздердің мағыналары әсіресе дерексіз зат есімдерде айқын көрінеді. «*Мен оған өмір бойы жақсылық жасар едім*». сөйлемінде «*жақсылық*» сөзі дерексіз зат есім болса да «*еді*» көмекші сөзімен тіркесіп сөйлемге қалаулық мән беруде. «*Мен саған бақыт, жақсылық тілеймін. Ол жаңа көйлек алуды армандайды*». Бұл айтылымдардың оптатив екендігінің дәлелі олардың қызметін алмастырушы элементі ретінде тек тура оптативтер ғана бола алатындығында. Айтылымның мұндай түрлері, сондай-ақ «тілек» немесе «бата» мағынасын жеткізетін экспрессивті қызмет те атқарады.

4) Жанама оптативті айтылымдар. Эмпирикалық мәліметтермен жұмыс көрсетіп тұрғандай, жанама оптативті айтылымдардың әмбебап синтаксистік немесе морфологиялық типологиясын анықтау мүмкін емес дерлік, өйткені әр жеке коммуникациялық жайдайда айтылымдардағы оптативті мағынаны көрсететін түрлі мүмкіндіктері бар. Біз тек қарастырылып

жатқан грамматикалық субституцияның ең жиі кездесетін түрлерін ғана көрсете аламыз. Мысалы: «Құдай сақтасын!», «Сау бол!».

Бұл жердегі етістіктің бұйрық райда қолданылуы анық хабар жолдаушыға тілек тілеу ретінде қолданылған, себебі тілек, талап бойынша, дана болу мүмкін емес және бұл коммуниканттарға мәлім.

Сондай-ақ жанама оптативті айтылымдарға сұрақ түрінде құрылған айтылымдарды да жатқызуға болады:

– *Е, Құдай, – дедім мен баламның жанын алғаннан саған не пайда?*

Автордың пунктуациясы және метатекстік контексті бұл айтылымның сұраулы айтылым емес, қалау оптативі екендігін анық көрсетіп тұр.

Сонымен оптативті сөйлемдер қолданылу сипатына қарай эмоциональды-экспрессивті жүйе болып табылады. Сондықтан да оптативті сөйлемдерді оның екінші эмоциялық қырларын түсінгенше игеру мүмкін емес. Оптативті сөйлемдер, біріншіден, жасалу жолдарына қарай көптеген моделдер жүйесі. Екіншіден, кез келген тілекті, қалауды, ниетті т.б. жеткізетін күрделі ақпараттық құрылым.

1.3 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың психологиялық негіздері

Жоғары оқу орындары білім алушыларының негізгі қажеттіліктерінің бірі – түрлі деңгейдегі тұлғааралық тілдік қарым-қатынас. Тұлғааралық қарым-қатынас барысында олар өз адресаттарын ғана емес өздерін де тани бастап, өздеріне қажетті әлеуметтік ортадағы өмірлік тәжірибе жинай бастайды. Тұлғараалық тілдік қатысым барысында олардың бойында түрлі деңгейдегі өзгерістер байқалады. Мәселен, өзара достық қарым-қатынасының дамуы, өзара білім мен тәжірибе алмасуы, ой пікірлерін бөлісуі т.с.с. Әрі студенттер әртүрлі әлеуметтік-тілдік орта өкілдерімен қатысымға түсу нәтижесінде психологиялық, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан жетіле, дами түспек.

Жалпы психологиялық даму жағынан алып қарағанда, жоғары оқу орнында білім алу кезінде студенттің қарқынды түрде әлеуметтенуі, жоғары психикалық функцияларының дамуы мен тұлғалануы өтетін мерзімі [98, б. 309]. Бұл кезеңде олардың ақылойы мен физикалық күш қуаты белсенді дамуы мен өз алдарына үлкен мақсат міндеттер қойып соған қарай әрекет ету үстінде болады [99, б. 25-26]. Өйткені адам өмірінің аталмыш кезеңінде ақылой әрекеті жылдам қарқын алып, есте сақтау қабілеті жоғарылап, зейіні артпақ [99, б. 25].

Тұлғаланумен қатар студенттік кезеңде жоғары мектеп білім алушылары өз қабілеттіліктерін қалыптастырып, саналы және мақсатты түрде өзін өзі дамыта бастайды [100, б. 273].

Сондықтан бүгінгі таңдағы жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында студенттердің жалпы интеллектуалдық даму деңгейін, қызығушылықтарын, мотивтерін, мінез-құлық ерекшеліктерін, темпераменттерін, жұмысқа деген икемділіктері іспетті психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Жоғары мектепте қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқыту үдерісін ұйымдастыру кезіндегі студенттердің бойындағы психикалық ерекшеліктерін ескеруден бұрын жалпы сөйлеу актісі, сөйлесім жағдаяты, коммуниканттардың психологиялық аспектілерін саралау, қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі мен оны қатысымдық тұрғыдан оқытудың психологиялық негіздерін анықтауға зор үлесін қосады.

Адамдар, негізінен, белгілі бір формада орын алатын тұлғааралық тілдік қатысым кезінде ғана өз ойлары, пікірлері, сезімдері, қалаулары мен тілектерін толыққанды түрде коммуниканттарына жеткізе білу мүмкіншіліктеріне ие болмақ. Ол мүмкіншіліктердің бірі, әрі біздің тарапымыздан ең жиі қолданатынымыз – вербалды сөйлеу әрекеті. Сөйлеу – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының тарихи қалыптасқан формасы. Сөйлеу адамдардың қарым-қатынас кезінде бір-біріне ойларын жеткізудің негізгі құралы бола тұра, ол ойлаудың негізгі механизміне айналмақ [101, б. 427]. Тіптен психологиялық ойлау үрдісінің абстрактілі түрінің орын алуын сөйлеу мен тілсіз елестету мүмкін емес [101, б. 427].

Сонымен қатар, сөйлеу үрдісі орын алатын тілдік тұлғааралық қарым-қатынас контекстерінің санатында оған қатысушы коммуниканттардың көңіл күйлері мен сезімдерін саралайтын психологиялық контексте қарастырылады [102, б. 16]. Демек, тілдік қатысым барысында сөйлеушінің сөйлеген сөзі мен тыңдаушының сол сөзді интерпретациялау әрекетіне олардың психологиялық көңіл күйлерінің әсері зор. Өз кезегінде ол психологиялық сөйлеу үрдісінің экспрессивтік қызметінен анық байқалмақ.

Білім алушыларға сөйлемнің экспрессивтік қызметін меңгерту үшін мәтін берілді.

Тапсырмасы: Мәтінді оқындар. Сөйлеу актілерінің айтылу стратегияларын анықтаңдар. Мәтіндегі адресанттың көңіл-күйіне әсер етіп тұрған сөйлемдерді талдап, қандай жолмен жасалып тұрғанын дәлелдеп түсіндіріңдер.

Жәңгір хан баласы өлгеннен кейін қайғырып, төсектен басын көтермей жатып алыпты. Оны естіген Едіге би ханның үйіне кіріп сәлем беріп, қазақтың әдет-ғұрпынша үй-ішіне көңіл айтқанда, Жәңгір, әдетінше, басын көтермей, теріс қарап жатқан орнынан тұрмайды. Сонда Едіге көтеріңкі дауыспен ханға былай деп көңіл айтады:

... Қос маңдайлы, құс таңдайлы бір қыран,

Балақ бауын үзіп, тұғырдан ұшты,

Құдайдың саған бір жабдығы түсті.

Көтересің – мойның күшті.

Оны алған құдай сенен де күшті.

Көтер, хан, басыңды,

Иш мынау асыңды.

Босатпа беліңді, Мұңайтпа еліңді.

Тозбасты ұста соқпайды,

Өлместі Құдай жаратпайды [103, б. 151].

Білім алушылар мәтінге талдау жасау арқылы, тілек мәнді сөйлемдердің экспрессивтік қызметін тереңірек игереді. Ондағы әрбір сөздің мағынасына талдау жасап, оның сөйлеу актісінде адресаттың көңіл-күйіне әсер ету ықпалын анықтайды.

Сөйлеудің экспрессивтік қызметі – әралуан хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағымен адамның жан дүниесін тебіrentіп, өзгелерге жеткізу тәсілі. Экспрессивті сөйлеуде әрбір сөз бен сөйлем адамның сезіміне әсер етіп, тұла бойын талап етеді. Сондықтан сөйлеу әрекетінің бұл түрі сөздерді нақыштап айту мен ой жүйесінің қисынды болуын талап етеді. Сөйлеген сөз, айтылған ой – адам психикасына күшті әсер ететін тітіркендіргіш [104, б. 146-147]. Берілген анықтамадағы сөйлеудің экспрессивтік қызметінің психологиялық сипаттамасы мен қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің денін экспрессивтік сөйлеу актілерінің санатына жатқызған Н.А.Трофимованың тұжырымдамасына сүйене отырып, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытудағы психологиялық негіздерін анықтаудың маңыздылығы мол екенін айта аламыз.

Бұл арада, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің экспрессивтік қызметі көбінесе адресанттың адресатқа қатысты аффективті және өзге де психикалық көңіл-күйін білдіру мақсатында жұмсалған алғыс не қарғыс мәнді сөйлеу актілерінен анық байқай аламыз. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің өзге түрлерімен салыстырғанда, бұл топтағы айтылымдардың экспрессивтік қызметі шынайы әрі олар спонтанды түрде айтылады. Мәселен, көбінесе жасы үлкен адамдар өзінен жасы кіші бейтаныс адам өзіне көмек берген жағдаятта оған ризашылығын білдіру мақсатында алғысын айтып *«Рақмет, қарағым, бақытты бол!»*, *«Рақмет, балам, үлкен азамат бол!»* деп өзінің ақ тілегін жаудырады. Берілген мысалдағы іспетті айтылымдардың орын алуы үшін адресанттың бойында көңіл күйінің көтеріліп, марқайып қалуы секілді психологиялық өзгерушіліктердің орын алуы шарт. Немесе күнделікті қарапайым тұрмыстық ауыз-екі дискурстарда жиі байқауға болатын жасы кіші баланың өзінен жасы үлкен кісімен амандасқанда соңғысының біріншісіне *«Дәу жгіт бол!»* деген жауабы және жас келіннің қайын жұртының үлкен мүшелеріне сәлем салғанда, олардың келінге *«Бақытты бол, келінжан!»* деп ризашылықтарын білдіруі. Бұл айтылымдарды адресант көбінесе жастар тарапынан өзіне көрсетілген құрметтеріне жауап ретінде білдіреді. Әрі тыңдаушысының әрекеті өзіне ұнағандығын көрсетеді. Ал өз кезегінде біреудің кез келген әрекетін ұнату ол адамның психологиялық күйіне оңтайлы түрде әсерін тигізеді.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің экспрессивтік қызметін оқытуда жағдаяттық тапсырмалар көптеп қолданылды.

Жағдаяттық тапсырма. *Жаңа түскен келін саған сәлем салды. Оған қандай тілектер айтасың?*

Жоғарыда келтірілген мысалдар мен тапсырмалар адресанттың көңіл-күйіндегі оңтайлы, жақсы өзгерістерге байланысты айтылған қалау, тілек мәнді

сөйлеу актілерінен құралған. Сонымен бірге сөйлеушінің көңіл күйіндегі адресат туғызған кері өзгеріске байланысты айтылған қалау, тілек мәнді айтылымдар да ұсынылды:

Жаман... шірік... – деді ол тістене сөйлеп. – Сенен күтіп-ақ ем осыны. Не әкеңнің құны қалды? Не болды енді? Өлдің ғой... Өлсең етті мұнан да... [105, б. 20].

– Өй, аузыңды ұрайын, жаман неме! – деді атам жекіріп. – Тұржанның тепкісін Аянмен бірге көрсең етті... Жаны тәтті шірік, көрінбе көзіме! ...[106, б. 30]

Оқылым. Сөйлемді нақышына келтіріп оқыңыздар.

Айтылым. Сөйлеу актісінде ерекше мәнге ие болып тұрған тіркестерді айтыңыздар. Олар қалай жасалып тұр? Пікірлеріңді дәлелдеңіздер.

Жазылым. «шірік», «жаман неме» сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып, анықтаңдар. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазыңыздар. Оны жұптық диалогте қолданыңыздар. Сөйлеу актісінде бұл сөздердің қабылдаушыға қалай әсер еткенін айтып, ой бөлісіңіздер.

Берілген айтылымдардан оларды айтушы адресанттың сөйлесім жағдаятында өз адресатына ашуланып тұрғанын аңғару қиын емес. Демек, тілдік қатысымның психологиялық контексті қарым-қатынастың әрімен қарай өрбу факторына ерекше ықпалын қалдырмақ.

Адресанттың адресатқа қатысты психологиялық көңіл-күйін білдіру мақсатында жұмсалатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінен басқа адресаттың өміріндегі айтулы күн немесе оқиғаға байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді айтылымдарда экспрессивтік қызмет атқарады. Алайда алғашқысымен салыстырғанда, соңғы топқа тиесілі қалау, тілек мәнді айтылымдардың экспрессивтік қызметтері – шартты, яки конвенционалды болмақ. Себебі ондай ауызекі қарым-қатынас барысында адресаттың өміріндегі қуанышты сәттерімен бөлісіп отырған адресанттардың барлығы дерлік тыңдаушысына деген шынайы ақжарқын көңіл-күйін білдіре бермеуі ықтимал. Ондай сөйлесім жағдаяты барысында кейбір адресанттар жай ғана сыпайылық стратегиясын сақтау мақсатында қуаныш иесіне өзінің тілектерін жолдауы мүмкін. Ондай болған жағдайда, аталмыш айтылымдардың экспрессивтік қызметтері жалған екендігі анықталады.

Жоғарыда аталмыш топқа жататын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің экспрессивтік қызметтерінің шынайылық деңгейін адресант пен адресаттың әлеуметтік статустары, жас және жыныстық ерекшеліктері мен тұлғааралық қарым-қатынас жақындықтары анықтайды. Мәселен, жас ата-анаға жақын жанашыр туысқандары шілдеhana бесік тойында «*Жарық дүниеге шыр етіп келген сәбиімізге анасының көркін берсін, әкесінің бөркін берсін, әжесінің ақыл-ойын берсін, атасының абыройын берсін! Өссін-өнсін, жамандық көрмесін, өскен соң ерлесін! Қуаныш құтты болсын! Бәрімізге жұғысты болсын!*» деп, жастардың өміріндегі қуаныштарына байланысты тұла бойында туындап отырған психологиялық көңіл-күйіндегі оңтайлы өзгерісті жеткізбек. Дәл осындай айтылымдарға түрлі салтанатты жиындар мен дастарқан басында

айтылатын *«Жаңа жылда әр отбасына бақ, дәулет, ырыс ынтымақ келсін! Дендеріміз сау, өмір жасымыз ұзақ болсын!», «Үй ішің жанға, қораларың малға, қалталарың ақшаға толсын!», «Құрметті жастар сендерді заңды некелеріңмен құттықтаймын! Басқан қадамдарың ақ, шаңырақтарың биік, керегелері тең болсын. Бірің ай, бірің күн болып, арттарыңнан жұлдыздарың ере берсін. Бақытты болыңдар!»* деген секілді бірқатар қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қоса аламыз.

Айтушысының психологиялық көңіл-күйіндегі түрлі өзгерістер мен экстралингвистикалық факторларға байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің келесі тобы ол – тілдік емес жағдаяттарға байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді айтылымдар, әсіресе ұзақ мерзімге сапарға шығып бара жатқан адресатқа қатысты айтылатын айтылымдар. Осымен байланысты мынандай жағдаяттық тапсырма берілді:

Жағдаяттық тапсырма. *Ағаң кәсіпкерлікпен шұғылданып жүр. Ол өзі дайындаған бизнес-жоспарына шетелдік компаниялар тарапынан қызығушылық туғанын айтып, шетелге іс-сапарға жүретінін айтты. Алыс жолға шығып бара жатқан ағаңа қандай тілек айтар едің? Морфологиялық жолмен жасалған тілек мәнді сөйлемдерді пайдалан.*

Адам баласы бір-бірімен түрлі достық, құрбы-құрдастық, туыскандық секілді қарым-қатынас жақындықтарын құрып, өзара күнделікті тығыз қарым-қатынаста болғандықтан бір-бірін қимастық сезімі жан дүниемізді жаулап алады. Соның нәтижесінде өзіңе жақын адамдардың бірі ұзақ уақытқа сапарға аттанып бара жатқанда ішкі дүниемізде түрлі психологиялық сезімдер пайда болады. Әрі аталмыш бойымызды кернеген сезімдер сөйлеген сөзіміз арқылы айналамыздағыларға анық бола білмек. Мәселен, сапарға баласын шығарып салып отырған ата-анасы *«Ақ жол, құлыным! Аман барып, сау қайт! Қызыр бабам қолдасын!»* дейді. Бұл айтылым – ата-ананың ақ ниетінен туындап отырған сезімге толы ақ тілегі.

Сөйлеу мен сөйлеу актісінің арасындағы тікелей байланысты біз Америка психологиялық қауымдастығының «APA Dictionary of Psychology» атты еңбегінен байқай аламыз. Онда сөйлеуге «сөйлеу - дыбыстар мен сөздерді айту» деген түсінік берілсе, сөйлеу актісіне «сөйлеу актісі - сөйлеуді әрекет ретінде қолданудың мысалы» делінген. Әрі сөйлеу актісінде сөйлеушінің интенциясы мен тыңдаушысына әсері болатыны нақтыланған [107, б. 1015]. Ал интенция өз кезегінде жалпы алғанда адамның белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асыратын сөйлеу әрекеттерін бағдарлап, анықтап тұратын жоспары, ниеті, қалауы [108, б. 156]. Сонымен қатар, интенция (коммуникативтік интенция) психология ғылымында айтылымның пайда болуының алғашқы кезеңі болып табылады [109, б. 7]. Н.М.Вахтель интенцияны сөйлеуші сол арқылы өзі қалаулы нәрсеге қол жеткізетін айтылымның мақсаты деп пайымдаған [109, б. 7]. Демек, коммуникативтік интенция – сөйлеушінің ойын білдіруге алғышарт болатын ішкі мақсаты.

«Сөйлесім жағдаяты» тақырыбын оқыту кезінде *«Брундық қозғалыс» әдісі* бойынша әр студент топтағы басқа студенттердің әрқайсының жанына барып,

туған күндерімен құттықтап тілек айтты. Олардан берілген жауаптарды кестеге жазып, статистикалық мәлімет түрінде талдау жасау талап етілді. Нәтижесінде кей студенттердің «рақмет» деп қана жауап қайтарғаны, ал екінші біреулерінің ризашылықпен жауап беріп, өз тілектерін қоса жеткізгені анықталды. Бұл сөйлеу жағдаятындағы адресаттардың психологиялық ахуалын айқындауға мүмкіндік берді.

Сөйлеу әрекеті кезінде интенцияның рөлі жайында Қ.Жұбанов «көздеген мақсатымызға қарай оқиғаның өзімізге тигізген әсерін білдіре де білдірмей де сөйлейміз; сұрай, өтіне, бұйыра, тыңдаушыға белгілі бір талап қоя сөйлейтін кездеріміз де болады. Қысқасы, біз өзіміздің хабарымызға өң бере сөйлейміз (лингвистикалық прагматика ілімінде ол иллокутивтік мағына немесе коммуникативтік интенция - А.Қ.Мейірбеков). Тыңдаушыға айтар хабарымызбен бірге көңіліміздің мейірін қоса білдіреміз. Хабар - қуанта, таңдандыра, күлдіре, ызаландыра, өтіне, кекесіндей, сұрай, бұйыра, қандай әсері барын ашпай да айтылады» - деген пікірінде айта кеткен [110, б. 129-130].

Бұл өз кезегінде «ойлау мен сөйлеу арасындағы байланыс адамдарға өзара ойларымен алмасуға мүмкіндік береді» делінген Р.С.Немовтың психологиялық сөздігіндегі сөйлеу жайындағы тұжырымдаманың ақиқаттығының дәлелі [108, б. 377]. Себебі сөйлеу мен сөйлеу актісінің берілген анықтамаларынан біз сөйлеу актісінің тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеушінің ойлау үрдісін жүзеге асырып барып, сөзіне интенционалдық мағына бергеннен кейінгі сөйлеуі деп түсінеміз. Яғни, орын алған коммуникативтік актісі барысында ойланып-толғанып, сөзін ой елегінен өткізіп барып арнайы бір мақсатқа қол жеткізу үшін сөйлеу үрдісі сөйлеу актісі. Демек, тұлғааралық қарым-қатынас кезінде сөйлеу - мақсатты сөйлеу әрекеті болып табылатындықтан біз кез келген сөйлеу актісін оқытудың психология пәнімен тығыз байланыста болатынын көре аламыз. Әрі білім алушылардың қатысымдық құзыреттіліктерінің, компоненттік құзыреттіліктерінің бірі болып табылатын стратегиялық құзыреттіліктерін құраушы коммуникативтік (сөйлеу) стратегиялары мен тактикалары, тілдік қарым-қатынас қағидаттары мен максималары – лингвистикалық прагматикамен қатар қарым-қатынас психологиясы пәндерінің зерттеу нысандары мен негізгі құраушылары.

Ал стратегиялық құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты біліктіліктері мен білімдері [13, б. 90-91].

Жоғарыда аталған интенция, сөйлеу актісі, коммуникативтік стратегиялар, тактика, принциптер мен максималарға ой жүгіртпес бұрын жалпы сөйлеу әрекеттерінің психологиялық табиғаты мен оның ойлау әрекетімен арасындағы тығыз байланысқа тоқталып кетсек.

Сөйлеу - адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. Сөйлеу процесі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызша не жазбаша айту, диалог түрінде айту, көпшілік алдында айту,

тыңдаушының білім дәрежесін, жас мөлшерін ескеру т. б.) сай түрліше құрылады. Сондықтан сөйлеудің коммуникативтік жағдайға сай стилі қалыптасады [111].

В.А.Звегинцев адам сөйлеуде тек тілдік бірліктерді пайдаланбайды, сонымен қатар сөйлеу үдерісінде ойдың, ым-ишараның атқаратын қызметі ерекше, сондықтан сөйлеу құбылысының қасиетін түсіну үшін оны үш жақты қарастыруда тіл – сөйлеу – ой арасындағы қатынас маңызды деп көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тіл мен сөйлеудің жалғастырушы дәнекері ойды айта келе, тіл мен сөйлеу бір-біріне тәуелді деген пікір ұстанады [112, б. 140]. Тілдік қатынастың туындауына әлеумет қажет екені белгілі. Бірақ тіл мен сөйлеу өзара байланысты болса да, сөйлеудің даралығын адамның психикалық қабілеттері мен қасиеттері айқындайды.

Мәселен, «*Атаулар туралы үш сұрақ*» тәсілі бойынша алғашқы сабақта «адресант, адресат, қатысымдық бірліктер» терминдері ұсынылды. Студенттерге осы терминдерге қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беру тапсырылды:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізде осы терминдерді қолданғаныңызды мысалмен дәлелдей аласыз ба?

3. Қандай? Осы сабақта бұл терминдер қандай мағынада қолданылады деп ойлайсыз?

Бұл тапсырма студенттің қатысымдық құзыреттілігін арттыруға ықпал ете отырып, қатысымдағы терминдердің мағынасын ашуға көмектеседі. Олар сөйлеу үрдісінің нәтижесі белгілі бір іс-әрекетті сөйлеу арқылы жүзеге асырып отырған сөйлеу актісі екенін анықтайды. Ойлау әрекетінің туындыларының біріншісі, сөйлеу актісінің коммуникативтік акт барысында қолданылуының мақсатын анықтап, бағдарлап отыратын иллокутивтік актісінің алғышарты адресанттың интенциясы. Екіншісі, вербалды және вербалды емес бірліктердің көмегімен коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге арналған сөйлеу әрекеттерінің жалпы жоспары ретінде бағаланатын - сөйлеу стратегиялары. Үшіншісі, нақты жағдаяттарда алдын ала қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін орын алатын сөйлеу амалдары - коммуникативтік (сөйлеу) тактикалар.


Бұл берілген ойлау және сөйлеу әрекеттерінің нәтижесі тұлғааралық тілдік қарым-қатынастың түрлі кезеңінде орын алып жатады. Мәселен, ойлау әрекетінің нәтижелері тілдік қатысымға дейінгі кезеңінің еншісіне тиесілі болса, сөйлеу әрекетінің нәтижесі - сөйлеу тұлғааралық тілдік қарым-қатынастың өзіне тиесілі.

Енді тілдік қатысымға дейінгі кезеңде продуциент коммуниканттың (адресант) ойлау үрдісінде жүзеге асатын әрекеттердің бастауы өзінің коммуникативтік интенциясы болса, әрімен қарай ол аталмыш мақсатына жету үшін жалпы сөйлеу әрекеттерін жоспарлап коммуникативтік стратегиясының нобайын құрайды.

Күнделікті ауызекі сөйлеу стилінде адамдар қатысым барысында өздерінің қатысымдық интенцияларына байланысты ойша түрлі қатысымдық стратегиялармен жұмыс істейді. Ол стратегиялар адамдарға өздері қатысушысы болып отырған коммуникативтік актілердің түрлі экстралингвистикалық, әсіресе әлеуметтік және психологиялық аспектілерін ескеріп, онтайлы сөз сомдаулары мен ой пікірлерін білдіруге бағыт-бағдар нұсқаулап тұрмақ. Сонымен қатар, қарым-қатынас стратегиялары сөйлеу тактикалары кешенінің қолданылуы арқылы орын алады. Сөйлеу тактикасы дегеніміз өз кезегінде – нақты сөйлеу амалы [113, б. 66].

Сөйлеу стратегиясының «сөйлеу стратегиясы дегеніміз сөйлесім жағдаятының нақты шарттары мен коммуниканттардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тілдік қатысымды жоспарлау мен сол жоспарды тілдік қарым-қатынас барысында жүзеге асыру [114, б. 252]» деген анықтамасына байланысты коммуниканттардың бұл әрекетін сөйлеудің фазалары мен сөйлеу әрекетінің психология ғылымында көрсетілген сатыларының ішінен: сөйлеуге даярлық және жоспарлау сатыларына жатқыза аламыз. Ал өз кезегінде психология ғылымында сөйлеу фазалары мен сөйлеу әрекетінің сатылары: а) сөйлеуге даярлық; ә) жоспарлау; б) жүзеге асыру; в) бақылау сатылары деп төрт негізгі фазалар мен сатыларға бөлінген [115, б. 157].

Сонымен коммуникативтік стратегия дегеніміз коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жоспары десек, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тілдік қатысым барысында біз түрлі психологиялық көңіл-күйімізді жеткізу, өтініш айту, құттықтау, өкініш білдіру үшін қолданамыз. Әрине, қалауымыз бен тілегімізді жеткізу үшін қолдануымыздан басқа. Демек, қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері сөйлеу тактикалары бола алатын келесідей коммуникативтік стратегияларды бөліп көрсетуімізге болады (Сурет 6). Олар:



Сурет 6 – Қазақ тіліндегі сөйлесім жағдаятында адресанттың қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айтуда басшылыққа алатын коммуникативтік стратегиялары.

1. Алғыс айту стратегиясы. Алғыс айту стратегиясы адресанттың адресатқа қатысты оңтайлы түрлі көңіл-күйін жеткізу мақсатында айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін айтқанда сөйлеушінің ұстанатын стратегиясы. Бұл стратегияны басшылыққа ала отырып тыңдаушысына қалауы мен тілегін білдірген сөйлеуші сөзін өз рақметін айтуымен бастайды. Мысалы:

«Рақмет, қарағым, өркенің өссін!»

«Рақмет, балам, қолдарың дерт көрмесін!»

Сөйлеу актілерін осылайша айтылу кезінде адресанттың басшылыққа алатын коммуникативтік стратегиялармен тығыз байланыста зерттеу өзіндік орны бар. Себебі шынайы тілдік қатысым барысында қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі жалғыз өзі емес бірнеше өзге сөйлеу актілерінің кешенінде айтылуы

мүмкін. Солай ету арқылы коммуниканттар түрлі алдарына қойған коммуникативтік мақсаттарына қол жеткізіп отырады.

Қазақ тілінде алғыс айту стратегиясын басшылыққа ала отырып тілдік қатысым барысында айтылған қалау, тілек мәнді айтылымдар халқымыздың ұлттық сөйлеу әдебіне тән ерекшеліктерінің бірі десек те болады. Мәселен, дәл осындай сөйлесім жағдаятында ағылшын тілінде коммуниканттар бір-бірімен «Рақмет!» деген алғыс мәнді сөйлеу актісінің вербалды үлгісімен алмасып қана қоятындықтан, ағылшын тілінде алғыс айту мәнді сөйлеу актісі жеке дара сөйлеу актісі ретінде есептеледі.

Ал қазақ ұлтының әлеуметтік, тілдік сөйлеу әдебі мен нормаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бұл типтегі айтылымдар қалау, тілек мәнді айтылымдар санатында танылып, ондағы «Рақмет» сөзі тек қана фатикалық қызмет атқарады.

2. Құттықтау стратегиясы. Құттықтау стратегиясын сөйлеушілер адресаттың өміріндегі айтулы күн немесе оқиға және әртүрлі мемлекеттік, діни т.б. мерекелерге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тыңдаушысына жолдаған кезде басшылыққа алады. Бұл типтегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің алдында көбінесе құттықтау сөзінің өзі айтылып, соңынан адресанттың ақ тілегі ілеспек. Мысалы:

А. Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын.

Ә. Туған күнің құтты болсын! Өмір жасың ұзақ болсын! Әрдайым ата-анаңның үмітін ақтап, бәрімізді осындай қуаныш шаттыққа бөлеп жүр!

Құттықтау стратегиясының аясында жұмсалған қалау, тілек мәнді айтылымдар пропозиционалдық мағынасы кең әрі сан алуан бола білмек. Бұл арада оптативті айтылымдардың пропозиционалдық мағынасына әсер етуші факторлер – сөйлесім жағдаятының әлеуметтік прагматикалық аспектілері, яғни коммуниканттардың өзара қарым-қатынас жақындығы, жас және жыныстық ерекшеліктері.

3. Қарғыс стратегиясы. Сөйлеушінің тілдік қатысымда аталмыш коммуникативтік стратегияны басшылыққа ала отырып өзінің теріс мағыналы қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айтуының алғышарты – оның тыңдаушысына, не үшінші жаққа қатысты ашулануы, ызалануы, налуы іспетті психологиялық көңіл-күйі.

А. – Құдай атсын сен екеуіңді! [106, б. 64].

4. Өтініш стратегиясы. Адамдардың тілдік қарым-қатынас үрдісі барысында ішкі қалау, тілектерін жеткізулерінің бір жолы ол өтініш айтуы. Сол себептен біз бұл топтағы айтылымдарды коммуниканттардың өтініш стратегиясын басшылыққа ала отырып айтатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері деп қарастырдық.

А. – Шыдаймын, ата, салып беріңізі [106, б. 33].

Ә. – Басыңды көтеріп, ыстық шай ішіші [106, б. 60].

Б. – Келші кешкісін, - деді қайталап [106, б. 64].

В. – Жиеншетай, қоя берші! Ұят қой... [105, б. 206].

Мысалдардан көрініп отырғандай берілген сөйлесім жағдаяттарында коммуниканттар бір-біріне қалау, тілектерін өтініш формасында жеткізуде. Бұл – күнделікті ауыз екі қатысым барысында жиі қолданылатын коммуникативтік стратегиялардың бірі. Өзі қалаулары мен тілектерін осылайша жеткізу арқылы сөйлеуші сол ортаның қалыптасқан әлеуметтік-тілдік сөйлеу принциптері мен ережелерін сақтайды. Оның ішінде бірінші болып ол өз тыңдаушысына өтініш айту арқылы сыпайылық танытпақ.

5. Өкініш стратегиясы. Тілдік қатысым үрдісі оны құрушы коммуниканттардың ішкі жан дүниесімен, көңіл күйімен тығыз байланыста болады. Тілдік бірліктер арқылы біз өз сезімдерімізді жеткізіп отырамыз. Сондай сөйлесім жағдаяттары орын алған мезетте біздің қынжылу, ішкі өкінішімізді қоршаған ортамыздың бүгінгі таңдағы біздің қалауымыздан шыға бермейтін болмысын айтып жеткізу үшін өкініш стратегиясын қолданамыз. Өкініш стратегиясының жүзеге асуының сөйлеу тактикаларының бірі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Мысалы:

А. – Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, - деп күңкілдейтін [106, б. 17].

Ә. – Әттең, оқуың бөгет. Әйтпесе, сені өзіммен бірге ала кетер едім [105, б. 207].

Берілген мысалдардан біз сөйлеушінің өткен іске өкінішін, оның өзін қоршаған ортаның шындығы басқаша болғанын қалайтындығын түсіне аламыз.

6. Қалау стратегиясы. Аталмыш коммуникативтік стратегияны тілдік қатысым кезінде қолдану арқылы біз тыңдаушымызға түрлі қалауларымыз бен армандарымызды жеткіземіз. Мәселен,

А. – Қайда жүрсең де аман жүр, шырағым. Сен – менің қарындасымсың! – деді [105, б. 212].

Адресанттың бұндай айтылымынан біз оның қалауы мен тілегін тайға таңба басқандай еркін ұғына аламыз. Әрі аталмыш стратегияны басшылыққа алған сөйлеуші өз сөзін бір ғана қалау, тілек мәнді сөйлеу актісімен жеткізе алады.

7. Ұсыныс стратегиясы. Ұсыныс стратегиясын қолданып өз қалауы мен тілегін тыңдаушысына жеткізер кезде адресант көбінесе өз сөзін сұраулы сөйлем мақамында құрады. Мысалы:

А. – Жүр, ойнайсың ба! – деп дауыстай сөйледі [106, б. 26].

Ә. – Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба? - деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен [106, б. 27].

Б. – Мен жатақханаға барып келсем қайтеді?

Бұл мысалдардан біз ұсыныс стратегиясын арқылы қалау мен тілекті жеткізерде сөйлеушінің өз дауыс ырғағын түрлендіретінін байқай аламыз. Коммуниканттардың олай етуінің себебі өз адресатының назарын аударту.

8. Қоштасу стратегиясы. Аты айтып тұрғандай, қоштасу стратегиясын қолданып сөйлеушілер өз қалаулары мен тілектерін тілдік қатысымды тамамдау барысында жеткізбек. Әйтсе де, бұл қарапайым сөйлесім жағдаяты емес, өзара

жақын қарым-қатынастағы адамдардың ұзақ мерзімге қоштасарында орын алатын сөйлесім жағдаяты. Сол себептен, мұндай жағдайда адресант көбінесе өзінің жан дүниесінен шыққан шынайы қалауы мен тілегін білдіреді. Мысалы:

А. – Қарағым, жолың болсын, - деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең де аман бол. Адам болсаң, тауып келерсің әлі... [106, б. 37].

9. Жалбарыну стратегиясы. Жалбарыну стратегиясын біз көбінесе Құдайға дұға айтып, тілек тілегенде пайдаланамыз. Бұл арада біздің адресатымыз – гипотетикалық адресат. Әрі бұл типтегі біздің қалауымыз бен тілегіміз жан дүниемізден шықпақ.

А. Біз жатарға таман қолымызды жайып: «Көкемді аман қыла көр», - «Көкемді аман қыла көр», - деп әлденеше қайталап, тілеу тілейтінбіз [106, б. 44].

Ә. Е, Алла, өзің жар бола көр ...Әлгі көкеңдер қай жағында жүрген көрінеді [106, б. 46].

10. Жұбату стратегиясы. Адресаттың өмірінде орын алған түрлі оқыс жағдайларда оның психологиялық жағдайы мен көңіл күйіне оңтайлы әсер етпек мақсатында біз оған жақсы тілектерімізді тілейміз. Мысалы:

А. – Уайымдамаңыз, Жұмеке. Әуелі басыңыз аман болсын. Жер бетінде несібе көп. Бірлесіп күнелтіс жасармыз, - деді Сали [116, б. 51].

Күнделікті өмірде бір кісінің науқастанғанында немесе бір жақынынан айрылғанда, біз оған тілегімізді жұбату стратегиясын басшылыққа ала отырып жеткіземіз.

Аталмыш коммуникативтік стратегияларды оқыту үрдісінде ескерудің маңыздылығын біз келесідей мысалдан аңғара алмақпыз. Мәселен, «Мен сені үйге шақырар едім» сөз орамына «Мен сені үйге шақырғым келіп тұр» немесе «Сені үйге шақырғанды қалар едім» айтылымдары грамматикалық ерекшеліктері мен берер мағынасы бойынша болса да, олардың баламалы айтылымдар ретінде қарастыруға болады. Алайда осы айтылымдарды қарым-қатынастың әртүрлі жағдаяттарында қарастырсақ, мағыналары мүлдем өзгеріп кетеді. Сөйлеушінің айтайын деген ойын түсіну үшін осы сөйлемдерді талдап көрелік. Мысалы, «Мен сені үйге шақырар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллокутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Не қалайсың?
2. Маған жақын адамсың.
3. Қазір орындалмайды, кейін шақырамын.
4. Өткен іске өкініш.

Ал «Сені үйге шақырғанды қалар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллокутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Өз құқығым өзімде емес.
2. Менімен санаспайды.
3. Мен бұл жерде кішкентай адаммын.
4. Өкініш

Демек, берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері сөйлесім жағдаяттарында өкініш стратегиясы басшылық алынып отырған кезде қолданылып отыр. Ал ол тілдік қатысымда адресанттың қынжылуы мен өткен іске өкінішін сөйлесім жағдаятының психологиялық контекстін сипаттап тұр.

Ал «*Мен сені үйге шақырғым келіп тұр*» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Мен қалаймын.
2. Менің айтқаныммен жүресің бе?
3. Көңілімді қалдырмайсың ба?
4. Үйге келгеніңді тілеп тұрмын.

Бұл – қалау стратегиясы басшылыққа алынған сөйлесім жағдаятында айтылған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі.

Демек, контекстік мағынасы бір сөйлемдер болса да, олардың ар жағында әртүрлі мағына бары көрінеді. Сондықтан барлық оптативтерге бір негізгі семантикалық мағынаны белгілеу қиын. Мұндай айтылымдарды қолдану адамның танымдық қабілетіне тікелей байланысты екені белгілі. Егер тіл арқылы адам айналасындағы дүниені танып-білсе, танымының молдығы мен сөздік байлығы арқылы мағынасы жасырын сөйлемдерді айта алады. Ал қарапайым айтылымдарға үлкен мағынаны, контекстік ойды сыйғызу үлкен шеберлікті талап етеді. Ал оны дамыту үшін сөйлеу үрдісінің психологиялық контекстімен тығыз байланыстағы тілдік қатысымға дейінгі кезеңге тиесілі, ойлау үрдісінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік стратегиялар мен сөйлеудің аффективтік іспетті қызметтерін оқыту керек. Әрі олардың сөйлеу актісімен арасындағы байланысты естен шығармаған да жөн.

Сөйлеу барысындағы тілдік құбылыстардың ерекшелігін таныта оқыту білім алушының логикалық ойлауына оң әсер етеді. Дәл осы ойлау жүйесінің дамуы, ең алдымен, оның өзін-өзі тануына алғышарт қалыптастырады. Бұл өз кезегінде студенттің рефлексиясын дамытады, яғни өз ортасындағы орнын тани бастауы оның өзіндік санасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған ойлау-сөйлеу актісі, сөйлесім жағдаяты, оған қатысушы коммуниканттардың сөйлесім жағдаятының әлеуметтік-психологиялық мәнмәтіне байланысты ұстанатын коммуникативтік сөйлеу стратегиялары – барлығы дерлік білім алушылардың бойындағы қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің психологиялық аспектілері жайлы білімдерін құраушы негізгі материалдар.

Енді сол материалдар мен жалпы қазақ тіліндегі оптативті айтылымдарды қатысымдық тұрғыдан оқыту үдерісіндегі білім алушылардың психикалық қабілеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру мәселесіне тоқталсақ.

«Прагматикалық лингвистика» пәнінің тақырыптық мазмұны аясында қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда білім алушылардың назарына аталмыш тілдік бірліктерді қатысымда қолдану кезінде адресанттың басшылыққа ұстанатын сөйлеу стратегияларына байланысты түрлі кестелер мен тапсырмаларды ұсынуға болады. Тапсырманы орындау үшін олар ойлау әрекетінің талдау секілді психологиялық тәсіліне сүйене отырып, сөйлеу

актілерін айтуда адресант басшылыққа ұстанған коммуникативтік стратегияларды анықтауға машықтанады. Беріліп отырған коммуникативтік сөйлеу стратегияларды жоғарыда айтқандай психологиядағы сөйлеу мен ойлау әрекеттерін байланыстыратын ойлау әрекетінің тілдік қатысымға дейінгі сатысында өтетінін ескерсек, бұл арада, қатысымдық құзыреттіліктің психологиялық құраушысы стратегиялық құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселесінің психологиялық аспектілері кешенді анықталғандығын көрсете алады.

Тілдік қатысымға баулу арқылы «Прагматикалық лингвистика» пәніне деген студенттердің қызығушылықтарын арттыруға болады. Ал қызығушылық – өз кезегінде оқытуда жетістікке қол жеткізудің кілті болып есептелетін зейіннің қайнар бұлағы [117, б. 233].

Тұлғаның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыру үшін әрекетке итермелеуші себепші күш болып есептелетін студенттердің пәнге және тақырыпқа деген мотивтері мен қызығушылықтарын арттыру мақсатында оларды негізгі әлеуметтендіретін оқытудың әдістерінің бірі рөлдік ойындарды қолдану тиімді болмақ.

Аталмыш тапсырмалар, бір жағынан, білім алушылардың лекция сабақтары барысында алған қалау, тілек мәнді айтылымдар жайындағы білімдері мен біліктіліктерін автоматтандыруда пайдалы болса, екінші жағынан, білім алушыларды түрлі әлеуметтік-психологиялық мәнмәтінде еркін әрі тиянақты сөйлеуге баулиды. Өз кезегінде жоғары мектеп студенттерінің тұлғалық, адамгершілік қасиеттерінің дамып, олардың әртүрлі әлеуметтік рөлдерді еркін сомдап үйренген кезеңінде берілген тапсырмаларды көптеп орындау тиімді болмақ. Оның үстіне, бойында болашақ тұлға ретінде мінез-құлқы қарқынды қалыптасып жатқан аталмыш кезеңде тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлы реттеп отыратын оптаивті айтылымдарды меңгерту сөз мәдениеті мен сыпайылық қасиеті жоғары мамандарды даярлауға оң ықпал етпек.

1.4 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытудың педагогикалық аспектілері

Қазіргі кезде оқыту үдерісінде студенттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологияларын қолдану тенденциясы кең өріс алуы қоғам талабына сай туындап отыр. Бұл студенттің жоғары оқу орындарында меңгерген білімінің тек пассивтік қор қалпында қалмай, адамның өмір сүруінің маңызды шартына айналуына негізделген. Сондықтан бүгінгі күні студент пен оқытушының арасында өзара ынтымақтастыққа құрылған оқыту үдерісі ұйымдастырылады. Жоғары оқу орындарында оқыту үдерісі үш факторға байланысты болады: *«Біріншіден, оқудың сипаты меңгерілген (білуге тиісті) материалға, оның мазмұнына, оқыту жүйесіне байланысты. Екіншіден, оқытудың сипаты оқытушының әдістемелік шеберлігіне және тәжірибесіне, жеке басының ерекшелігіне, сондай-ақ, әрбір нақтылы жағдайда қолданатын оқыту әдістемесіне байланысты. Үшіншіден, оқу процесі студенттің*

ерекшелігіне, психикалық дамуына (ақыл-ойы, эмоцияналдығы, еркі), оның оқуға қалыптасқан қатынасына (көзқарасына), икемділігіне, бейімділігіне, қызығуына байланысты, яғни өзіндік оқу іс-әрекеті процесінің негізгі мәнін былайша көрсетуге болады:

1. Студенттерде оқуға жақсы қатынасты, қоғамдық мотивтерді қалыптастыру.

2. Білім жүйелерін меңгеру.

3. Дағдылар, іскерлік іс-әрекеттердің тәсілін жетілдіру.

4. Студенттің ақыл-ойын дамыту - белсенді, өздігінен, шығармашылық ойлау тәсілін дамыту, өз бетімен ізденіп білім алуға құштарлығын, дағдысын қалыптастыру.

5. Оқу процесінде тәрбиелеу, әртүрлі сабақта дүниетанымдық көзқарасты, сенімді, адамгершілік қасиеттерді, мінез-құлықтың жағымды мотивтерін қалыптастыру» [118, б. 57].

Жоғары оқу орындарында оқыту үдерісі нәтижелі болу үшін оқыту үрдісін жаңа әдістермен байыту, білім алушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту, студенттің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру керек. Дәстүрлі оқыту үрдісінде студенттердің танымдық қабілетінің дамуы, сабақта белсенділігінің артуы, дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы жайлы жұмыстар дидактик ғалымдардың М.И.Скаткин [119], М.А.Данилов [120], [123], А.М.Матюшкин [121], В.Оконь [122], М.И.Махмутов [124], Ю.К.Бабанский [125], Б.М.Есипов [126], И.Я.Лернер [127] және т.б. еңбектерінде кеңінен талданғаны белгілі.

Студенттердің тек тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, сонымен қатар олардың осы білімдерін қатысым барысында тиімді қолдануына дағдыландырып, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға негізделген жаңа технологиялар арқылы оқыту Р.Шаханова [128], Қ.Қадашева [129], К.Жақсылықова [130], Ж.Сүлейменова [131], Г.Бейсенбекова [132], М.Д.Жорақпаева [133], Ә.Ә.Уабиева [134], Ф.Абдразақова [135], С.Нұрғали [136], А.М.Мұратбекова [137], Г.Тұрсынова [138], Р.Рахимбаева [139], Қ.Қ.Мұқанова [140], Р.Ш.Әбдісүлейменова [141], З.Бейсенбаева [142], Н.А.Оразақынова [143], Ж.Қ.Балтабаева [144], Ә.Е.Жұмабаева [145], А.А.Сатбекова [146] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен көрсетілген. Аталған ғалымдардың еңбектері студенттерді сөйлетуге, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға, қазақ тілінен білімін жетілдіруге арналған. Ғалымдар еңбектерінде студенттерге ғылыми ақпарат беруде, әрбір студенттің оқуын тиімді ұйымдастыруда, білім мен біліктерін жаңа жағдайда қолдана білуге баулуда, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуде жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану жолдарын айқын көрсеткен. Ғалымдардың пайымдауынша, жаңа әдістерге негізделген сабақтарда:

1) Студенттерге әлемдік ғылымның жетістіктеріне сәйкес ақпарат беру, олардың ғылыми түсініктерін қалыптастыру;

2) Студенттердің оқу-танымдық жұмыстарын жаңа әдістерге сай тиімді ұйымдастыру;

3) Оқыту үдерісінде проблемалық мәселені шеше білуге үйрету үшін тапсырмалар мен оқу материалдарын қиындықпен беру;

4) Студентті шығармашылыққа, қызығушылыққа және дербестікке ынталандыру;

5) Студенттердің оқудағы жетістіктерін әділ бағалау;

6) Студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ету;

7) Студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту, т.б.

Мұндай сабақтардан студенттер мынадай маңызды біліктіліктер мен құзыреттіліктерді игеруі тиіс.

1) Білімді, дағдыны, іскерлікті игеру, дүниетанымды нығайту және білімді өмірде қолдана алу;

2) Оқу тапсырмаларын шешуге, ізденуге күш салу, оқуда жетістіктерге жетуге өзін-өзі ынталандыру;

3) Мәдени құндылықтар мен адамзат тәжірибесінің, қоршаған орта құбылыстары мен процестерінің әлеуметтік мәнділігін және маңыздылығын ұғыну;

4) Нақты оқу пәндерінің мазмұнын ғылыми негізде меңгеру, теориялық білімін тереңдету, қоршаған дүние туралы таным, ақпарат жинау және практикада қайта жаңғыртып, өңдеп өмірде қолдану.

Осындай басты талаптарды негізге алып, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда бірнеше басты дидактикалық ұстанымдарды ажыратып алу керек. Дидактикалық ұстанымдар оқыту үдерісін ұйымдастырудағы басты тірек болып саналады. Себебі дидактикалық ұстанымдар арқылы оқу материалдарының мазмұны, студенттердің білімі мен қабілеттерін жетілдіруге байланысты әдістер нақтыланады.

Педагогикалық еңбектерде «қағидат (принцип)» сөзі «жетекші идея, ғылыми заңдылық немесе негізгі ереже, қойылатын басты талап» - деп көрсетілген [147, б. 367]

«Педагогикалық қазақша түсіндірме терминологиялық сөздікте» «қағидат (ұстаным)» сөзінің мағынасы «ілімнің теориялық алғашқы, негізгі, ғылыми бастапқы қалпы. Адамның шындыққа деген қарым-қатынасын анықтайтын ішкі сенімділігі осы істелген жағдайға байланысты болады», - деп көрсетілген [148].

Дидактикалық қағидаттың маңыздылығы жайында Ж.Нұржан «қазақ тілін оқыту барысында мұғалім оқытудың формаларын, мазмұнын, міндеттерін, әдістемесін анықтауда ең алдымен дидактикалық принципті басшылыққа алады», – деп жоғары бағалаған [149, б. 42].

Дәстүрлі дидактикада жалпыға танылған оқыту ұстанымдары төмендегідей көрсетіліп жүр:

1. Оқытудың дамытушылық ұстанымы;
2. Жан-жақты тәрбие берушілік ұстанымы;
3. Оқытудың мақсаттылық ұстанымы;
4. Оқыту үрдісі мазмұнының ғылымилық ұстанымы;
5. Оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы;
6. Оқытудың көрнекілік ұстанымы;

7. Оқытудың түсініктілігі ұстанымы;
8. Оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі ұстанымы;
9. Жас шамаға лайықтылығы ұстанымы;
10. Теория мен практика арасындағы байланыс ұстанымы;
11. Оқытудың саралау ұстанымы.

Осы ұстанымдардың барлығы оқыту процесінде мақсат пен міндетті шешу, оқу мен оқытуды басқару және реттеу, нәтиже, бағалау сияқты элементтерге тұтастық, сабақтастық береді. Ал қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытуда төмендегідей өзіндік ерекшеліктеріне қарай дидактикалық ұстанымдар қолданылған.

Ә.Исабаев ұстанымдарды *ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдары* деп топтастырады. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы басқа әдіскерлердің еңбектерінде кездеспейді [150].

Ж.Балтабаева морфология саласын оқытуда студенттердің тілін дамытуда *қатысымдық, тіл дамытудың дифференция мен интеграция, белсенділік, тіл дамытудың тіл салаларымен байланысы, кешенді, тілдік норманы қалыптастыру* ұстанымдарына сүйенеді [144].

Р.Рахметова жоғары оқу орындарында синтаксисті оқытуда ұстанымдарды *дәстүрлі ұстанымдар* және синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың *арнайы ұстанымдары* деп екіге бөліп алады. Дәстүрлі ұстанымдарға ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, теорияны практикамен байланыстыру, саналылық пен белсенділік ұстанымдары, ізгілендіруді, ал арнайы ұстанымдарға *антропоөзектілік, кәсіби-қатысымдылық, креативтілік және нәтижелік* ұстанымдарын жатқызған [151, б. 48].

Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда дидактиканың дәстүрлі *ғылымилық, жеке қабілеттерін ескеру, теория мен практиканың байланысы, жүйелілік және бірізділік, саналылық және белсенділік* ұстанымдары мен арнайы *ынтымақтастық, жеке тұлға қалыптастыру* ұстанымдары басшылыққа алынды (Сурет 7).



Сурет 7 – Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуда басшылыққа алатын дидактикалық ұстанымдар.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы бойынша студенттерге берілетін теориялық мәліметтің нақты, дәл әрі ғылыми тұрғыдан негізделуі, қазақ тіл біліміндегі сөйлемдердің прагматикасы мен дискурсқа байланысты айтылған тұжырымдар басшылыққа алынды. Ғылыми терминдердің түсінікті болуына басымдылық берілді.

Р.Қоянбаев пен Ж.Қоянбаевтар қазақ тілі сабағында қолданылатын ғылыми ұстаным төмендегі өлшемдерге сай болуы қажет дейді:

А) Меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет.

Ә) Сабақ барысында өтілетін тақырыптың нақты болуы.

Б) Өтілетін тақырыптардың өзара байланысы.

В) Қазақ тілінен берілетін материалдардың анықтамалары мен ережелері дәл болғаны абзал. Негізгі берілетін мағыналары мен ішкі заңдылықтарына қарай нақтылы анықтамалар мен ережелер шығарылады.

Г) Тілдік тақырыптарға байланысты берілетін практикалық дағдылардың да көлемі дәл болғаны жөн [152, б. 78].

Бұл ұстанымға сүйене отырып студенттерге мынандай тапсырмалар ұсынылды:

– Жарайды, аға. Тым құрса он шақты күн жатып кетіңіз. Әйтпесе Балым өкпелейді.

Тоқаңа құрметпен сәлем берген, маған салқын гана бас изеп амандық ишаратын жасады да, бұрылып жүре берді.

– Телефон соғыңыз, біреуіміз машина әкелеміз, – деді анадайдан дауыстап.

Мен аңтарылып қалдым. Бейтаныс жігіттің қазақша сөйлегеніне. Үйткені қазақ емесі анық-ты. Татар ма, баишқұрт па, әлде шұбаш па. Тіпті, орыс болуы да. Аузымды ашып үлгергем жоқ. Тоқаң мені одан әрмен таңырқатты.

– Балалар мені көшіріп алғысы келеді, – деді, қалын бұға шогын айнала бере көрінбей кеткен жігіттің соңынан қарап тұрған күйі. Үнінде ризалық, масаттық бар. – Жылда қолқалайды. Өзімнің де көшкім келеді-ақ. Не амал, сақараға үйренген жандармыз. Көк шалғын, сары қымызсыз күніміз жоқ. Анда-санда бір келгенде ішің пысып өле жаздайсың. Есейсін деп жүрмін, келер жылы Болатымды жіберем. Қолдарыңда тұрып оқысын.

– Бұл жігіт күйеу балаңыз зой, – дедім мен.

– Жоқ, інім, – деді Тоқаң. – Туған інім.

– Аты кім?

– Рәшит.

Інісі. Сірә, әкесі бір, шешесі бөлек болды. Осымен қоя салуға болар еді, бірақ біздің қазекең ат сұрасып бастаса, жеті атадан беріден тоқтамайды. Сол сүйекке біткен әдетпен мен де періп кеттім.

Түрі нағашы жұртына тартқан екен.

Тоқаң шарт ашуланды. Менікі де рабайсыз қылық еді. Үлкендігін сыйлап, кешірім өтіндім. Әлгі іске жарамай қалған мақаланың айыбы тағы бар.

Тоқаң сабасына тез түсті.

– Гафу ет, айналайын, – деді сыңар, әрі келте қолын менің иығым салып.

– Саған айып жоқ, көрініп тұрған нәрсе зой. Бірақ Рәшиттің тегі бөтен деп көзтаньс жұрт та, жай таньс жұрт та айтып көрген жоқ еді. Сұрағаның – білместігің емес, аңғырттығың. Оның мәні былай еді, қалқам... (М.Мағауин. Бір атаның балалары)

Оқылым. Мәтінді оқып, қалау, тілек мәніндегі сөйлемдерді табыңыздар.

Айтылым. Мәтінде сөйлеу актісінің қай стратегиясы бар? Ол коммуниканттардың арасындағы қатысымды қалай жүзеге асырып тұрғанын дәлелденіздер.

Тілдесім. Мәтіндегі «айналайын» сөзін тақырып етіп алып, диалог құрыңдар.

П.И.Пидкасистый ғылымилық ұстанымында білім алушыларға берілетін жаңа білімді бұрынғы алған білімімен толықтырып, дамытып беруді тиімді деп есептейді. Ғалымның пікірінше, «теорию, чтобы она оставалась абстрактной, необходимо строить на основе уже накопленного обучающимся опыта, дать возможность реализоваться на практике, довести теоретические положения до стадии действий, операций, процедур, технологий; выработать у учащихся умение и навыки применения полученных знаний в нестандартных, жизненно важных ситуациях» [153, б. 180].

Ғалым пікірін негізге ала отырып, білім алушыларға «*б Неліктен?*» тәсілі бойынша тапсырма берілді. Тапсырманың шарты бойынша, студенттер жұпқа бөлінді. Әр жұп бір-біріне алты сұрақтан қояды. Бірінші сұрақ «*Неліктен?*» деген сұраудан басталып, кейінгі сұрақтар алдыңғы жауаптан туындап отыруы талап етілді. Студенттер «Коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар» тақырыбы бойынша осы тәсіл бойынша тапсырма орындады:

1. Неліктен коммуникативтік стратегия тілдік құбылыс ретінде қарастырылады?

Өйткені түрлі сөйлесім жағдаяттарында коммуниканттар өз алдарына қойған коммуникативтік интенцияларына байланысты түрлі коммуникативтік стратегияларды қолданады.

2. Неліктен олар коммуникативтік стратегиялар деп аталады?

Себебі тіл білімінде коммуниканттардың сәтті қарым-қатынас құруды басшылыққа алатын амалдар мен тәсілдерді коммуникативтік стратегиялар деп атайды?

3. Неліктен?

Яғни әр сұрақ алдыңғы жауаптағы мәліметті толықтыру мақсатында жалғаса береді. Бұл тапсырманы орындау үшін студенттер өтілген және білетін теориялық материалдарды ой елегінен өткізеді.

Ғылымилық ұстанымына сүйене отырып берілген тапсырмалар оларды тілдік фактілерді таңдап, сұрыптап, ой елегінен өткізіп қолдануға дағдыландырды. Сөйтіп, бағдарлама талабына сай берілген материалдар студенттерге тақырыпты жан-жақты меңгертуге мүмкіндік туғызды.

Студенттердің жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы бойынша тілдік фактілер, оқу материалдары студенттердің жеке ерекшеліктерін (темперамент, қабілет, мінез) ескере отырып ұсынылды. Әр сабақта білім алушылардың өзіндік қабілеттері мен ерекшеліктеріне байланысты оларға түрлі қосымша жаттығулар мен тапсырмалар жүктелді. Мәселен, студенттер сөйлеу актісінің түрлеріне байланысты көркем әдебиеттерден мысалдар жинап, оны семинар сабақтарында қорғады. Түрлі мерекелерге байланысты жазылған ашық хаттар, З.Ш.Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық

аспектісі» және т.б. еңбектер бойынша жазылған реферат-түйіндеме (қарастырылып отырылған мәселені тезис түрінде жазу), аспектілік реферат (еңбектегі бір немесе бірнеше мағыналық, түйінді аспектілер туралы жазу), «Ана сүтін ақтағым келеді», «Дос сүйсініп, дұшпан күйінсін» және т.б. тақырыптарда жазылған эссе жұмыстары білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін, өздеріне тән қабілеттерін дамытуға көмектесті.

Келесі ұстаным, яғни теория мен практиканың өзара байланыс ұстанымы қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді айтылымдарды оқыту үрдісінде басшылыққа алынды. Оның бірден бір дәйегі – аталмыш сөйлеу актісін жоғары мектепте өтілетін теориялық пәндердің бірі – «Прагматикалық лингвистика» пәнінің тақырыптық мазмұны аясында қатысымдық тұрғыдан оқытылуы.

Жалпы «Прагматикалық лингвистика» пәні – адресат, адресант, сөйлесім жағдаяты, коммуникативтік сөйлеу стратегиясы, интенция және сөйлеу актісі іспетті бірқатар тілдік қатысымның теориялық аспектілеріне қатысты ұғымдарды өзінің зерттеу нысаны еткен лингвистика ғылымының бүгінгі таңдағы қолданбалы бағыттарының бірі. Жоғарыда келтірілген ұғымдар тілдік қатысымның негізгі ядролық құраушылары болып есептеледі. Сондықтан осындай бірқатар тілдік коммуникацияның теориялық аспектілерінен білім алушыларды хабардар етіп, практикалық сабақтар барысында тілдік қатысымның функционалдық бірлігі болып саналатын сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқыту арқылы студенттердің дәрісбаян сабақтарында алған білімдерін практикалық сабақтар барысында біліктілікке, дәлірек айтқанда, қатысымдық құзыреттіліктің құраушы компонентіне айналдыруға болады. Әрі бұл әрекет аталмыш ұстанымның көрінісі ретінде бағаланбақ.

Жоғары мектеп білім алушыларына тілдік бірліктерді «Прагматикалық лингвистика» секілді тіл білімінің теориялық салаларына арналған пәндер аясында қатысымдық тұрғыдан оқыту олардың алған теориялық білімдерін шынайы практикада қолдануларына өз септігін тигізбек. Мәселен, зерттеу нысаны болып отырған оптаивті айтылымдарға және «Прагматикалық лингвистика» пәні аясында оларды оқыту мәселесіне келер болсақ, мұнда студенттер ана тіліндегі оптаивті айтылымдарды қатысым барысында жолдау және интерпретациялау үрдісін интуитивті түрден гөрі саналы түрде жүзеге асыруға дағдыланады. Себебі тұлғаның тілдік қатысымды оңтайлы өткізе білу қабілетін оның тілдік құзыреттіліктерінен де басқа прагматикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық секілді қатысымдық құзыреттіліктері айқындайды. Аталмыш құзыреттіліктері кешенді түрде толыққанды қалыптасқан білім алушы ғана кез келген әлеуметтік тілдік ортада орын алатын сөйлесім жағдаятында өз ойын, қалау, тілегін еркін жеткізе білмек.

Теория мен практиканың өзара байланысы ұстанымы бойынша, теориялық материалдарды студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру мен жетілдіруге бағыттау мақсат етілді. Білім алушылар қазақ тіліндегі оптаивті айтылымдардың прагматикалық аспектілері, оларды айтуға негіз болатын коммуниканттардың уәждері мен ұстанатын сөйлеу стратегиялар жайлы ақпараттарды тапсырмаларды орындау арқылы меңгеруге тырысты.

Мысалы, «Академиялық дау-дамай» пікірталасы тәсілі бойынша студенттерге «Сөйлеу актісі сөйлеу жағдаятына байланысты», «Сөйлеу актісі сөйлеу әдебіне байланысты» деген екі мәселе ұсынылды. Аталған пікірталастың шарты бойынша студенттер төрт адамнан тұратын топтарға бөлінді. Топ мүшелерінің екеуі бірінші мәселені, ал қалған екеуі екінші мәселені жақтап, пікір таластырды. Келесі кезеңде әр топтағы жұптар келесі топтағы жұптармен бірлесіп, өздеріне берілген мәселе төңірегінде ой бөліседі. Студенттер алғашқы жұптарына қайта оралып, басқалардан естіген ақпараттарын айтып дәлелдеп, пікір алмасады. Келесі кезеңде әр жұп қосымша жинаған ақпараттарын пайдаланып, қарсы жаққа өз пікірлерін дәлелдеуге тырысты. Екі жұп бір-бірлеріне сұрақ қою арқылы пікірталастырды. Соңында әр топ екі мәселе бойынша ортақ мәмілеге келіп, қандай тұжырымға келгендерін мысалдар арқылы дәйектеді. Бұл тапсырма студенттердің теориялық білімдерін практика жүзінде қолдануларына, сөйлеу мәдениеттерін жетілдіріп, қатысымдық, тілдік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етті.

Жүйелілік және бірізділік ұстанымы бойынша білім мазмұны тілдік материалдар жүйесін сақтай отырып, бірінен соң бірі сатыланып қолданылды. Сонымен бірге студенттерге берілетін тапсырмалар да біртіндеп жеңілден күрделіге қарай сабақтастырыла ұсынылды. Балаға берілетін жұмысты шағындап, бірізділікпен беру туралы ұлы ғалым А.Байтұрсыұлы айтып кеткен болатын. «Балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» мұғалімнің міндеті екенін айтып, ««Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін, ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» деп, өзі дайындаған оқу құралдарында жүйелілік пен бірізділікті қатаң сақтағанын дәйектеп көрсетеді [154, б. 336].

Орыс дидактигі В.С.Кукушин жүйелілік пен бірізділік ұстанымын материалды игертуде айрықша мәнге ие деп есептейді. Әдіскер-ғалым «принцип систематичности и последовательности требует, чтобы переход к изучению нового материала осуществлялся лишь после усвоения учащимся нового материала», – дей келіп, оқытушы келесі тақырыпқа көшпей тұрып, білім алушының алдыңғы алған білімінің нәтижесін тексеру қажет деген пікір білдіреді [154, б. 115].

Студенттердің білімдерін тексеру мақсатында кері байланыс тиянақты жүргізіліп отырылды. «Бес саусақ» тәсілі, «Сабақтағы проблемалар» кестесі, «Менің сабақтан кейінгі әсерім», тест тапсырмалары және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің тақырыпты қалай меңгергендері тексерілді. Бұл жұмыстар келесі сабақта қандай тақырыпқа жете мән беру керектігін анықтауға көмектесті.

Оқытудың саналылық және белсенділік ұстанымын жүзеге асыру арқылы сабақта жағымды уәж туғызу, оқу материалының білім алушының

тілек-мақсаттарына сай болу (танымдық қызығушылығы), мәселелік жағдаяттар туғызып, өз бетімен орындауға үйрету, оқытудың тиімді әдістерін қолдану (дидактикалық ойындар, пікірсайыс, т.б.) тәрізді тапсырмалар іске асырылды. Студенттің оқу белсенділігін арттыруға мән берілді (оқу іс-әрекетінің мақсат, міндеттерін анық білу; маңыздылығын түсіндіру; танымдық әрекеттің барлық түрлерін қолдану, яғни талдау мен жинақтау, индукция мен дедукция, байланыстыру, салыстыру т.б.). Студенттердің бір-бірімен өзара байланыс әрекетін пайдалану, оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық, жеке формаларын өзара әрекетте қолдану; шығармашылық, өнімді тапсырмаларды жиі орындау мақсат етілді.

Сабақта өтілетін материалдарды студенттер түсініп, оны толық ұғып, меңгеріп отырса ғана, олардың белсенділігі артады және қазақ тілінен берілетін білімнің беріктігі қамтамасыз етіліп, студенттер өз пікірлерін белсенді түрде білдіреді. Зерттеу жұмысында төмендегідей жұмыстар орындалды:

А) Қазақ тілінен түсіндірілетін материалдардың анықтылығы, нақтылығы;

Ә) Түсіндірілетін материалдардың әсерлілігі;

Б) Берілген және берілетін білімнің сапалылығы, тұрақтылығы және оған қатысатын білім алушылардың белсенділігі;

В) Аудиторияда және үйде орындалатын жұмыстардың сапасы;

Г) Қайталау жұмысының жүйелілігі [152, б. 9].

Сондықтан сабаққа мұқият дайындалып, оқыту үдерісін белсендіруге арналған белсенді және интербелсенді әдістер пайдаланылды. Мысалы, «Әлеуметтік прагматика, зерттеу нысаны, мақсаты» тақырыбын меңгерту үшін «Галереяны шарлау» әдісі қолданылды. Студенттер берілген тақырып бойынша постер дайындады. Дайындалған постерлерін дәрісхана қабырғаларына іліп қойды. Студенттер сабақ үрдісінде дайындалған постерлерді қарап, талдады. Сұрақтары мен пікірлерін жапсырма қағаз арқылы білдірді. Барлығы постерлермен танысқан соң, әр студент өзі дайындаған постеріндегі идеяны айтып, сұрақтар мен пікірлерге жауап берді. Қорытынды кезеңде тақырып бойынша айтылған идеялар мен пікірлер талданып, сарапталды. Бұл әдіс бойынша берілген тапсырманы осы тақырыпты саналы әрі терең меңгерген студент ғана жоғары деңгейде орындай алады. Ал басқа постерлерге талдау жасау, сараптау жұмыстарын жүргізу олардың белсенділіктерін арттырып, оқу уәждерін тудырды.

Жалпы, бұл ұстаным бойынша, оқытушы өзінің беделіне емес, нақты фактілер мен дәлелдерге сүйенуі шарт. Студенттерге кез келген тақырыпты меңгертуде «Неге?» сұрауын жиі қолдануы тиіс. Себебі білім алушы осы сұрауға жауап беру арқылы тақырыпты саналы меңгеруге тырысады. Оқытушы сұраққа өз айтқан мәліметті қайталап бергенге қанағаттанбай, оны практикада қолдануға дағдыландырғаны дұрыс. Студенттерді жоғарыда қолданылған тәсілдегі тәрізді өздігінен ізденуге, алдына қойылған мәселені өз бетімен шешуге үйрету жоғары нәтижеге қол жеткізеді.

Қалау және тілік мәнді сөйлемдерді қатысымдық тұрғыдан оқытуды оның арнайы ұстанымдары ретінде **ынтымақтастық ұстанымы** ұсынылды. Себебі

тілді қатысымдық тұрғыдан оқытуда әр студенттің ұжыммен, топпен, жұппен жұмыс істей алуына, қатысымда сөйлеу актісін ынтымақтастықта құра білуіне басымдылық беріледі. Ынтымақтастық ұстаным бойынша сабақтарда студентті объект ретінде емес субъект ретінде құрметтеуге баса көңіл бөлінді. Ынтымақтастық педагогикада «оқытушы - студент», «студент - студент», тұрғысында өзара көмек, өзара түсінушілік қарым-қатынас жасалды. Оқытушы тарапынан студенттің жеке тұлғалық қасиеттері және мінезі мен темпераменттерінің дербес ерекшеліктерін құрметтеуі, сыйлауы жүзеге асты. Ынтымақтастық ұстаным жүйесінде студент білімді игеруде өз бетінше ізденістер, зерттеулер жүргізіп, өтілген материалдарды өздігінен меңгеруге ұмтылды. Мұнда оқытушы бағыттаушы рөлінде болып, студенттер ізденімдік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге арналған тапсырмаларды көптеп орындады.

Оқыту үдерісін ынтымақтастықпен жүргізу – студенттің жеке бас ерекшелігі, оның рухани дүниесі, қабілет, бейімділігі, қызығушылығын арттыру, өзіне деген сенімділігін күшейту. Ол үшін студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынастағы сезім байланысын орнатып, үйлесімділікке қол жеткізу керек. Оқытушы студентпен педагогикалық қарым-қатынасын жоғарғы деңгейге жеткізіп, жақсартуы, мәдени кеңістік жасап, студенттің субъект ретінде дамуы үшін қолданылатын тиімді әдісті табу керек. Студенттің өздігінен ізденуі, шешім шығаруы, өз пікірін дәлелдей алуы олардың жеке тұлғалық қабілеттерінің дамуына, ең бастысы, оқуға, сабаққа деген қызығушылықтарының артуына, тапсырмаларды өз бетінше орындауына, ынтасының оянуына игі ықпал етеді.

Ынтымақтастық ұстаным бойынша: **біріншіден**, оқу пәнінің ішкі мазмұнын адамның ойлау, іздену үрдісіне сәйкестендіріп тұру қажет; **екіншіден**, оқытушының дайын білімді жеткізуші қызметінен студентті ойландыру, іздендіру, танып білуге өздігінен талаптандыру қызметіне көшу керек; **үшіншіден**, студенттің білімді алу, жинау жолдарын меңгеру әрекеті сипатталуы қажет.

Оқыту үдерісінде өздігінен ізденуге үйрететін тапсырмалардың проблемалық сипатта, дамыта оқыту негізінде берілуінің маңызы зор. Тапсырмалардың проблемалық сипатта берілуі білім алушыларда «Неге?», «Не үшін?» сынды танымдық қызығушылықтарын туғызып, студенттердің білімді өздігінен меңгеруіне іштей талпынысын білуге деген қажеттіліктері арқылы проблеманы шешуге ұмтылдырды, бұл олардың материалды сапалы меңгеруіне ықпал етті. Өздік жұмыстардың студенттердің білімі мен қабілеттерін жетілдіруде оң ықпал ететіні бірнеше педагогикалық тәжірибеден өткен.

В.Б.Бондаревский пікірінше, өзіндік жұмыс – болашақ маманның шығармашылық өзіндік ойлауын, ғылыми қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарындағы оқыту әдісі деп түсіндіреді [155, б. 109].

Н.Д.Никандров өзіндік жұмысты оқытушының бағыттауы және ұйымдастыруымен, бірақ өз бетімен тапсырманы орындауын айтады. Екі түрлі

ұғымды көрсетеді: өзіндік жұмыс және өздігінен білім алу. Өздігінен білім алу – ешкімнің қатынасынсыз студенттің өзіндік жұмыс істеуі деп есептейді [156, б. 58].

М.К.Гарунов өзіндік жұмысының анықтамасын былайша түсіндіреді: іс-әрекет мақсатының көрсетілуі, іс-әрекет нысанының анықталуы, іс-әрекет түрінің таңдап алынуы [157, б. 17].

Т.И.Ильина бұл өзіндік жұмысқа «оқытушының тікелей қатысуынсыз, тек басшылық етуімен ғана орындалатын оқушының фронтальдық, топтық және жекелеген іс-әрекетінің ерекше түрі» ретінде анықтама берді [158].

Қалау, тілек мәнді айтылымдарды меңгеруде өзіндік жұмыстар үлкен орын алады. Себебі студенттердің әрбір жеке тақырыпшаларды оптатив және оның түрлерін жете түсініп, тілді терең меңгеруі үшін жүйелі ұйымдастырылған өздік жұмыстардың өзіндік үлесі бар. Сонымен бірге өтілген тақырыпта берілетін өздік тапсырмаларының түрлі талап-тілектерді қамтиды. Себебі оптатив түрлерін, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін танытуда өздік жұмыстарынсыз нәтижеге жете алмайсыз. Ал оқытудың нағыз құралы – өздік жұмыстар.

Оптативтер және оның түрлерін оқытуда студенттердің білімін жетілдіруге арналған өздік жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, өздік жұмыстар проблемалық жағдаят сипатында болуға тиісті.

Екіншіден, өздік жұмыстар өтілген тақырыптарға негізделуі керек. Өздік жұмыстар стандарттық сабақтың құрылымы мен мақсатына қарай өтілген материалдарға негізделіп отырады.

Үшіншіден, өздік жұмыстардың логикалық жүйелілігі болуы қажет, өздік жұмыстар міндетті түрде логикалық байланыста болады.

Төртіншіден, өздік жұмыстар студенттердің шығармашылық біліктерін дамытуға негізделуі керек.

Бесіншіден, өздік жұмыстар барлығы да жеке тұлғаның ізгілік-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруы қажет.

Алтыншыдан, өздік жұмыстардың шешімдері студенттерге топтастырылып та, жекелеп те беруге лайықталып дайындалуы керек.

Жетіншіден, өздік жұмыстар студенттің пререквизиттерде алған білімін жетілдіруге лайықталуы керек,

Сегізіншіден, өздік жұмыстар студенттің кәсіби және қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту қажет және т.б.

Оптатив сөйлем және оның түрлерін оқыту барысында тақырып түсіндірілгеннен кейін міндетті түрде өздік жұмыстарымен бекітіліп, толықтырылды. Жүргізілетін өздік жұмыстарының жалпы білімдік, танымдық, тәрбиелік мақсаттарына назар аударылып, бұл мақсаттар бір-бірімен тығыз байланыста іске асырылды. Қалау, тілек мәнді сөйлемдердің қатысымдық қызметін айқындау үшін тілдік деректермен жұмыс істелінді. Ол үшін студенттер көркем әдебиеттерден мысалдар терді. Олардың прагматикасын айқындауға тырысты.

Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқыту аталмыш процесті ұйымдастыруда басшылыққа алатын дидактикалық ұстанымдармен қатар тұлға қалыптастыру ұстанымын негізге алды. Өйткені сөйлеу актісінде тұлғаның ішкі дүниесі, сөйлеу әдебі, тәрбиесі негізгі рөл атқарады. Сондықтан әлеуметтік үрдіс ретінде анықталған тәрбие мәселесі мен қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселелерінің өзара байланысын саралау қажеттігі туындайды.

Жалпы, тәрбие ұғымы мен тәрбиелеу үрдісі алуан қырлы. Мәселен, М.Жұмабаев жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық дәстүрде тәрбиелеу қажеттігінің басымдыққа ие болуы керектігін айта отырып, дене тәрбиесі мен жан тәрбиесінің сабақтастықта орын алуы қажеттігін меңзеген [159, б. 53].

Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтар тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді эмпирикалық, экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу. Олай болса, әрбір азамат тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің мәніне, міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары, соның ішінде тұлғаның рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу, - деп көрсетеді [152].

Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қазақша тәрбие берудің ерекше құралы деп тануға болады. Өйткені халқымызда тәрбие басы Абай айтқан туған да дүние есігін ашатын өлең бесік жырынан басталады. «Бесік жырының басты қызметі - бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру» [160, б. 130]. Әрі бұл айтылымдарды Ф.Р.Ахметжанова мен Ж.Қ.Ғафурова «адамның балалық шағына бағышталған алғыс мәнді оралымдар» деп қолдану аясына қарай тақырыптық топшалаған [161, б. 56].

Мәселен бесікті тербетуші өзінің үмітін қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі арқылы жеткізеді:

*Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Шешен болар ма екенсің! (Бесік жырының үлгісі)*

Осы бір үзіндіде халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы анық көрінеді. Мұнда халық болашақ ұрпағының кім, қандай адам болатынына баса назар аударып «Тәрбие бесіктен басталады» дейтін халық бесік жырына өзінің қалауын, арманын кереметтей қоса білген [162, б. 139]. Осы тұрғыдан қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің тәрбиелік маңыздылығы бесік жырынан басталатынын байқаймыз. Бесік тербету барысында орын алған бұл

айтылымның адресанты баланың анасы болғанымен, адресаты бесікте жатқан баладан гөрі, үшінші бөгде жақ жаратушы - Құдай. Яғни бұл дискурста қалау, тілек мәнді сөйлемнің айтылу уәждігі анасының баласына белгілі бір материалдық немесе рухани қалауына негізделіп отыр. Дей тұра салт дәстүріміздің ажырамас бітісіп кеткен бөлігі болғандықтан, бесік жыры мазмұнындағы қалау, тілек мәнді айтылымдарды діни жоралғы мен салт-дәстүрге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің тобына жатқызамыз.

Бата тілек формасында айтылған бесік жырының компонентіндегі білдірілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі:

*Ала биең құлындап,
Алатауға сыймасын,
Қара биең құлындап,
Қара тауға сыймасын...
Ақылыңмен батыл бол,
Ағайынмен тату бол. (Бесік жырының үлгісі)*

Бірінші мысал ретінде алынған бесік жырының үзіндісі барлық жырлар секілді өлең мақамында беріліп тұр. Ол бесік жыры сұрақ формасында айтылып, оның үміті-тілегін білдіріп тұр. Ал екінші мысалда қалау, тілек бұйрық рай формасында келтірілгендіктен, оны бата тілек деп есептеуге болады.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері баланы өмір бойғы тәрбиелеудің ерекше бір тілдік құралы ретінде өз құндылығын жоғалтпайды. Ескіден өз ұрпағы, артында қалар тұяғы, баласының жарқын болашағына деген үміт тілегін ақ жаулықты аналарымыз оның әр бір өмірлік кезеңіне әртүрлі дұға тілектер формасында қалауы мен үміттерін өлең сөз мақымында да, ауызекі сөз үлгісінде де жеткізе білген. Бұл тілектер, бір жағы, жоғарыда айтылғандай, дискурстағы үшінші жақ Құдайға баланың анасының дұға тілегі болса, екінші жағынан, хакім Абай «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп айтқанындай, дискурстың адресаты болып отырған баласына адресант анасының тәрбие нәрін бойына сіңіруі. Ол дәстүр өз сабақтастығын тұрмыс-салт жырларының балаларға арналған келесі бір түрі мәпелеу жырларын айту барысында да кездеседі. Олардың мазмұны балаға жақсы тілектер тілеу сипатында болып келеді. Мәпелеу жырларына «Өс, өс, балам», «Сыламақ менен», «Ақ білек» және т.б. жатады. Мәпелеу жырларында қалау, тілек мәнді компоненттері жиі кездеседі. Тіптен аталмыш жыр тұнып тұрған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі деуге болады. Көбіне мәпелеу жырларында қалау, тілек бұйрық райында білдіріледі. Мәселен:

*Сыламақ менен,
Мықты болмақ сенен!
Жауырының жабыспасын,
Қабырғаң қабыспасын
Өс, өс, балам, өсе бер,
Батыр бол балуан білекті.*

*Батыл бол таймас жүректі!
Аяғыңды созайық,
Саусағыңды жазайық
Етті болсын балтырың,
Етті боп өс, жарқыным!
Өс, өс, өс! (Мәпелеу жыры)*

Осы келтірілген мәпелеу бұйрық рай формасында айтылып, мақамы жағынан бата тілекке жақын келеді. Мұнда да бесік жырындағыдай баланы ел қорғайтын, көптің үмітін ақтайтын азамат болып өсуін балғын бөбек кезінен құлағына сіңіріп, тәрбиелейді. Салт-дәстүрімізге байланысты жырлармен ондағы баталар жайында Ф.Р.Ахметжанова мен Ж.Қ.Ғафурова «Ата-бабаларымыз өмір тәжірибелерінен, халықтың әдет-ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі нұсқаларды өне бойы өнеге етіп ұрпақтарына үйретіп отырған, тілек тілеп, жастарды жақсы жолға бастаған, бата арқылы ұрпақтарын халқын сүйуге, өнегелі болуға тәрбиелейді» деп тұжырымдайды [161, б. 54].

Жалпы, ұлттық дүниетанымымыздың арқауы болып табылатын балаларға арналған тұрмыс-салт жырларының ұлтымыздың бала тәрбиелеу үрдісіндегі алар орны ерекше. Ол сөз құдіретіне сүйенген ата-ана үмітімен айтылатын тәрбие. Оның құралы – сол жырлардағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Сол қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің балаларға арналған тұрмыс-салт жырларындағы қызметін зерттеу, тұрмыс-салт жырларының когнитивті, прагматикалық, дискурсивті-прагматикалық астарын түсінуге зор үлес қоспақ. Жырлардағы адресаттың иллюкутивті мақсатын анықтау жырлардың тәрбие құралы ретіндегі құндылығын арттыра түспек.

Тұлғааралық тілдік қарым-қатынасты орнату, реттеу және тамамдау қызметтерін атқаратын тікелей және жанама қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін студенттердің сабақ үрдісінде қолдануы, түрлі тапсырмалар арқылы қатысымдағы сөз әдебін меңгеруі олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етті. Мәселен, этимологиялық негізі қалау, тілектен шығатын сәлемдесу және қоштасу мәнді сөйлеу актілерінің сыпайылық маркері көрініс табатын вербалды түрлерін студенттерге жанама қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі ретінде оқытып, оларды қолдануға студенттерді жаттықтандыру студенттердің сөз мәдениетін арттырды.

Олар сөйлесім жағдаятының сыртқы экстралингвистикалық факторларын ескеріп, қоғамда қалыптасқан әдеп нормаларды сақтап сөйлеуге дағдыланды. Өзінің қалауы мен тілегін, кез келген ойын сөйлесім жағдайының сыртқы факторларын ескеріп орынды сөйлеуге талпындыру оларды әдептілікке, адамгершілікке үйретуге мүмкіндік берді. Көнеден сөз мәдениетіне, сөз тәрбиесіне, ортада баланың өзін өзі ұстау мәселесіне көп зейін қойып «әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген қазақ халқы үшін болашақ ұрпағының сөз мәдениетінің қалыптасқандығы, олардың кішіпейілдік, адамгершілік қасиеттерінің жоғары болуы маңызды.

Ал аталмыш сөйлеу актісінің тұлғааралық тілдік қарым-қатынасты реттеуші қызметі айрықша. Қазақ қоғамында қалыптасқан сөйлесім әдебіне сай сөйлеуші

көбіне тыңдаушыға оның көңіл күйіне оңтайлы ықпал жасау үшін оған өзінің қалауын білдіріп, тыңдаушыға қатысты тілек айтады. Осымен байланысты берілген **жағдаяттық тапсырмалар** олардың сөйлеу актісінде қалау, тілек мәнді сөйлемдерді ұтымды қолдануға үйретіп, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге септігін тигізді:

***Жағдаяттық тапсырма.** Кішкентай ініңді қыдыртуға алып бардың. Ол дүкеннен өте қымбат тұратын ойыншықты алып беруіңді талап етіп, дауысын қатты шығарып, бақырып жылай бастады. Қымбат ойыншықты алып бере салуға, ақшаң жоқ. Еркелету мәніндегі сөйлемді пайдаланып, оны жұбатуың керек. Қандай сөйлемдерді пайдаланасың?*

Студент бұл жағдаяттан шығу үшін өзі білетін еркелету, жұбату мәніндегі сөйлемдерді қолдануға тырысады.

Тұлғааралық байланысты реттеуші – қызметін атқаратын, қалау, тілек мәнді айтылымдар. Сондықтан олардың әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін студенттерге үйрету коммуникативті жағдаятқа сай сыпайылық стратегиясын таңдап пайдалануға, орынды сөйлеуге тәрбиелейді.

Ғалым-әдіскер Ф.Ш.Оразбаева «Қазақ тілін оқытуда ұстаз бен шәкірттің екі жақты әрекеті тең дәрежеде орындалады. Бұл, біріншіден, тілді оқытудың мақсаты мен міндеттеріне байланысты болса, екіншіден, студенттің, оқушының жеке тұлғалық қасиетіне, қызығушылығына қатысты», – деп дәйектейді [163, б. 103]. Яғни оқытушы білім беру үрдісінде студенттің тұлғалық қасиетін дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды сұрыптап, таңдап ала білуі тиіс. Сонда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді. Ғалым А.Алдашеваның пікірінше, «Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – топтағы әрбір жеке адамның білігі, қабілеті ескеріле отырып, тілді меңгеруіне, лингвоелтанымдық өрісінің кенеюіне қолайлы, оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін әдістердің, ұйымдастыру формаларының, технологиялардың жиынтығын оқытуда пайдалану дегенді білдіреді, яғни топта қанша адам болса да, олардың әрқайсысының тұлғалық ерекшелігіне қарай сабақтың барысын, әдістемелік тәсілдерді бейімдеу керек болады» [164, б. 6].

Қорыта келгенде, қалау, тілек мәнді сөйлемдерді қатысымдық тұрғыдан игертуде оқыту ұстанымдарының мәні айрықша. Ұстанымдарға сүйене отырылып берілген білімнің сапасы жоғары болады. Сабақ үрдісінде басшылыққа алынған ұстанымдар аталған тақырыпты меңгертуге, түрлі сөйлесім жағдаяттарында оны ұтымды қолдануға үйретеді.

1 бөлім бойынша тұжырым

Бірінші тарауда Прагматикалық лингвистика, оның зерттеу нысандары мен зерттеу сұрақтары жайында Ч.Моррис, Р.С.Столнейкер, Дж.Остин, Ю.С.Степанова, Дж.Юль, Н.Норрик, У.Баблитц секілді бірқатар шетелдік ғалымдар мен З.Ш.Ерназарова, Қ.Есенова, Қ.Кенжеқанова секілді отандық ғалымдарымыздың берген пайымдаулары мен жасаған тұжырымдамаларын негізге ала отырып, тілдік қарым-қатынастың көпқырлы құбылысы болып есептелетін сөйлеу актілерінің және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің

адресант пен адресат қостағанына байланысты прагматикалық табиғаты кешенді түрде анықталып, аталмыш оптативті сөйлеу актілерінің анықтамасы берілді. Оптативті айтылымдардың жалпы прагматикасы анықталды.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін жоғары мектеп білім алушылары оңтайлы құрып, жұмсауына негіз болатын грамматикалық (тілдік) құзыреттіліктерінің негізгі құраушысы оптативті сөйлеу актілерін оқытудың лингвистикалық негіздері сараланды. Аталмыш үдерістің барысында қазақ тілінің табиғатының өзіндік ерекшеліктеріне орай оптативті айтылымдардың лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жасалу жолдары қарастырылды. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің ең өнімді жасалу жолы ретінде морфологиялық жолмен жасалу тәсілі анықталды. Онда шартты райдың «-са», «-се» жұрнақтары мен қалау райдың «-қы», «-ғы» жұрнақтарына түрлі көмекші сөздердің жалғануы арқылы адресант сөйлесім жағдаятында өз қалауы мен тілегін жеткізе алатындығы мысалдар арқылы дәлелденді.

Оптативті айтылымдарды оқытудың психологиялық аспектілерін саралау процессінде студенттік шақтағы білім алушылардың бойындағы түрлі психологиялық үдерістердің ерекшеліктері мен білім алушылардың психологиялық білімдері мен біліктіліктерінің құраушыларының бірі олардың бойындағы стратегиялық құзыреттіліктерін ескеру қажеттіліктеріне басты назар аударылды.

Жалпы алғанда жоғары мектепте білім алушылардың жастық ерекшелігіне байланысты бойларындағы психологиялық ерекшеліктері басқа жас өкілдерімен салыстырғанда біршама өзгеше. Бұл жаста білім алушы өзінің оқып жатқан мамандығына қарай болашақ өміріне керекті білімдер мен біліктіліктерді сіңіріп қарқынды түрде әлеуметтене бастайды. Болашақ филолог, педагог мамандардың қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оңтайлы жеткізіп, дұрыс интерпретациялауына байланысты олардың сөз мәдениеті мен сөз әдебін қарастыру үшін аталмыш сөйлеу актісін оқытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтау ең маңызды шаруа.

Сонымен қатар, сөйлеу актілерінің психологиялық табиғатына байланысты қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің алғашқы мәрте айтылу стратегиялары айшықталды. Ал ол – білім алушылардың коммуникативтік стратегияларына қатысты стратегиялық құзыреттіліктерін қалыптастырмақ.

Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытудың педагогикалық негіздерін қарастырғанда жалпы педагогика ғылымында қазақ тілін оқытуда ғалымдар басшылыққа алған дидактикалық ұстанымдар жайы сараланды. Оның ішінде жоғары мектепте қазақ тілі сабағын ұйымдастыруға негіз болатын дидактикалық ұстанымдар қарастырылған. Нәтижесінде «Прагматикалық лингвистика» пәнінің тақырыптық мазмұны аясында оптативті айтылымдарды қатысымдық тұрғыдан оқытуда тиімді деп танылған оқытушы басшылыққа ұстанатын ұстанымдар анықталып, оларды ұстана отырып қолданылған әдістер мен тәсілдер мысал ретінде келтірілген.

Педагогика саласының тағы бір зерттеу нысаны болып табылатын тәрбиелеу үдерісіндегі, яғни қазақ халқының ұлттық тәрбиелеу үдерісіндегі

ерекшеліктеріне орай оптативті айтылымдардың ондағы маңыздылығы зор екендігі дәлелденген. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері ерекше ұлттық тәрбиелеу құралы ретінде танылған.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАЛАУ, ТІЛЕК МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТИСІН ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін ЖОО-да қатысымдық тұрғыдан оқыту жайы

Тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселесі білім беру жүйесіне 1990 жылдардан бастап ене бастады. Тілді оқыту мәселесін көтеріп, зерттеп, қарастырып жүрген ғалым-әдіскерлер аталған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, ол білім беру жүйесінен берік орын алды. Алғашында оқытудың бұл түрі тілді қолданушы адаммен тілдесу, ұжымдық формада қарым-қатынас жасауда ағылшын тілін меңгертуде қолданылды. Кейіннен аталған әдістің тиімділігі дәйектеліп, ол барлық тілді оқытуда пайдаланыла бастады. Тілді қатысымдық тұрғыдан оқытуда тілдік-қарым қатынаста білім алушының тілдік дағдысы мен қабілетін қалыптастыруға назар аударылады. Адамды тілдік тұлға, нақты іс-әрекетті атқарушы ретінде қарастыратын антропоцентристік лингвистиканың идеяларына сүйенеді. Адамның тілдік дағдысын қалыптастыруға сөйлесім әрекетінің барлық түрі (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) қатысады. Оқытудың мақсаты, білім мазмұны, білім деңгейі, қабілеті, білігі мен дағдысы тілдік, лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы анықталады.

Ана тілін қатысымдық тұрғыдан оқытуда оны басқа пәндер тәрізді меңгертуге болмайтыны ескеріледі. Өйткені тіл – тұлғаның бір бөлшегі. Білім алушының іс-әрекеті оның ана тілін игеру қабілетін жетілдіруге бағытталады. Ал бұны тек сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы ғана іске асыруға болады.

Жоғары оқу жүйесіндегі басты мақсат – ұлттық мұраны жете меңгерген; ана тілінің сөздік қорын жетік игерген; адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды білетін; өз ұлты мен тілін қастерлейтін, жері мен елін қадірлейтін; Отанын сүйетін дүниетанымы кең, ізденгіш, іскер, еңбекқор, зиялы ұрпақ қалыптастыру [163, б. 121]. Ал тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту осы мәселелерді шешуге көмектеседі. Себебі «сөйлеу актісі тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылып, қатысымдық әрекеттің орын алуына себепші тілдің негізгі факторы ретінде көрінеді. Тілдік бірліктердің бұл ерекшеліктерін сөйлеу актісі барысында қарастыру оның қатысымдық сипатын ашады. ... Тілдік қатынас сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. ... Сөйлеу актісі барысында баяншының мақсаты тілдік бірліктер арқылы беріледі, яғни сөйлеу актісі – сөйлеушінің тілегін, ниетін, мақсатын қабылдаушыға жеткізеді, өзара қарым-қатынас орнатады» [165, б. 37].

Студенттер қалау, тілек мәніндегі сөйлемдердің қатысымдық қызметіне талдау жасау арқылы олардың сөйлеу актісінде алатын рөлін бағамдай алды.

Әдіскер Ж.Балтабаева жоғары оқу орнында студенттің тілін дамытуда қатысымдық ұстанымның маңызын айқындай келіп, «Студент жоғары оқу орнында кәсіби шебер сөйлеуге үйренбесе, өз ойын басқаға толық, жүйелі жеткізе алмаса, онда тілдің қатысымдық қызметін дұрыс меңгермегені болып есептеледі. Сондықтан студент қазақ тілінің қай саласынан болсын теориялық

білім алғанда, игерген білімін тілдік қатынас үшін пайдалана білуге дағдылануы тиіс. Осы ретте студентке тілдік қатысымның ауызша, жазбаша түрлері семинар, СӨЖ, тіл үйірмелерінде меңгертіледі. Тілдің қатысымдық қызметін ұғындыратын жұмыс түрлері дұрыс ұйымдастырылса, студенттің жүйелі де тілдік нормаларға сәйкес сөйлеуіне жағдай жасалады. Тілдік қатысымға дағдыландыратын жұмыстар студенттерді қызықтыратындай, теориялық білімге де, тіл дамыту мақсатына да сәйкес келетіндей болуы тиіс. Тілдік жаттығулар мен тапсырмалар қатысымдық бағытта ұйымдастырылуы қажет», – деп, қолданылатын жұмыс түрлерінің маңызын атап көрсетеді [144, б. 13].

Ал қазақ тілін жеделдете оқытуды зерттеген Ш.Құрманбаева сөйлесім әрекетінің рөлін жан-жақты айқындап, «Жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінде сөйлесім әрекетінің белсенділігі оқу материалын арнайы ұйымдастыру, оқытудың ерекше ұтымды формалары мен интерактивті әдістәсілдерін қолдану, оқытушы мен тіл үйренушінің жан қуаты мүмкіншіліктерін өнімді пайдалану және оны тәжірибеде ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады. Жеделдете оқыту мақсаттарының жүзеге асырылуы олардың әрбір оқыту деңгейіне лайықты және дұрыс қойылуына, тіл үйренушінің сөйлесім әрекетін дамытуға бағытталған міндеттердің қойылымы мен шешіліміне байланысты», – деп қорытады [166, б. 136]. Олай болса, қалау, тілек мәнді сөйлемдерді ЖОО-да қатысымдық тұрғыдан оқыту студенттерге ана тілінің қыры мен сырын терең меңгертуге көмектеседі.

Тілімізді жас ұрпаққа қатысымдық тұрғыдан оқыту арқылы оқушы мен студенттердің алған тілдік білімдері мен біліктіліктерін шынайы өмірдегі тілдік қарым-қатынас кезінде іс жүзінде қолдануларына жағдай жасаймыз. Кез келген тілдік бірлікті қатысымдық тұрғыдан оқыту білім алушыларға ұғындыру оқытушы тарапынан тек оқулық шеңберінде қалып қоймай, өзінің шығармашылық шеберлігін көрсетуіне жол ашады. Яғни оқытушы алдында оқулықтағы жалаң тілдік грамматикалық жазбаша тапсырмалардан басқа да сол білімдерді қолдануға машықтандыратын дидактикалық ойындар мен түрлі сөйлеу жаттығуларын ұйымдастыру қажеттігі туады.

Жалпы, қазақ тілінің оқыту әдістемесі саласында қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселесі мектеп, әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде біраз зерттелген. Сөзімізге Н.Құрман [167], М.Құлахмет [168], М.Дүйсенова [169] секілді ғалымдардың еңбектері дәлел болмақ.

Мектеп бағдарламасының шеңберімен зерттелгендіктен, М.Құлахмет, Н.Құрман, М.Дүйсеновалардың еңбегінде қазақ тілінің грамматикалық тілдік бірліктерін қатысымдық оқыту мәселесі талданылған. Ал жоғары оқу орындарында қазақ тілінің болашақ мамандарына тілдің грамматикалық тұстарынан да күрделі, жаңа прагматикалық, яғни қарым-қатынас кезіндегі аспектілерінен ақпаратпен қаруландыратындықтан, жоғарғы мектепте білім алушыларға қазақ тілінің прагматикалық, коммуникативтік бірліктерін қатысымдық тұрғыдан оқыту да керек. Өйткені тілдің грамматикалық бірліктерін, олардың прагматикалық табиғатын білмей, тілдік қарым-қатынас

кезінде тиесілі дәрежеде орынды қолдана алмай қалу қаупі болмақ. Ондай қауіпті алғашқылардың бірі болып алдын алуға тырысып баққан Хаймс «тілдің грамматикалық ережелерін толық білгенімен, оның әлеуметтік тілдік табиғатынан хабары жоқ бала сөйлегенде құбыжық секілді көрінуі ықтимал» деген. Әрине, қатысымдық құзыреттілік терминін ғылым сахнасына әкелген социоллингвист Хаймс адамның сыртқы келбеті жайында емес, оның сөйлеген сөзі немесе сөйлемінің сол тілдік қоғамның әлеуметтік тілдік нормаларына байланысты орын алған сөйлесім жағдаятына сәйкес келмей қалғандағы күйін айтқан. Ал қатысымдық бірліктерге аталмыш әлеуметтік тілдік нормалардың әсерін прагматика ғылымы қарастырады. Сол себептен оқырмандарына жоғарғы дәрежеде сауатты болулары үшін прагматикалық секілді пәнді өтетін жоғарғы мектепте аталмыш пәнді өту барысында студенттердің теориялық білімдерін ғана жетілдіріп қоймай, оны практика мен прагматикалық, қатысымдық бірліктердің өзін қатысымдық тұрғыдан оқыту қатысымдық оқыту әдістемесінде жаңашыл үрдістерінің біріне айналмақ.

Әйтсе де кезінде американдық озық ойлы ғалымы Дж. Серль тілдің қатысымдық бірлігі деп пайымдап кеткен прагматика саласының бірлігі сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқыту және оны зерттеу мәселесі толыққанды зерттеле қойған жоқ. Себебі тіл білімінің прагматика саласының зерттеу нысаны болып саналатын сөйлеу актісін оқыту жоғары оқу орындарында қазақ тіл білімінің жаңа бағыты ретінде студенттерге таңдау компоненті ретінде оқытылады. Яки ол пәнді оқу студенттердің таңдауына қалдырылған. Өз кезегінде «Прагматикалық лингвистика» пәні таңдалған күннің өзінде көбінесе оның тілімізге қатысты практикалық аспектілерінен гөрі жалпы тіл біліміндегі зерттелу тарихы жайында молырақ айтылады. Оның өзіндік себебі аталмыш тіл білімі саласы әлі де болса басқа тіл білімінің құрылымдық салаларымен салыстырып қарағанда жас, әрі олармен салыстырғанда әлемдік тіл білімінде де отандық лингвистика саласында да біршама аз зерттелген. Оның үстіне тіл білімінің құрылымдық салаларының да прагматиканың да зерттейтін нысаны бір таңба, тек соның әртүрлі аспектісі. Мәселен, грамматика сөз, сөз тіркесі, сөйлем олардың жасалу жолдарын, құрылымын, байланысу тәсілдері мен түрлерін қарастырса, прагматика тілдің сол бірліктері арқылы сөйлеушінің тыңдаушыға білдірген мағынасын саралайды. Демек, тіпті зерттеу мәселесі төңірегінен де прагматика тіл білімінің басқа құрылымдық салаларымен салыстырғанда, қатысымдық оқыту әдістемесіне жақын. Екеуі де тілдің қатысым барысындағы атқаратын қызметтері мен оған әсер етуші экстралингвистикалық факторларды қарастырады, бірі яки прагматика аталмыш мәселелерді тікелей зерттесе, коммуникативтік оқыту әдістемесі сол мәселелердің оқытуды әрі оқытудағы рөлін зерттейді. Демек, сөйлесім жағдаяты, адресант, адресат, сөйлеу актісі іспетті тілдің қолданыстағы аспектілерін зерттейтін прагматикалық білімдермен қаруланған қазақ тілінің кәсіби маманы болатын студентке тілдің қатысымдық бірліктерінің қолданысын үйрету олардың шебер маман болып қалыптасуына өз септігін

тигізбек, әрі бұндай әрекет қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың жаңа қырын ашпақ.

Тілдік қарым-қатынас кезінде баяншы айтатын айтылымы яғни сөйлеу әрекетінің иллокутивті күші, пропозициясы, тыңдаушыға әсері перлокутивтік актісі іспетті тілдік бірліктердің қолданылу кезіндегі тұстарын танып, ажырата білу кез келген сөйлесім жағдаятында жұмсалатын сол қатысымдық бірлікті, яки сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгеру студенттер үшін сөзсіз қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға едәуір ықпалын тигізеді. Сондықтан да прагмалингвистика пәнінің мазмұнындағы сөйлеу актілерінің тақырыптық үлесін біршама арттыру, әрі жалаң теориядан гөрі практикалық жақтарына көбірек назар қойып, студенттердің зейінін сол арнаға бұру тіл білімінің аталмыш саласына деген студенттердің қызығушылықтарын арттырады.

Сөйлеу актілерінің ішінде әсіресе ұлттық болмысымызға байланысты ерекше түрі болып бағаланып отырған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту студенттердің түрлі ортада орын алатын сөйлесім жағдаяттарында эстралингвистикалық әрі функционалдық факторларды ескере отырып, өз қалауы мен тілегін орынды жеткізуге, әрі қалаулы перлокутивтік актісінің мейлінше орын алуының ықтималдығын арттырады.

Өзінің әрі тыңдаушысының әлеуметтік статустары мен жастық, жақындық ерекшеліктеріне қарай орынды сөйлеуге дағдыландырады. Сондықтан зерттеу нысаны болып отырған сөйлеу актісі секілді күрделі сөйлеу актілеріне байланысты «Прагматикалық лингвистика» пәнінің мазмұнына практикалық тақырыптарды қосып, олардың СӨЖ және ОБСӨЖ тақырыптарында үлесін көбейту, пәнге және тіл білімінің жаңа бағыттарына деген студенттердің қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың қатысымдық құзыреттіліктерін жоғары сатыға көтерері анық.

Бүгінгі таңда қалау, тілек және өтініш мәнді сөйлемдер сөйлемнің функционалдық түрі ретінде біршама бұйрықты сөйлемнің мағыналық тобы санатында оқытылып жүр. Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытудың бұл түрі «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі», «Жай сөйлем синтаксисі» пәндерінің аясында сөйлемнің функционалдық түрлері іспетті дәріс тақырыбының көлемінде қарастырылғандықтан, оған тым аз уақыт бөлінген. Мәселен, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5B012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары, 2-курс, 3-семестр, кредит саны – 2. «Жай сөйлем синтаксисі» пәнінің білім алушыға арналған пән бағдарламасының оқу пәнінің мазмұнында «Жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері» атты тақырыбында бұйрықты сөйлемнің мағыналық түрі ретінде қарастырылады, аталмыш тақырыпқа барлығы жеті сағат берілген.

Павлодар қаласындағы Инновациялық Евразия университеті, 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 3-курс, 6-семестр, кредит саны – 3. Студенттерге арналған «Қазіргі қазақ тілі: Синтаксис» оқу пәнінің

силлабусының мазмұнында қалау, тілек мәнді сөйлемдер «Сөйлемнің функциялық топтастырылуы» тақырыбының көлемінде бұйрықты сөйлемнің мағыналық түрі санатында берілген. Онда «Қазіргі қазақ тілі: синтаксис» пәнін оқыту барысында қалау, тілек мәнді сөйлемдер сараланатын «Сөйлемнің функциялық топтастырылуы» тақырыбына жалпы көлемі 9 сағат бөлінген. Әрине, өз кезегінде бұл фактор қалау, тілек мәнді сөйлемнің қатысымдық сипатына өз деңгейінде толық назар бөліне бермейтінін көрсетеді.

Әрі ондай оқыту үрдісі барысында қалау, тілек мәнді сөйлемдердің тек коммуникативтік мақсаты мен интонациясына аздап қана тоқталады. Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытудың бұл күйінен оларды оқыту, ондай типтегі сөйлемдердің тұлғаның қатысымдық әрекетіндегі рөлінің маңызды екенін ескерсек, аталмыш пәндер көлемімен шектелмеуі керектігі аңғарылады.

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде «5В011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында 3 курс студенттеріне 5 семестрде, кредит саны – 3. «Прагмалингвистика» пәнінің тақырыптық мазмұндық кестесінен аталмыш оқу орнында прагмалингвистика пәнін оқыту үрдісі барысында бұл пәннің мәтін, газет мәтіні және оқырман мәселелері сараланатынын байқаймыз. Олай болуының бірден бір себебі, еліміздегі тіл білімінің бұл саласындағы зерттеулердің нысанына дені газет және медиа ақпараттар алынып отырылуында деп түсінеміз. Әйтсе де бұл берілген мысалдар негізінде «Прагматикалық лингвистика» пәнін оқыту бұрыс деуден аулақпыз. Тіл білімінің жаңа бағыты ретінде өтілетін пән ретінде берілген тақырыптық жоспарлар өз деңгейінде дұрыс. Жаңа бағыттар тұрғысынан бакалавриат дәрежесінде студенттерді теориялық материалдармен ақпараттандыру орынды. Берілген диссертациялық жұмыста біз тек сол пәннің практикалық жағын кеңейтіп, студенттердің сол алған білімі мен біліктері нәтижесінде өз бойларындағы жоғары білімді тіл маманына лайық қатысымдық дағдыларын, ғалым Маслова айтқандай, бірін-бірі толықтыратын коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан әрі қарай жетілдіруге көңіл бөлінді. «Прагматикалық лингвистика» пәнінің мазмұнына оның практикалық тұстарынан мәлімет молырақ қамтылды (Кесте 10).

Кесте 10 – «Прагматикалық лингвистика» пәнінің қалыптастыру эксперименті кезеңінде қолданылған тақырыптық мазмұны [25, б. 144]

№	Тақырып аттары	Лекция	Практика	СӨЖ	СОӨЖ
1	2	3	4	5	6
1	Прагмалингвистика пәні. Зерттеу нысаны, пәні, мақсаты, міндеті, негізгі ұғымдары.	1	2	3	3
2	Прагмалингвистиканың қатысымдық табиғаты, адресант, адресат, сөйлесім жағдаяты, коммуникативтік мақсат.	1	2	3	3

10 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
3	Қазақ прагмалингвистикасының зерттелу тарихы, қазақ прагмалингвистикасының негізгі тенденциялары.	1	2	3	3
4	Әлеуметтік прагматика, зерттеу нысаны, мақсаты.	1	2	3	3
5	Салыстырмалы прагматика.	1	2	3	3
6	Қатысымдық құзыреттілік, әлеуметтік мәдени яки прагматикалық құзыреттілік, классификациясы.	1	2	3	3
7	Қарым-қатынас принциптері.	1	2	3	3
8	Коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар.	1	2	3	3
9	Сөйлеу актілерінің теориясы.	1	2	3	3
10	Сөйлеу актілерінің классификациясы.	1	2	3	3
11	Жанама сөйлеу актілері.	1	2	3	3
12	Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің прагматикалық табиғаты.	1	2	3	3
13	Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің айтылу уәжділіктері.	1	2	3	3
14	Сәлемдесу мәнді сөйлеу актісі, прагматикалық табиғаты, функционалдық және әлеуметтік прагматикалық аспектілері.	1	2	3	3
15	Қоштасу мәнді сөйлеу актісі прагматикалық табиғаты, функционалдық және әлеуметтік аспектілері.	1	2	3	3
Барлығы		15	30	45	45

Көрсетілген тақырыптық жоспардан аңғаруға болатындай, эксперименттік жұмыс барысында прагматикалық бірлік болып есептелетін сөйлеу актілерінің қатысымдық табиғатына, оны қатысымдық тұрғыдан оқытуға басымдылық берілді. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі мен жанама қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері ретінде санауға болатын кейбір сәлемдесу және қоштасу мәнді сөйлеу актілері жеке дара тақырыптар ретінде алынды. Бұл, бір жағы, студенттерге қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің күрделі прагматикалық астарын кешенді түрде түсінулеріне септік болса, екінші жағынан, олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көмектесті.

2.2 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгертуде қолданылатын негізгі әдістер

Бүгінгі күні оқыту үдерісінде қолданылып жүрген әдістер бір-бірінен тек дидактикалық материалдарды ұсыну жолдарымен ғана емес, оларды қалай ұсынып, оқу материалдарын терең де сапалы меңгеруді іске асыру техникасымен ерекшеленеді. Әдістердің бірыңғай жинағы тек әдістердің ұзақ эволюциясы барысында ғана құрала алады. Тілді оқытудың универсалды әдіс-тәсілдерін анықтау үшін бірнеше ғасырлар қажет болуы мүмкін. Әрбір оқытушы оқыту үдерісінде сабақтың дидактикалық мақсатына сай кез келген әдісті өзінің қалауымен пайдалана алады. Сондықтан универсалды, барлығына бірдей жарайтын ең керемет деген әдіс жоқ. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған А.Байтұрсынұлы: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс

жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйенетін қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», - дегені дәлел [58, б. 357].

М.Жұмабаев сабақтағы әдістердің маңызы жайлы адамның ішкі сезімдеріне талдау жасай келіп, зерігу туралы былай дейді: «Іш пысудың екінші себебі – біртүрлілік. Бір түрлі әсерлер, бір түрлі суреттер адамды жалықтырады, қажытады, ішін пыстырады. ... Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің де іші пысады. ... Мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, баланың да іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен, басқыштап білдіруде. Сабақ уақытында мұғалім сөзі жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті. ... Сабақ уақытында балалардың ойнауы, тыныш отырмауы, бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақты, жігерлі бола білмегендігінен» [159, б. 82].

Әдіс алға қойылған дидактикалық талаптар мен ұстанымдардың өзара ықпалдасуы негізінде пайда болып, студенттерге тақырыпты меңгеруде оқытушының қолданған әрекеттері болып табылады.

Оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер жүйелі түрде іске асырылып, сабақтың кезеңдері, студенттердің психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері және т.б. мәселелер ескеріледі.

Ф.Ш.Оразбаева тіл үйретуге қатысты әдістердің негізгі шарттарын былайша саралайды: «Теорияны практикамен ұштастыра білу; теорияны саналы түрде меңгеру, жолдарын ашу; тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тілді тез үйренудің мүмкіндіктерін қарастыру; ой мен іс-әрекеттің қатар жүруін қамтамасыз ету; тәжірибенің жиынтығын жан-жақты қорыту арқылы іс жүзінде дұрыс қолдану» [33] дей келе, қай әдіс болса да тілді үйретуде тиімді болғаны дұрыс деп қорытады.

Демек, әдіс дегеніміз – оқытудың дидактикалық мақсатына сәйкес оқытушы жүргізетін іс-әрекеттің жинақталған жүйесі;

Бүгінгі күні педагогикалық еңбектерде оқыту әдістерін әртүрлі топтаудың жүйесі бар. Педагог-ғалымдар оқыту барысында әдістерді пайдалану мұғалімнің алдына қандай оқыту мақсатын қойғанына байланысты деп есептейді. Олай болса, оқыту әдістерін жинақтауда, анықтауда мұғалім мен студенттің арасында қандай іс-әрекеттің орындалатыны, мұғалім оқушының қандай қабілетін жетілдіретіні маңызды рөл атқарады. Сондықтан әрбір педагог-ғалым білім мазмұны мен оқыту мақсатына қарай оқыту әдістерін анықтауда өзіндік көзқарас ұстаған.

А.Байтұрсынұлы жалқылау, жалпылау, талдау, жинақтау, ойын, зерттеу, сұрақ-жауап, салыстыру т.б. әдістерді анықтап, алғаш рет оқыту барысында қолдану жолдарын көрсетті [58].

Д.Әлімжанов, Ы.Маманов салыстыру, индукция-дедукция, баяндау, әңгімелесу, жаттығу, көрнекілік т.б. әдістерін тиімді қолдану қазақ тілін сапалы оқытудың алғышарты деп түсінеді [170].

А.Әбілқажы:

➤ Оқушылардың білім алу кезеңіне қарай – мұғалімнің сөзі, әңгіме, көрнекілік, жаттығу;

➤ Оқушылардың қатысу дәрежесі мен сыныбына қарай – актив – пассив, тапсырманы орындау;

➤ Оқушылардың жұмыс сипаты мен орнына қарай – бақылау тапсырмалары, жұмысты жазбаша орындау, жұмыстың ауызша орындалуы деп, әдістерді оқушының білім алу, қатынасу, орындау жұмыстарына қарай екшеп, саралады [171].

Ә.Исабаев:

➤ Қазақ тілін педагогикалық жақтан үйрету әдістеріне: қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту, түсініксіз сөздерді үйрету, диалогтік және монологтік сөйлеуді үйрету, ауызша түсіндіру, ауызша мазмұндау және мәнерлеп оқыту әдістерін;

➤ Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістеріне: әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру және кітапты пайдалану әдістерін;

➤ Қазақ тілін теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістеріне: талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрау, шығарма, көшіру, диктант жаздыру әдістерін жатқызды [172].

Р.Рахметова жоғары оқу орындарында синтаксисті оқытуда төмендегідей әдістерді тиімді деп көрсеткен: *«қатысымдық, танымдық және интеграциялық, сыни-талдамалық, ақпаратты-рецептивті, проблемалық, зерттеушілік, салыстыру»* [151, б. 156].

Аталған ғалымдардың әдістерді классификациялау тәсілдері, ғалымдардың анықтаған әдістері бүгінгі күнге дейін өзінің тиімділігін жойған жоқ. Солай болғанымен, бүгінгі күндегі қоғамның болашақ мамандарға қойылатын талаптарын ескере отырып, студенттердің кәсіби құзыреттілігін ғана қалыптастырмай, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін сапалы қалыптастыру үшін қалау мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуда жоғарыда аталған әдістермен қатар арнайы *қатысымдық, дәріс, интербелсенді әдістер* қолданылды.

Кез келген тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық заңдылықтары, фонетикалық ерекшеліктері вакуумде орын алмайтыны белгілі. Тілді үйрену сол тілде сөйлесу, сол тілде қарым-қатынасқа түсу арқылы іске асырылады. Демек, белгілі бір сөздер тізімі мен грамматикалық ережелерді жаттау тілді толыққанды игеру үшін жеткіліксіз болып табылады. Кез келген тірі тілді үйрету дегеніміз – сол тілде сөйлейтін тұлғамен тиесілі дәрежеде нәтижелі сөйлесім жағдайын құруды үйрету. Ол айтқан сөйлемді сөйлесім жағдайына орын алған контекстиде дұрыс түсіну; оның сөйлемінің астарына жасырған ішкі интенциясын аңғару; әрі оған сыпайылық жоспарын сақтай отырып тиесілі жауап қату және т.б. іс-әрекеттерді жүзеге асыруда *қатысымдық әдістің* алатын орны ерекше. Қатысымдық әдіс – тілді жалаң заңдылықтар тұрғысынан меңгертуге емес, тілдік қарым-қатынас жасауға үйретуге арналған.

Қазақ тілін оқытуда қатысымдық әдісті ғылыми ортаға енгізіп, оны ғылыми тұрғыда тұжырымдаған - Ф.Ш.Оразбаева. Ғалым қатысымдық әдістің анықтамасын: «Қатысымдық әдіс – тілдік қатынас теорияларын іс жүзінде асырушы барлық іс-әрекеттер мен тәжірибелердің жиынтығы», - деп тұжырымдайды [33, б. 127].

Қалау мәнді сөйлеу актілерін оқытуда қолданылатын қатысымдық әдіс–оқытушы мен студент, студент пен студент арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын, студенттердің монологті және диалогті сөйлеу актілерін жете меңгеруіне септігін тигізетін, осы арқылы олардың тіл мәдениеттерін жетілдіретін, сөйлеу тілін дамытатын, осы мәселелерді бір арнаға тоғыстыратын оқыту әдістерінің бірі.

Дж.С.Ричардс өзінің «Communicative Language Teaching Today» атты кітабында тілді қатысымдық тұрғыдан оқытудың екі негізгі оқыту бағдарламасын бөліп қарастырады. Оның біріншісі, сөйлесім әрекетінің оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым іспетті түрлерін дамытуға негізделген оқыту бағдарламасы болса, екіншісі – білім алушыларды түрлі сөйлеу актілерін сөйлесім жағдаятында оңтайлы білдіруге дағдыландыратын функционалдық оқыту бағдарламасы. Функционалдық бағдарлама тұрғысында білім алушының бойындағы қатысымдық құзыреттілік – олардың тілдік бірліктердің қатысым барысында атқаратын түрлі қызметтерін оңтайлы қолдану шеберлігі. Аталмыш бағдарлама аясында сөйлеу актілерінің атқаратын қызметіне орай керек деп табылған грамматика оқытылады [173, б. 11].

Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытуда сөйлесім әрекетінің барлық түрі кешенді түрде қолданылды.

Тыңдалым бойынша kitap.kz сайтынан Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі мен Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» әңгімесін тыңдап, қалау, тілек мәнді сөйлемдері жазу, оның сөйлеу актісінде кейіпкердің мінезін, тұлғасын бейнелеуде қандай рөл атқарып тұрғанын анықтау тапсырылды. Студенттер диктор Гүлжамал Қазақбаеваның мәтінді жеткізудегі дикциясын да талдады. Мәтіндегі қалау, тілек мәнді сөйлемдерді тыңдап отырып, айыруға дағдыланды. Оларды кестеге түсірді (Кесте 11):

Кесте 11 – Тыңдалым тапсырмасы.

Сөйлем	Сөйлемнің түрі	Автордың аты-жөні, кітап аты
Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің кәрі бозымды бірге қосақтап жібер! – деді ақ көңіл аңшы.	Тілек мәнді сөйлем	Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан» повесі
Кенжетай, сен батырға бір әдемі жыр айтып берші! – деді Есней.	Тілек мәнді сөйлем	Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан» повесі
Апа, жоғары шық. Үйдегі өз орныңа отыр. Бұл – менің отауым. Еснейдің ауылына мені ұзатып апарғанда, осы отауыммен апарасың.	Тілек мәнді сөйлем	Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан» повесі

Тыңдалым тапсырмалары студентті мәтіннен деректі тауып, пайдалана білуге; тыңдалым мәтініндегі ең басты, ойды түсінуге; хабарды тыңдап, қабылдай білуге; өзіне қажетті материалды тыңдау арқылы жазуға дағдыландырды.

Ал оқылымның ғалым Ф.Ш.Оразбаева ұсынған *танымдық, ізденімдік, аналитикалық оқылым* түрлері пайдаланылды. *Танымдық оқылым* бойынша студенттерге қызықты, танымдық мәні бар материалдар ұсынылды. Олар осы мәтіндердің ішінен қажетіне қарай ең маңыздысын таңдап алуға үйренді.

Тапсырма. Мәтінді оқып, тілек мәнді сөйлемнің жасалу жолына талдау жасаңыздар.

Шөміш қағу – ырым. Көктемде сәуір айының бас кезінде көкжиекті бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезде ата-бабаларымыз «күн күркіреді, көк дүрілдеді» деп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Осы алғашқы күн күркіреген кезде киіз үйдің босағасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп:

*Айран, сүт көп болсын,
Жақсылық көп болсын,
Жабырқау жоқ болсын.
Ел-жұрт тоқ болсын, –*

деп тілеу тілеп, көктемнің алғашқы найзағайлы күркірек жаңбырын қарсы алады. Осыны шөміш қағу деп атайды.

Ізденімдік оқылым арқылы берілген жаттығу жұмыстарының ішінен тек өзіне керектісін, қалау, тілек мәнді сөйлемдерді мәтін ішінен тез таба алу, ережеге сәйкес мысалдарды іздеу тәрізді дағдыларын жетілдірді.

Жаттығу. Сөйлесім жағдаятына әсер етіп тұрған факторларды анықтаңдар. Адресант пен адресаттың әлеуметтік статусын айқындаңдар.

–Кіріңіз, кіріңіз, - деп екі рет қайталап айтқан қыз дауысы естілді. Мен есікті жайлап ашып, ішке кірдім.

Үстел басында Меңтай көйлегін үтіктеп жатыр екен. Мені көргеннен кейін:

– О, ағай, жоғарылаңыз, төрлетіңіз, – деп үтігін шетіне шоқитып қоя салды. Меңтай үстіне көп жуылғандықтан бұрынғы қара көк түсі бозғылттанып кеткен көнетоздау спорт костюмін киіп тұр екен. Ескілеу болғанмен, етпен ет боп жабысқан осы бір жарасты киім қыз мүсінінің мүшелерін айқындап, адамды одан сайын ынтықтыра түсетіндей. Оның есесіне бағанағы ақ мойын, ақ білек, уыз кеуде біржөла жасырынып, бүркеліп қалған. Мен сол бір сұлу картинаны іздегендей тамсанып, төсекке қарадым. Тап-тұйнақтай боп жиналған үй іші маған жанды ерітер тамаша картинаның бос қалғандай үңірейіп тұрған сияқты боп көрінді.

Көйлегін қоя салып Меңтай, екі қолын қатарластыра ілгері созып маған қарай жүрді.

–Ағай, сіздің Жаңа жылда бақытты болуыңызға, ойға алған мақсаттарыңыздың бәрі түгел орындалуына шын жүректен тілектестік

білдіремін! - деп кішкентай әсем алақандарының арасы, менің қолымды қысты.

–Егер шын тілектес болсаң, онда ойға алған бар мақсатым сенсің ғой, Меңтай», – дедім мен ішімнен. Бірақ оны сыртыма шығарып айта алмадым. (Әзілхан Нұршайықов)

Аналититикалық оқылым арқылы мәтіндегі тілдік бірліктерді талдау, олардың жасалу жолдарын салыстыру тәрізді жұмыстар атқарылды.

Жаттығу. Мәтіннен тілек мәнді сөйлемдерді тауып, жасалу жолына талдау жасаңыздар. Сөйлеу актісі қандай экстралингвистикалық факторға құрылғанын айтыңыздар. Адресаттарды Н.И.Форманскаяның классификациясы бойынша ажыратып дәлелдеңіздер.

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жесекжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

– О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

– Ақментей бабасындай батыр болсын!

– Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын!

– Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын!

– Домалақ анамыз жар болсын! — десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш ағам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

– Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, — десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді,

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді,

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді,

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді (Бауыржан Момышұлы)

Айтылымның хабарламалық және ақпараттық түрлері қолданылды. Хабарламалық айтылым бойынша студенттер «Қазақ прагмалингвистикасының тенденциялары», «Сөйлеу актілерінің классификациясы» және т.б тақырыптар бойынша өз көзқарастары мен пікірлерін білдірді. Ақпараттық айтылым бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ғылыми мақалалардағы пікірлерді айтып, ой бөлісті (Доскеева, Б. Ж.. Қазақ тіліндегі тілек, мақсат мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары. // ҚазҰУ Хабаршысы Филология Сериясы. № 1. 2016; С.Сәдуақасова және т.б. Тілек-бата мәнді сөздердің грамматикалық құрылымы және т.б.).

Сөйлесім әрекетінің түрлері көп жағдайда кешенді түрде қолданылды. Мысалы:

Жаттығу.

Әнші, күйші, сері Сейтек аралдан қашып шықты. Домбырасын тастамай, қолтығына қыса кетті. Салды теңізге итеріп жіберіп, Сейтек ең ақырғы боп өзі мінді.

— *Қош, Сахалин!... Бұл дауыста қауіп те, үміт те бар-ды.*

Алдында сұлап жатқан теңізге Сейтек көз жіберді. Мелшиген мылқау мұхит. Түпсіз тұңғиық. Аспан мен дария тұтасқан, біріне-бірі ұқсас. Құдды аспан айналып суға түскендей. Толқынға көмілген жаңқадай, сәл кезде теңіз қатарында жоқ болды.

«Сәт!» деді ішінен Сейтек бекініп, серт берген пішінмен. Өңі бұзылып қоңырқай беті бозарды. Ендігі серт — тез ғана елге жету. Зұлымдық жасап «барса келмес» аралына жіберсе де, тірі қайту; байтақ далада сұлу жарын, кәрі анасын құшу; туған елде күй шабытын шарықтатып, тағыз да шыңға сермеу; жүректегі зар боп қатқан қайғыны күйге салып халыққа тарату; жазықсыз қиянат әділетсіз заманның құралы екенін аңғарту; бойдағы барлық қуат, тілек, сезім соған шақырады.

Қашқындар бір күн, екі күн... толқынмен ақты. Азық таусылды, қуат азайды. Қауіп күшейді.

Әттең дүние, үйренген қыр үсті болар ма еді! Ең құрығанда дөң басына шығып, қол бұлгаса біреу көрер еді. Мына түнерген теңізде ұшқан құс та көрінбейді. Айнала зым-зия, тірліктен хабарсыз сияқты.

Бір кезде айнала бозарып, тұман серпіліп, көз ұшында ноқаттай бірдеме қарайды. Жаға ма? Үміт жағасы ма? Бұл қарайған өмір үміті емес пе?! Па, шіркін!... (З.Шашкин «Тандамалы шығармалар». III-том. 169-б.)

Оқылым. Мәтінді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыздар.

Тыңдалым. Мәтіндегі диалогті сөйлемдерді қалай жалғастыруға болады.

Айтылым. Жазғытұрым туралы ақын-жазушылардың еңбектерін тауып, әрбір автордың жазғытұрымды сипаттау мәнерін айтыңыздар.

Тілдесім. Қарамен берілген сөздердің интенцияларын табыңыздар.

Жазылым. Оптатив сөйлемдерді басқаша жазыңыз.

Жаттығу.

А. Қазанқаптың соңғы сөзі Шоңға ұнамады. Ол бәсентин биіне тік қарады.

— *Бөкей жағында болмағайсың? (Қ.Исабай «Шоң би»: (Трилогия), 75-б.)*

Ә. Бұлар бастығы Байсал боп кеп Құнанбаймен ашық-жарқын сәлемдесіп:

— *Қоныс қайырлы болсын, мырза!*

— *Қайыры ұзақ болсын!..*

— *Мекенің қайырлы болсын!.. (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея.*

Бірінші кітап, 68-б.)

Оқылым. Мәтінді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыздар. Оптатив сөздердің интенцияларын табыңыздар.

Айтылым. Мәтіндегі монологті сөйлемдерді қалай жалғастыруға болатынын айтыңыз. Сіз әрбір тілдесу жағдаятында өз ойыңызды қалай жеткізер едіңіз?

Жазылым. Қалау мәнді сөйлемдерді теріп жазыңыз. Оптатив сөйлемдерді басқаша жазыңыз.

Тілдесім. «Қоныс той» тақырыбы бойынша диалог құрыңыздар.

Функционалдық оқыту бағдарламасы бойынша *тілдік және шығармашылық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар, жазбаша дискурсты тәмамдау тапсырмалары, адресанттың коммуникативтік стратегияларын анықтауға арналған тапсырмалар мен рөлдік ойындар ұйымдастырылды*. Олар қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің қатысым кезінде атқаратын қызметтері мен сөйлесім жағдаятындағы тілдік емес сыртқы факторларға байланысты қамтылды.

Дж.С.Ричардс пен Т.С.Роджерс коммуникативтік тапсырмаларды қатысымға дейін орындалатын және қатысым барысында орындалатын тапсырмалар деп екіге бөлінетінін сөз еткен [174, б. 82]. Сонымен қатар ғалым қатысымға дейін орындалатын тапсырмалар білім алушыға қатысым барысында қолданыс үшін қажет болатын тілдік бірліктер мен олардың жасалуын (айтылымдардың жасалу жолдарын - А.Қ.Мейірбеков) меңгеруді көздейтінін ескерткен. Ондай тапсырмаларға *тілдік дағдыны қалыптастыратын жаттығулар, жазбаша дискурсты тәмамдау тапсырмалар мен стратегиялық құзыреттіліктерді айқындауға арналған тапсырмаларды* жатқыза аламыз. Өйткені олар жоғары мектеп білім алушысын ғалым Дж.С.Ричардс айтқандай, қатысымға дайындайды. Білім алушылардың қатысым кезінде қолданатын білімдері мен біліктіліктерін қалыптастырып, әрі қарай жетілдірулеріне дұрыс ықпал жасады. Мәселен, тілдік дағдыны қалыптастыруға арналған жаттығулар жоғары оқу орны студенттерін қалау, тілек мәнді айтылымдарды құрудың түрлі лингвистикалық әдіс-тәсілдерімен қаруландырса, жазбаша дискурсты тәмамдау тапсырмалары мен адресанттың қалау, тілегін айтуда басшылыққа алатын коммуникативтік стратегияға байланысты тапсырмаларын анықтауға арналған тапсырмалар студенттерді сол айтылымдардың әлеуметтік-прагматикалық және психологиялық аспектілермен таныстыруға мүмкіндік туғызды. Яғни сөйлеу актісінің анықтамасынан шығып тұрған сөйлеу кезінде адамның ескеруі қажет әлеуметтік тілдік нормалардан хабар берілді. Өз кезегінде айтылып отырған адамның сөйлеу кезінде, яғни өз сөзінде сөйлеу актісін жұмсау барысында басты назарда ұстауды қажет ететін әлеуметтік тілдік нормалар тұлғаның лингвистикалық синтаксис пен морфологияға қатысты білімдері мен біліктіліктерімен маңыздылығы пара пар. Өйткені сөйлесім жағдаятында кісі қанша жерден тілдік ережелердің бәрін дерлік сақтап сөз саптағанымен, әлеуметтік сөйлеу қағидаларын сақтамаса, онда оның құрған қатысымы оңтайлы бола қоймауы мүмкін. Оған халқымыздың «Үйретілген сөз дауға жарамас...» деген нақылын дәлел ретінде келтірсек те болады.

Ал қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін жұмсауда сөйлеудің әлеуметтік қағидаларымен таныс болуы оның адресанттың қалауы мен тілегінің орындалуының алғышарты десек те болады. Себебі кімге өз қалауын қалай жеткізуді меңгерген кісі өзінің коммуникативтік интенциясына әрдайым дерлік қол жеткізе алады.

Енді осы білімдері мен біліктіліктерін дағдыландыруға арналған қатысым барысында қолдануға үйрететін қатысымдық әдіс аясында қолдануға болатын

рөлдік ойындар жайына келер болсақ, олар қатысым барысында жүзеге асатын тапсырмалар санатына жатады. В.Литлвуд «Communicative Language Teaching: An Introduction» атты кітабында аталмыш рөлдік ойындарды тілді оқытудың коммуникативтік әдісі кезінде қолданылатын әлеуметтік қарым-қатынасқа дағдыландыруға арналған тапсырмалар деп бағалады. Әрі ғалым рөлдік ойындардың аудиторияның шектеулі мүмкіншіліктеріне қарамастан, түрлі әлеуметтік тілдесім жағдаяттарын құруға таптырмас тапсырма екенін көрсеткен. Себебі рөлдік ойындар барысында студенттерге аудиториядан тыс түрлі сөйлесім жағдаяттарында ойша тұрмын деп елестетіп, сөз сомдауларына мүмкіншілік туады. Мәселен, «Тілек айту» қатысымдық ойынының шарты бойынша, студенттер бір минуттың ішінде берілген «Наурыз» мерекесімен топтағы барлық студентке тілек айтып шығуы тиіс. Тілектердің қайталанбауы негізгі шарт.

«*Айна*» ойыны жұптық қалыпта іске асырылды. Ойынның шарты бойынша бір студент бейвербалды амал арқылы өтініш не тілекті білдіру керек. Екінші студент оны айна-қатесіз қайталауы шарт. Топтағы қалған студенттер олардың қандай тілек не өтінішті салғанын анықтауы тиіс.

«*Сөйлемді аяқта*» ойыны бойынша төрт студент шығады. Бірінші студент туған күн иесіне тілек айтады. Бірақ сөйлемін аяқтамайды. Қалған үш студент ол айтқан сөйлемді аяқтауы тиіс. Ең соңында бірінші студент өзінің айтайын деген ойына кімнің сөйлемі жақын болғанын айтады. Қатысымдық ойындар болашақ мамандық иелеріне өздерінің функционалдық сауаттылықтарын арттыруға көмектесті. Ал ол ойындардың кезеңдері студенттерге өздерінің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне байланысты сөйлеу мәдениеттерінің қаншалықты деңгейде екенін аңғарып, әлсіз тұстары болса оны жетілдіруге септігін тигізді. Студенттер бір-бірін сырттай бақылау арқылы замандастарының сөйлеу мәдениетінің артықшылықтары болса, үйренуге, кемшіліктері болса оған түзету енгізуге дағдыланды. Өмірде орын алуы ықтимал түрлі әлеуметтік тілдесімге байланысты тәжірибелерін арттырды. Ертеңгі күні алуан түрлі дискурсивтік жағдаяттарда, мейлі ол кеңсе дискурсы болсын, мейлі күнделікті отбасы мүшелері мен құрбы құрдас арасындағы ауызекі сөйлеу дискурсы болсын, қиналмастан өз қалауы мен тілегін жеткізуге, білдіруге машықтанды. Осы жағынан келгенде, рөлдік ойындардың маңызы зор.

Қатысымдық әдіс пен ондағы қолданылатын амалдардан басқа қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін жоғары оқу орнында қатысымдық тұрғыдан оқытуда *дәріс әдісінің* рөлі зор. Тілді қатысымдық тұрғыдан оқытудың мақсаты студент бойындағы қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы функционалдық сауаттылығын жетілдіру болса, лингвистикалық прагматика тілдік бірліктердің қатысым барысындағы атқаратын түрлі функциялары жайлы ақпараттар береді. М.Ф.Пател мен М.Дж.Правиннің «English language teaching (Methods, Tools & Techniques)» атты еңбектерінде тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту тілді үйренушілерге бағытталғандығын ескеріп, аталмыш әдістің білім

алушылардың бойындағы грамматикалық құзыреттіліктерден басқа сөйлеуге қатысты әлеуметтік дағдыларын қалыптастыратынын айтады.

Ғалымдар коммуникативтік құзыреттіліктердің сегіз түрлі аспектісі бар екендігін айтып, оларды лингвистикалық және прагматикалық аспектілері деп екі негізгі топқа жіктеп көрсетеді. Білім алушының қатысымдық құзыреттіліктерінің лингвистикалық аспектілеріне олардың бойындағы тілдің фонетикалық, грамматикалық, сөздік және дискурсқа байланысты білімдері мен біліктіліктері жатса, қатысымдық құзыреттіліктердің прагматикалық аспектілеріне тілдік бірліктердің функциялары мен сөйлесім жағдаятының сыртқы факторларын ескеріп сөйлеуге байланысты білімдері мен біліктіліктері және оларды тілдік қарым-қатынас кезінде оңтайлы қолдану қабілеттері жатады. Ғалымдар жұмыстарында тілдік қатысымның адамдар қарым-қатынасының жан дүниесі екендігін ескерткен [175, б. 96]. Қатысымдық оқыту әдістемесінің соңғы нәтижесі болып табылатын қатысымдық құзыреттіліктерге байланысты ғалымдардың бұндай тұжырымдамалары қатысымдық оқыту әдістемесі мен лингвистикалық прагматика пәнінің өзара тығыз байланысты екеніне тағы бір айғақ болмақ.

Жоғары мектеп білім алушыларын тілдік бірліктердің, сөйлеу актілерінің қатысымдық, прагматикалық табиғаттары жайлы теориялық ақпараттармен таныстыру **дәріс әдісі** арқылы іске асырылды. В.С.Кукушин дәрістің оқу материалын игертудегі маңызына тоқтала келіп, «под лекцией следует понимать токой метод обучения, когда учитель в течение сравнительно продолжительного времени устно излагает значительный по объему учебный материал, используя при этом приемы активизации познавательной деятельности учащихся» [154, б. 142].

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан тұрғыдан меңгертуде **проблемалық дәріс, дәріс-конференция, бинарлы-дәріс т.б. түрлері** өткізілді.

Проблемалық дәріс «Сөйлеу актілерінің классификациясы» тақырыбы бойынша өткізілді. Ғалымдардың сөйлеу актілерін жіктеулері туралы мәселелер алға қойылып, пікірлер мысалдар арқылы дәйектелді. Яғни студенттердің алдына проблема қойылып, олар осы проблеманы шешуге талпынды. Дәрістің бұл түрі оларды өз пікірлерін дәйектеуге машықтандырды. «Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің прагматикалық табиғаты» тақырыбы **дәріс-конференция** түрінде жүргізілді. Бұл тақырып бойынша 6 студент прагматикаға, сөйлем прагматикасына байланысты зерттеу еңбектері бойынша дайындалып келді. Қалған студенттер оларға осы тақырыптар бойынша сұрақтар қойды. Яғни дәріс «ғалымдар мен тілшілер» қалпында өтілді. Бұл бір сабақтың үстінде бірнеше іргелі зерттеу еңбектерімен танысып шығуға мүмкіндік берді. **Бинарлы дәріс** прагматика саласы мен синтаксис саласын зерттеп жүрген екі оқытушының бірлесіп сабақ жүргізуі арқылы іске асырылды. Бұл студенттерге екі саланың бір-бірімен байланысын терең игертуге, қалау, тілек мәнді сөйлемдердің прагматикалық қызметін айқындауға септігін тигізді.

Қазіргі білім беру үрдісінде өзінің ұтымдылығын дәлелдеген әдістер – интерактивті немесе интербелсенді әдістер. Бұл әдістер білім алушыларды бірлесе жұмыс атқаруға мүмкіндік береді. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге (білімге) қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі ұнату, өзара сыйласымдылық пен қолдау атомосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды [176, б. 4].

Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді қатысымдық тұрғыдан меңгертуде *интербелсенді әдістің* көптеген түрлері қолданылды. Мәтінмен жұмыс жасау барысында «Төрт сөйлем тәсілі», «ПОПС ((позиция, объяснение, пример, суждение или следствие) формуласы», «Қос жазба күнделегі», «Дербес жазу» стратегиясын қолдану ұтымды болды. Мысалы:

Тапсырма. *Оқылым. Айтылым.* Мәтінді оқы. Мәтіндегі ақпараттың мазмұнын «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңыздар.

Прагматика – сөйлеу актілері, айтылымдар секілді тілдік бірліктердің тұлғаралық тілдік қарым-қатынас кезінде жұмсалудың функционалдық аспектілерін, аталмыш тілдік бірліктер мен сөйлеуші, жазушы, тыңдаушы, оқырман арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің бүгінгі таңдағы мардымды саласы. Прагматика аталмыш тілдік бірліктерді адресанттың жұмсауындағы интенциясынан бастап, адресанттың сөйлесім жағдаятында айтқан айтылымдары мен сөйлеу актілеріне сөйлесім жағдаятының әсерін, адресант пен адресанттың әлеуметтік, жастық, жыныстық ерекшеліктері іспетті бірқатар факторлардың әсерін, жұмсалған бірліктердің адресантқа ықпалы секілді бірқатар мәселелерді қарастырады [25, б. 7].

- Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жазыңыз.
- Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
- Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
- Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

Тапсырма. *Жазылым.* Берілген термин сөздердің мағынасын «Қос жазба» күнделігі бойынша жазыңыздар (Кесте 12).

Кесте 12 – «Қос жазба» күнделігі

Термин сөздер	Түсініктеме
Интенция	
Сөйлеу актісі	
Локутивтік акт	
Құзыреттілік	

Тапсырма. *Оқылым. Айтылым.* Мәтіндегі ақпаратты «ПОПС» формуласын пайдаланып, тұжырымдап айтыңдар.

Адам баласы тұлғааралық қатысым барысында сөйлеу үрдісінде өз ойларын грамматикалық дұрыс құрастырылған айтылымдар арқылы жеткізіп қоймай, онымен қатар сөйлеуден өзге сөйлеу арқылы түрлі әрекеттерді жүзеге асыра алады. Мәселен, адамдар кездескен кезде бір-біріне «Сәлем!» деп айту арқылы вербалды амандасу актісін орындайды. Немесе «Сені ертең киноға алып барам» деп айту барысында адресант адресатқа уәде етеді. Демек, түрлі айтылымдар арқылы сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, уәде ету, қорқыту, шақыру, бұйыру секілді әрекеттерді жүзеге асыру сөйлеу актісі болмақ. Аталмыш айтылымдар арқылы жүзеге асатын іс-әрекеттер сөйлеушінің коммуникативтік интенциясы болып есептеледі. Тұлғааралық тілдік қатысымның сәтті болуы осы іспетті интенцияларын тыңдаушысы дұрыс интерпретациялауы арқылы орын алады [25, б. 69].

- Бірінші сөйлем. «Менің ойымша....».
- Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны деп түсіндіремін».
- Үшінші сөйлем. «Оны мен деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

- Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

Тапсырма. *Жазылым.* Мәтінді оқыңыздар. Мәтіндегі ақпаратты «Дербес пікір» жазу тәсілін пайдаланып жазыңыздар. (уақыт мөлшері: 7-8 минут)

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлемнен тұру керек.
6. Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.

Сәлемдесу – тұлғааралық бетпе-бет қарым-қатынас кезінде маңызды рөл атқаратын сөйлеу актілерінің бірі. Сәлемдесу мәнді сөйлеу актісі бірнеше қызмет атқарады. Сәлемдесу белгілі бір қоғам өкілдерінің арасында ізеттілік және кішіпейілдік әдептерін сақтай отырып, тұлғааралық байланыс орнатудың бірден-бір амалы. Сәлемдесу мәнді сөйлеу актілері қалай білдірілгені арқылы біз сөйлесім жағдаятындағы сұхбаттасушылардың арақатынас жақындығы мен бір-біріне қандай әлеуметтік статус беретінін аңғарамыз. Сәлемдесу мәнді сөйлеу актілері вербалды және бейвербалды іс-әрекеттермен жүзеге асуы мүмкін [25, б. 11].

Мәтіндегі ақпаратты меңгерту барысында қолданылған бұл интерактивті әдіс-тәсілдер студенттерді өз ойларын жинақтап, тұжырымдап айтуға, нақты мысалдар келтіру арқылы ойларын жеткізу дағдыларын қалыптастырды.

«Бейвербалды сәлемдесу мәнді сөйлеу актілері» тақырыбындағы пікірталас, «Қазақ тіліндегі қоштасу мәніндегі сөйлеу актілері» тақырыбында өтілген *ойбөліс* студенттерге аталған тақырыптарды терең игертуге, өз ойларын дәйекті жеткізуді дағдыландыруға көмектесті.

Қорыта келгенде, сабақ үрдісінде оқу матриалын меңгертуде тиімді болып табылатын әдіс-тәсілдерді іріктеп алудың мәні зор. Өйткені әр әдіс білім алушының тұлғалық қасиетін жетілдірумен қатар, олардың ой-өрісін дамытуға,

танымдық қабілетін арттыруға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, ең бастысы, оларға берілген материалды терең игертуге ықпал етеді. Сондықтан да жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер зерттеу тақырыбын оқытуда ұтымды болып табылды.

2.3 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгертуге арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі

Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін меңгерту тапсырмалар мен жаттығулар кешендері арқылы жүзеге асады. Дұрыс іріктелген тапсырмалар мен жаттығулар студенттің тіл мәдениетін жетілдіріп, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытады. Студенттер берілген жаттығуды орындау арқылы ізденеді, игерген білімдерін практикада пайдалануды үйренеді, жаттығуда тұрған проблеманы шешуге тырысады.

Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытуда жаттығуларды қолданудың басты мақсаты – студенттің игерген білімі мен біліктерін тез дағдыға айналдыру және оны автоматтандыруға мүмкіндік жасау. Т.Сабыров сабақты бекіту барысында жаттығулар дағдыларды қалыптастыратын тиімді әдіс екенін атап көрсетеді:

«Оқу материалдарын бекітуде оны пәннің негізгі, жетекші идеясына қарай қарастырған маңызды. Бекітуді ұйымдастырғанда әртүрлі әдістер мен құралдарды (түрлі жаттығулар, пәндік дидактикалық ойындар, экскурсиялар, көрнекі және техникалық құралдарды) пайдаланған жөн» [177, б. 19].

Е.В.Гурьянов дағды «1. Іс-әрекет жүргізу арқылы қалыптасады; 2. Жаттығулар орындау барысында қалыптасады», - деп тұжырымдайды. Ғалым оқыту үдерісінде бірнеше қайталаудан тұратын оқу материалдарын іс-әрекет арқылы практикалық тұрғыдан іске асырғанда ғана оның дағдыға тез айналатынын айтады [178].

Сондықтан жаттығу жұмысын жүргізу – әрбір сабақтың міндетті бөлігі болып саналады. Оқыту үдерісінде теориялық материалдарды берік меңгерту жаттығу жұмысының тиімді де жүйелі құрылуына байланысты. Оқытушының жаттығуларды қолданудағы басты мақсаты – студенттің меңгерген білімдерін практикада қолдануын дағдыға айналдыру.

Жаттығу – меңгерген білімді бекітудегі басты әдіс болып табылады. Жаттығулардың түрлері оқытудың мазмұнына, бірізділігіне, оны жүргізудің көлеміне, оның мағыналылығына, оқу қызметінің түрлеріне, бақылаудың формаларына байланысты бөлінеді. Жаттығулар оқыту үдерісінде туындайтын мәселелер мен проблемаларды шешу жолын көрсетіп, білімді бекітудегі бағдар болып саналады. Сондықтан жаттығулар кешені оқыту үдерісінің әдістемелік құралдарының бірі ретінде қолданылды. Осыған байланысты қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда қолданылатын жаттығулар мынандай дидактикалық талаптарға негізделді:

- жаттығулар студенттердің меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдануын қамтамасыз етіп, олардың жеке тұлғалық және кәсіби-шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруге арналуы тиіс;

- жаттығулар қатысым әдісіне сай іріктеліп, студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіруге негізделуі қажет;
- жаттығулар дидактикалық, тәрбиелік талаптарға жауап беріп, студенттің толыққанды адам болып шығуына әсер етуі керек;
- жаттығулардың оқыту заңдылықтарына негізделуі ескерілуі шарт.

Жаттығулар осы талаптарға жауап бергенде ғана тиімді болатыны ескерілді. Бүгінгі күні құзыреттіліктер оқытудың түпкі нәтижесі болып табылатындығына байланысты жаттығулардың функционалдық (қызметтік) тұрғыдан маңыздылығына басымдық берілді. Сондықтан жаттығулар студенттің тек қана тікелей тілдік дағдысын қалыптастырмай, сонымен қатар оларды қалау, тілек мәнді сөйлемдер жөнінде қажетті біліммен қаруландырып, өз бетінше білім алу дағдысын да қалыптастыруға бағытталды. Осыдан барып қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда жаттығулардың функционалды қызметінің күрделенуіне, рөлін арттыруға мән берілді.

Оқытудың сапасы жаттығулар кешенінің мазмұнына байланысты. Жаттығулардың көлемі оқылатын тілдік құбылыстардың жиынтығы мен күрделілігі бойынша айқындалды. Студенттер бұл құбылыстармен таныс па, олар материалдарды қандай дәрежеде меңгеруі тиіс деген мәселелердің шешімін табу көзделді. Осымен байланысты әдіскер-ғалымдардың жаттығу туралы пікірлері негізге алынды.

Н.Оралбаева мен К.Жақсылықова «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбектерінде жаттығуларды тілдік және сөйлеу жаттығулары деп бөліп, оларға төмендегідей анықтама береді: «Тілдік жаттығулар тілдік нұсқалар туралы алғашқы білімді бекітуге арналады. Оқулықтағы жаттығулар – осы тұрғыдағы жаттығулар. Бұл жаттығулар оқушыны сөйлей білуге үйрету, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға керек. Тілді үйренудің алғашқы адымы тілдік жаттығулар арқылы тілдік нұсқалардың мағынасын, қолданылуын үйретуден басталады» [179].

Ж.Дәулетбекова: «Оқушының сөз мәдениетін қалыптастыратын жаттығулар мақсатына қарай тілдік және этикалық дағдыларды қалыптастыратын, қатысымдық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыратын жаттығулар деп жіктелді. Мұның біріншісінде, оқушының тілін дамытуға, тілін ұстартуға және сөз мәдениеті құралдарын қолдануына бағытталған жаттығулар топтастырылса, екіншісінде, оқушының әлеуметтік дағдыларын, қатысымдық біліктіліктерін жетілдіру бағытындағы тапсырмалар ізденімдік, проблемалық, шығармашылық деп жүйеленді» [3].

Р.Ә.Шаханова «Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деп аталатын докторлық диссертациясында жаттығуларды тілдік жаттығулар, сөйлеу жаттығулары және тілдік жағдай туралы жаттығулар деп саралайды. Тілдік жаттығуларды дайындық жаттығулары, ауыстыру жаттығулары, көшірме жаттығулар деп үшке бөліп қарастырады [128].

С.Нұрғали үстеулерді айтылым әрекеті арқылы оқытуда жаттығуларды шеберлік деңгейде және шығармашылық деңгейде жүргізілетін жаттығулар

деп бөліп, шеберлік деңгейдегі жаттығуларды аналитикалық жаттығулар, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған машықтандыру жаттығулары деп саралап көрсетеді [136].

Ж.Сүлейменова жаттығулар жүйесінің дидактикалық жіктемесін 1) теориялық-тілдік, 2) тілдік материалдарды талдау, 3) шығармашылық-кәсіби, 4) білімді бақылау, тексеру, бағалау 5) рефлексиялық деп құрады [131, б. 39].

Жоғары оқу орнында синтаксисті қатысымдық-танымдық аспектіде оқытуды қарастырған ғалым-әдіскер Р.Рахметова өзінің докторлық зерттеу жұмысында жаттығулардың тілді оқытудың нағыз құралы екенін айта келіп, ана тіліміздің синтаксисін оқытуда қолданылатын жаттығуларды: қатысымдық, танымдық және шығармашылық дағдыларды қалыптастырушы жаттығулар деп классификациялаған [151].

Жаттығуларды іріктеу мен оларды функционалды қызметтеріне қарай бөлуде әдіскер-ғалымдардың жіктеулері басшылыққа алынды.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы негізінде жасалынған жаттығулар жүйесі қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытудың негізгі өзегін құрайды, өйткені қазақ тілін үйретудегі оқытудың жетістігі көп жағынан жүйеге байланысты.

Қалау, тілек мәнді айтылымдарды оқытуда жаттығулар кешені студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуды көздеді. Яғни тұлғаның тілдік қатысым барысында сөйлесім жағдаятының әлеуметтік, психологиялық аспектілерін терең игеріп, грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған қатысымдық бірліктерді қолдана отырып, тұлғааралық тілдік қарым қатынас құра алу қабілеттері мен біліктіліктерін дамытуға бағытталды. Мұндағы сөйлесім жағдаятының әлеуметтік аспектілері дегеніміз – ол тілдік қатынасқа қатысушы коммуниканттардың өзара жақындықтары, әлеуметтік статустары, жас және жыныстық айырмашылықтары. Психологиялық аспектілер – коммуниканттардың әрбір сөйлеу актісін жүзеге асырарда ойларында орын алатын коммуникативтік сөйлеу стратегиялары мен тактикалары, сөйлесім жағдаяты барысындағы адресант пен адресат қостағанының психологиялық көңіл күйлері. Студенттің қатысымдық құзыреттілігінің деңгейі өзінің білімі мен білігін сөйлесім жағдаятының экстралингвистикалық аспектілері мен сөйлесім жағдаятының өнімі болып саналатын сөйлеу актісін құруға қажетті тілдік бірліктерді қолдана білуі арқылы көрінеді. Тұлғаның сөйлеу актілерін дұрыс құрастыруға негіз болатын белгілі бір тілдің грамматикасын, сөздік қорын, фонологиясы жайлы білімдері оның лингвистикалық құзыреттілігінің көрсеткіші болып табылады. Студенттің лингвистикалық құзыреттілігінің арқасында дұрыс та, тиянақты құрастырған сөйлеу актілерін тілдік қатысымның әлеуметтік-прагматикалық аспектілеріне сай тыңдаушыларына оңтайлы жеткізуіне негіз болатын білімдері мен біліктіліктері әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерінің деңгейін байқатады. Тұлғаның стратегиялық құзыреттіліктері болса, оның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты білімдері мен біліктіліктері [25, б. 142].

Студенттердің бойына қатысымдық құзыреттіліктер белгілі ретпен, жүйемен қалыптасады. Әрі жоғарыда келтірілген қатысымдық құзыреттіліктің құраушы компоненттері болып есептелетін әлеуметтік-мәдени, психологиялық және лингвистикалық, дәлірек айтқанда, грамматикалық аспектілерін қамтуы міндетті. Сондықтан қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуда жаттығулар студенттердің тілдік білімдерін жетілдіруге, олардың қатысымдық дағдыларын дамытуға, білімнің соңғы нәтижесі ретінде қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталды. Қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оқытуда төмендегідей жаттығулар жүйесі қолданылды: (Сурет 8).



Сурет 8 – Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі.

1. Тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулар қалау және тілек мәнді сөйлемдерді құрау үшін қажетті тілдік материалдарды игеруге, студенттердің лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өзгертілген тілдік жаттығуларды қолдану білім алушылардың тілдік дағдыларын автоматты деңгейге дейін жеткізді. Тілдік жаттығулар іштей жіктелді:

1) *Мәтінге байланысты берілетін тапсырмалар*: мәтіннен қалау мәнді сөздерді табу, оларды басқа ұқсас жағдаяттарда қолдану, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің жасалу жолдарын есте сақтау, қалау, тілек мәнді сөздердің

астын сызу, қалау, тілек мәнді сөздерді ішінара топтау, оптативтердің белгілерін анықтау, оптативтердің өзара айырмашылықтарын көрсету және т.б.

2) *Оппозициялық талдау тапсырмалары*: оптативтердің түрлерін өзгерту, пропозиционалдық кестелермен жұмыс, мәтіндерден қалау тілекті табу және пропозицияларды ажырату, сөйлемдерді семантикалық-прагматикалық бөліктерге бөлу, үлгілер бойынша сөйлемдерді ойластыру, сұрақтарға жауап беру және т.б.

Студенттер тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығуларды орындау барысында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің жасалу жолдарын есте сақтап, осыған ұқсас сөйлемдер құрып үйренді. Мысалы :

Жаттығу. Мәтіндерден қалау мәнді сөйлемдерді табыңыздар.

А. Есік алдында айналмалы құдық бар. Мағираш қыста арамза қозыларға сол құдықтан су тасиды. Бір күні өзі де қызығып кетіп, шүпілдеп тұрған шелектің дәл ортасынан еңкейіп тұрып су ішті. Оның бұл тәтті қылығы анадай тұрған Қара-Жұманды да еліктіріп жіберді.

– Маған да ішуге бола ма? – деді ол атынан түсіп, қарды сықырлата жақын келіп.

– Болады!

Қара-Жұман еңкейіп, дәл Мағираш ішкен тұстан ішті (Р.Тоқтаров «Тұлпардың сыны», 446-б.).

Ә. Дәурен босағадағы аласа орындыққа отырып, резинка етігін қонышынан тартып киіп жатқан:

– Ой, әлгі... мұнараны жаңа орынға көшіру керек еді, екі трактор жылжыта алмай жатқан көрінеді. Астындағы бөренелер дұрыс салынбаған болса керек.

– Ең болмаса бір стакан шай ішіп кетсейші.

– Ойбай, Айжан, бөгеме, жаным... Мұнара құлап түсіп жүрсе (З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» Т1, 24-б.).

Б. – Қазір кезекші емеспін, Бәйтерек меңгерушісімін, қарауымда он үш қыз істейді.

– Құтты болсын, Жәннәт! Көктемдей құлпырып кетіңіз! Бүгін жұмыстан ерте сұранып шығып ем, бір жерге барып оңаша отырайық, сырласайық, Жәннәт (Д.Досжан «Жазмыштың формуласы», 83-б.).

В. Екеуімізге арнап хат жазып кетіпті.

– О хаты қайда? Қане, беріңізші...

– Үйде, кейін оқырсың... (І.Есенберлин «Ғашықтар», 86-б.).

Жаттығудың мақсаты: Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жөнінде білімдерін бекіту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қалау, тілек мәнді сөздерді орынды қолдануға үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Мәтіндегі тапсырмаға жауап беру арқылы сөздерді орынды қолдануды, қалау мәнді сөйлем құрауды меңгерді.

Тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығуларды оқыту үрдісінде қолдану – қатысымдық және лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастырудың бірден –

бір ұтымды тәсілі. Мәселен, «Прагматикалық лингвистика» пәнінің тақырыптық мазмұны аясында жоғары мектепте қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытуда арналған дәріс сабағында студенттерге ана тіліміздегі оптативті айтылымдардың жасалу жолдары, олардың пропозиционалдық мағыналары, жанама қалау, тілек мәнді айтылымдардың иллюкутивтік мағына көрсеткіші жайында теориялық білім студенттер назарына ұсынылып, ал практикалық сабақтарда олардың алған білімдерін біліктілікке айналдыру және бекіту мақсатында тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулар қолданылды:

Жаттығу. Қалау, тілек мәнді сөйлемдердің жасалу жолдарын көрсетіңіз.

А. Екі күннен кейін Айтан жылмиып жетіп келді. Мұны ылықтыра жөнелді:

– Ақтауға қызметке барсам дейсің. Сен де сол жерге ауыссаң қайтеді? Орныққан, қалыптасқан компаниялар...

– Ол тағыз біреулермен танысқанын айтып, Құлтан деген кісі туралы аузынан суы құри жөнелді.

– Мен сенсіз де Маңғыстауға, Ақтауға қоныс аударсам ба деп жүргем. Бірінішіден, жері жылылау. Жаным шуақ аңсап жүр. Екіншіден, бірге оқыған балалар Илияс, Байген, Әлигер – бәрі сонда...(М.Шайыр «О, Данышпан Дүние» Роман-трилогия, екінші кітап, 122-б.).

Ә. Бала ағасына риза боп, ойнақтап, жүгіре жөнелді.

– Мама, – деді Тайман шешесінің алдындағы ет салған табаққа ұмтылып, – әкелші, мынаны мен апарайын...

Айжан жүзін баласына бұрып, оның әлденедей бір шарасыз ажарын байқап, біраз байыптай қарап тұрды да, ұлнадай жұмсақ лебізбен:

– Үйге бара бер, жарығым, – деді (З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» Т1, 41 б.).

Б. Ол машинаға, Тайманның жанына отырды да, кабинадан қолын, оған қоса басын шығарып, Дәуренге айғайлап қош айтып бара жатты:

– Сау болыңыз, Тайманмен бірге біржөла келемін, ылғи қасыңызда боламын, бірге тұрамыз! .. Қош! (З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» Т1, 47-б.).

В. Бір қолы тұтқада, сумка ұстаған қолын кейін созып, бір қырын бас шұлғып қоштасты:

– Көргенше!..

Кіммен қоштасқаны белгісіз. Әрине, мына жолдастарымен қоштасты. Бұлар да ұмтыла беріп:

– Жақсылықта бол!

– Сау тұр! – десіп жатты (З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» Т1, 149-б.).

Жаттығудың мақсаты: Студенттерге қоштасуға байланысты сөйлеу актісінде қолданылатын сөйлемдерді меңгерту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қоштасу сәтіндегі сөйлеу актісінің ерекшелігін үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Мәтіндегі қоштасуда қолданылатын тілдік жағдаяттармен таныса отырып, ол сөйлемдердің прагматикалық қызметін игерді.

Сонымен қатар бұл жаттығуларды орындау барысында студенттер адресант қандай коммуникативтік сөйлеу стратегиясын басшылыққа ала отырып, өз қалауы мен тілегін тыңдаушысына жеткізіп отырғандығын біліп, айтылымды грамматикалық және лексикалық белгілеріне қарай еркін ажыратуға дағдыланды. Бұл болашақ мамандарды ішкі ойын, қалауы мен тілегін сөйлесім жағдаятының психологиялық мәнмәтініне қарай оңтайлы етіп адресатына жеткізуге, білдіруге баулыды.

Әрі студенттер әртүрлі тұлғааралық ауызба ауыз қарым-қатынас үлгісіндегі мәтіндерден қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тауып, оның сол айтылымда орын алып отырған мәнмәтінге қаншалықты деңгейде әсер етіп отырғандығын аңғаруға төселді:

Жаттығу. Мәтіндерден қараға боялған сөйлемдердің қалаулық деңгейін анықтаңыздар. Оның сөйлеу актісіне қалай әсер етіп тұрғанын айтыңыздар.

А. Тайман айнала қарап, өздеріне таяу отырғандардан ыңғайсызданды:

– *Қабен, бұл аңгімені дәл осы жерде айтпайықшы енді...* (З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» Т1, 30-б.).

Ә. Ақ халат киген екі жігіт носилкаға салып «жедел жәрдем» машинасына апара жатыр. Күйзелген, аяған, сыбырлай шыққан дауыстар есітіледі.

– *Бишара, тірі қалса жарар еді...*

– *Мектепті аман алып қалды ғой...*

– *Мұндай өжет қыз бола ма! (І.Есенберлин «Ғашықтар», 112-б.).*

Б. Ертесіне жазып әкелген мақаласын үлкен газеттің бас редакторы оқып шығып, сол заматында қолқа салды. Көзінің асты көгіс тартып отырған бозбалаға жымия қарады.

– *Бізге жұмысқа келсеңші.*

– *Жоқ, қала алмаймын. Астанаға жүремін.*

– *Астанада өзіңді күтіп тұрған қызмет бар ма сонда?*

– *Жоқ, әйтсе де бұл жерде қала алмаймын (Д.Досжан «Жазмыштың формуласы», 428-б.).*

В. Тоғжанға деген Абайдың ынтықтығы, ауыр арманы, ұзақ жылдар бойында айықпаған қалың шер екенін жолдасы жақсы білетін. Бірақ сонда да, дәл осы қазіргідей боп Абайдың тақаты кетіп, жан ұшырған кезін Ербол көрген емес. Мына түрінде көлденең, жат жұрттың көзіне өрескел болатын бір істер істеп, оғаш сөздер сөйлеп жіберетін сияқты. Соны ойлаған дос жігіт Абайды қатты тартып, тоқтатып ап:

– *Өй, Абай, тоқта! Бұ не? Отқа түсеміз бе? Әуелі ес жияйық. Мәніңді айтшы өзің!* – деп еріксіз кейін бұрып алды.

– *Жоқ, осы үйде Тоғжанның өзі отыр. Өзі емес пе? Тым құрыса, соны ғана біліп берші!* – деп, Абай әлі де ырыққа көнбей жүр еді (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 35-б.).

– *Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші, әуелі. Екеуміз бірдей бармаймыз ол үйге. Мен барам да біліп шығам.*

Жаттығудың мақсаты: Қалау, тілек мәнді сөйлемдердің сөйлеу актісінде атқаратын қызметін таныту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қалау, тілек мәнді сөздерді орынды қолдануға үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Сөйлеу актісіндегі сөйлемдердің мәнмәтінге қалай әсер етіп тұрғанын білді.

Студенттер осы сипаттағы жаттығуларды орындау арқылы мәнмәтіннің сөйлеу актісін жүзеге асыру үрдісіне қаншалықты ықпалы бар екенін сезініп, кез келген өмірлік жағдаятта әртүрлі әлеуметтік орта өкіліне өз ойын орынды жеткізуге көмектесетін лингвистикалық ақпараттарды қолданып, жаттықты. Соның нәтижесінде білім алушылар теориялық материалдарды, оптаивті айтылымдардың жасалу жолдарын шынайы өмірден не әдеби шығармалардан алынған тілдік қатысымдардан тауып, осыған байланысты берілген тапсырмаларды орындап, өздерінің алған білімдерін бекітумен қатар, сөз мәдениеттерін жетілдірді.

Студенттің лингвистикалық құзыреттілігі қатысымдық құзыреттіліктің құрылымдық компоненті болып есептелетін басқа да компоненттермен бірлікте жетіледі. Демек, тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулар грамматикалық құзыреттілікпен қатар әлеуметтік-мәдени, стратегиялық құзыреттіліктерді жетілдіруге өз септігін тигізеді. Сондықтан бұл типтегі грамматикалық тапсырмалармен қатар прагматикалық тапсырмалардың бірлікте жүргені тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулардың маңыздылығын арттыра түсті. Мәселен, лингвистикалық тапсырмалар мәтіндерден оптаивті айтылымдарды тауып, олардың астын сызып, жасалу жолдарын анықтау түрінде ұсынылса, прагматикалық тапсырмалар оптаивті айтылымдарды семантикалық-прагматикалық бөліктерге бөлу, пропозиционалдық мағына көрсеткіштерін анықтау тәрізді сипатта берілді:

Жаттығу. Қалау, тілек мәнді сөздердің астын сызып, оптаивті айтылымдарды семантикалық-прагматикалық бөліктерге бөліп көрсетіңіздер.

А. Қонақтар жайғасып отырған соң. Бекей оған қарап:

– *Шүкіман қарағым, ана жақтан анаңа болысып, орамал әпер, дастарқан жайып жіберсеңші!* – деген (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 40-б.).

Ә. Мүкіс тартқан кәрі құлағының үстіндегі кимешегін кейін жиырып қойып, басын жоғары көтере бере, құлағын төсей түседі. Жалтыр күннен ұялған жасты көзін сығырайтып, қарт жүзіне сансыз көп әжімін тереңдете, иреңдете жиып келеді.

– *Уа, өркенің өссін, әншібегім! Біздің көңілімізді көтерсең, сенің көңіліңді Құдай көтерсін!..* – деп, тіссіз иегін шошаңдата сөйлейді (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 54-б.).

Жаттығудың мақсаты: Қалау, тілек мәнді сөздердің мәнін айқындау, оптаивті айтылымдардың семантикалық-прагматикалық маңызын анықтау.

Жаттығудың тиімділігі: оптаивті айтылымдардың семантикалық-прагматикалық қызметін айыруға дағдыланады.

Жаттығудың нәтижесі: Мәтіндегі оптаивті айтылымдардың қолданысын игерді.

Ал қалау, тілек мәнді айтылымдардың пропозиционалдық және иллюкутивтік мағыналарына байланысты тапсырмаларды орындау студенттердің әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етті. Мәтінге байланысты берілетін тапсырмалар мен оппозициялық талдау тапсырмаларын қамтитын тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулар қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытуда тиімді болып табылды. Жалпы, жаттығу жұмысына негіз етіп алынатын мәтіндерді сұрыптауға айрықша мән берілуі тиіс. Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегінен құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ойы жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды [163, б. 243].

О.И.Москальскаяның пікірлеріне сүйене отырып, мәтіннің құралуындағы мынадай қатысымдық тәсілдер анықталды:

1. Хабарлама жасау (фактілерді анықтау, бекіту).
2. Екінші адамға жеткізу (сипаттау, әңгімелеу, суреттеу, мазмұнын баяндау).
3. Түсіндіру (теңеу, түйіндеу, топтастыру, қорытындылар жасау).
4. Негіздеме жасау (дәлелдеу, қарсы ойын дәлелдеу, ақиқат еместігін анықтау).
5. Бұйыру не тілек ету (өтіну, сұрап білу, шақыру, ақтау, талап ету, түсіндіру, бұйыру).
6. Түсініктеме беру арқылы дәлелдеу.
7. Сұрау [180, б. 586].

Э.Д.Сүлейменованың пікірінше, барлық тіл бірліктері тек сөйлеу процесіне қатысушылардың қабылдауына лайық мазмұнды бере алатын бірліктердің ішінде ғана өзінің номинативтік мүмкіндігін жүзеге асыра алады. Ғалым «Текстің кумулятивтік табиғатын да осы тұрғыдан тану керек, өйткені тексте коммуникативтік мақсаттарға сәйкес жинақталған әлеуметтік және индивидуалдық тәжірибесі танылады. ... мәтін – адамзат қоғамының мүшелері бірімен-бірі алмасатын дүниетанымы мен ақпараттарын таңбалайтын ерекше тіл бірлігі», - деп, тұжырымдайды [181, б. 596].

Қалау мәнді сөйлемдерді оқытуда студенттерге мәтін құрылымындағы сөйлемдердің ішкі өзара құрылымдық-мағыналық тығыз байланыстары мен соның нәтижесінде туындайтын қатынастар, сол мәтіннің қалай құрылатыны, сөйлемдердің кез келген тізбегі мәтін құрай алмайтындығы үйретілді.

Жаттығу құрамындағы тапсырманың мәні оқытылып отырған тілдік материалдардың мазмұнымен анықталды. Олар көбіне оқытылып отырған ереже бойынша жаңа материалдарды бекітуге бағытталды. Студенттер шартты белгілерді жаттығуларды орындау барысында қолданды.

Оппозициялық талдау. Тіл білімінде оппозициялық талдау үлгісін енгізген Прага мектебінің өкілі - Н.С.Трубецкой. Ғалымның тұжырымдауында, екі нәрсе бір-бірінен өзара қарама-қарсы тұруымен-ақ айрықшаланады. Яғни әрбір екі нәрсенің арасында оппозиция өмір сүреді, яғни олардың арасында қарама-қарсылық қатынас болады. Сондай-ақ оппозиция оның мүшелерінің тек айырма белгілері болуын ғана емес, сол екі мүшені ортақтастырып та тұратын белгілерінің болуы қажет етеді» [182, б. 75].

В.Г.Адмони оппозицияны семантикалық-функционалдық қарама-қарсылық деп танып, олардан семантикалық функционалдық ұқсастықтарды (синонимиканы) бөледі. Ғалымның пікірінше, қарама-қарсылық пен ұқсастық қатынастар (оппозиция мен синонимика) полярлық қатынастар болып табылады. Бірақ ол екеуінің түйісетін түрлі нүктелері бар болып келеді [183].

Демек, оппозиция деп - қалау мәнді сөздердің арасындағы түрлілік пен қарама-қарсылық түрінде түзілетін қатынастарды айтады. Қалау мәнді сөздердің арасындағы қатынастардың өзі сол сөздердің тепе-теңдігіне (бір тектілігіне) негізделіп келеді.

Ғалымдар оппозицияның өзіндік белгілерін төмендегідей көрсетеді:

- салыстыру үшін, кем дегенде, екі элемент болуы керек;
- ол екі элементті ұстап тұратын парадигмалық орталық болуы керек;
- оппозиция мүшелері бір сипатта болмауы тиіс;
- белгілер бір біріне қарама-қарсы болып келуі керек;
- ол белгілерде салыстыруға негіз боларлық ұқсастық болуы керек;
- ол белгілердің өзара айырым белгілері болуы керек;
- лексикалық және морфологиялық мағыналарының тепе-теңдігі болуы қажет;
- бейтараптық күйге түскенде (нейтрализация) өзара алмастыра алатын болуы керек [183].

В.И.Кодухов оппозицияның келесідей үш түрін ажыратып көрсеткен: *градуалды, эквивалентті, привативті* [184].

Студенттерге оппозициялық ережелердің қолданысын меңгерту және оппозициялық талдауды үйрету үшін қалау, тілеу мәнді сөйлемдерді саралауды, оның (өзіндік) белгілерін айқындауды үйрету қажет. Егер қалау, тілек мәнді сөйлемдерді оппозициялық талдау барысында «қалау» мен «тілек» бұл хабар жолдаушыға тек қандай да бір белгілер жүйесімен ғана түсіндіруге, яғни хабар беруге болатын құбылыстар деп танысақ, онда тілдің қалауды жеткізуге арналған бірқатар құралдары бар және қалауды білдіруші кез келген сөйлеу акті, сөзсіз, кемінде екі пропозицияға ие болады: біріншісі – сөйлеушінің қалау сезімін көрсететін және жалпы оптативті мағынаның көрсеткіші «мен қалаймын» және екіншісі – әлемдегі қалаулы (немесе қалаусыз) әрекеттерді көрсететін пропозиция.

Мұнда адресант (X) екінші адресатқа (Y): «*Сен одан да үйге бар!*» деп айтса, онда бұл X өзіне ұнамаған әңгіме айтқаны үшін сұхбаттасушысы Y-ке тойтарыс беріп жатыр дегенді білдіреді. Сонымен бірге біз айтылымның оптативті мағынасын жалпы прагматикаға қарағанда, негізгі, терең деп қарау

дұрыс деп есептейміз. Шынында да, бір формадағы оптативті айтылым түрлі жалпы мағыналарда, түрлі коммуникациялық стратегияларда қолданыла алады: мысалы, жоғарыда айтылған сөйлеу актісін белгілі бір өзгертулерден соң бұл айтылым ұнамаған мағынаны білдірмейді, керісінше адресант екінші адресатқа жаны ашуы, оған үйге қайтқаны жөн болатынын қалап тұрғанын көрсетіп, Х-тің Ү-ке деген өтініші ретінде де қолданыла алады. Яғни бір терең және тұтас оптативті мағынада біз оның бір қатар беткі орындалуын көре аламыз. Студенттерге осы тұрғыда, осындай жолдармен қалау мәнді сөйлемдердің өзіндік ерекшеліктері өзара қарама қарсы қойылу арқылы түсіндіріліп, жаттығулар орындатылды:

Жаттығу. Берілген мәтіндерден оптатив айтылымдарды тауып, кестеге сай пропозицияларға бөліп, кестемен (Кесте 13) жұмыс жасаңыз.

Кесте 13 – Тапсырма

Сөйлем	Бірінші пропозиция	Екінші пропозиция

А. Баймағанбет Бүркітбайдың күндегі сауыншы көмекшісі болмаса да, оның қол-аяғының аурулығын білуші еді. Өзі адамға жаны ашығып, бауырмал қалпымен Бүркітбайға кейде ақыл айтып, көмек еткісі келеді.

– Қойсаңшы, тастасаңшы осы сауыны құрғырды. Басқа бірдемесін істесең болмай ма, Бүке! – деді (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 57-б.).

Ә. Түс қайта Аягөз өңірі көктем күнінің осы сәтіне тән жаңа бір реңкке бөленіпті. Маңайдан қоңыр салқын леп еседі. Жүруге жиналған меймандар:

– Әрдайым мереке болсын ауылдарыңызда, Фазыл аға!

– Өміріңіз осындай ән-күйден арылмасын, Әбдірахим! (М.Шайыр «О, Данышпан Дүние» Роман-трилогия, бірінші кітап, 152-б.).

Б. Иіс тамсана таңданып сөйледі.

– Ана бәйбішелер жақтырмай жатыр еді ғой. «Ауылға келін боп түспей жатып ән шақырмасын, тәйтiк болмасын!» деп, тыйып тастапты деп еді ғой...

– Олар айтпа десе, мұндағылар айт дейді. Еркіне қоймайды.

– Айтса екен, айналайын.

– Тағы бір соның лебізін естісек екен!.. Өзі де жібектей есілген кішіпейіл ғой! – деп, екінші кемпір де қостады (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 60-б.).

Жаттығудың мақсаты: Сөйлемдерге оппозициялық талдау жасауды үйрету.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер оппозициялық талдаудың жолдарын үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Оппозициялық ережелердің қолданысын меңгеріп, оппозициялық талдау жасап дағдыланды.

2-жаттығу. Оптатив айтылымдарды кестеге (Кесте 14) сай пропозицияларға бөліп көрсетіндер. Оның жасалу жолын айқындаңдар.

Кесте 14 - Тапсырма

Сөйлем	Бірінші пропозиция	Екінші пропозиция

А. Біржан құп тыңдап, өзі де сүйсіне көтеріліп:

– Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді. Әйгерім де өзге жиын да екеуін дәл ұғынғандай, түгел қоспап күлісті (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 63 б.).

Ә. Есік жақтағы Иіс кемпірден бастап, барлық қартаң әйелдер:

– Айналайын келінжан, өркенің өссін!

– Құдай көңіліңді өсірсін...

– Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан!.. – десті. Соңғы алғысты Иіс айтып еді. Абай елең етіп, Иіске қарады да:

– Апырмай, мына Иіс шешем алғысы қандай жақсы еді! Әмин деші, Әйгерім осыған! – деді.

Әйгерім аса бір сыпайы алғыс жүзімен иіске қарап:

– Әмин, әже! – деп... (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 74-б.).

Жаттығудың мақсаты: Оптатив айтылымдарды кестеге сай пропозицияларға бөлу.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер сөйлемдерді пропозицияға бөліп үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Мәтіндегі оптатив айтылымдарды кестеге сай пропозицияларға бөлуді үйренді.

2. Қатысымдық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар мен тапсырмалар – студенттердің қатысымдық сөйлеу дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыратын және қалау мәнді сөйлемдерді тәжірибеде, яғни қатысым барысында жоғары деңгейлерде меңгеруіне жетелейтін жаттығулар түрі. Оқыту үдерісінде жаттығуларды орындауда жүзеге асатын сөйлеу біліктерінің жетістігі, көбіне жаттығулардағы тапсырмалардың сапасына байланысты болып келеді. Р.Рахметова мұндай жаттығулардың маңызын былайша көрсетеді: «Жаттығудың бұл түрі студенттің кез келген тілдік ортада еркін пікір алмасуына, дискурста қойылған сұрақтарға дұрыс жауап қайтара білуіне, түрлі мазмұндағы тілдік жағдаяттарда білім, білік, дағдыларын қолдана білуді жетілдіруге, ойын жүйелі жеткізе білу мен пікірін дәлелді түрде жеткізуді дағдыландыруға, тілдік жағдаятта оңтайлы шешім қабылдауды үйретуге бағытталды» [151, б. 240]. Қатысымдық дағдыны жетілдіруге арналған тапсырмалар іштей *ауызша сөйлеу дағдысын*

қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар; жазбаша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар деп жіктелді.

Ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы студенттер топ алдында қысылмай сөйлеуге дағдыланды, олардың бойында лидерлік қабілет жетіліп, өзіндік ой-пікір айтуға үйренді. Айтар сөзін, қалаған ойын нақты әрі толық жеткізуге төселіп, қатысым барысында өзі тілеген, қалаған нәтижеге қол жеткізді. Сонымен қатар студент сөйлер сөзінде әрбір сөзді орнымен, өз мағынасымен қолдануға дағдыланды.

Жаттығу.

Жазғытұрымның май тоңғысыз күні. Қалбақтаған көп қылау мұның да омырауын қармап алды. Көшедегі жұрт қар көрмегендей, аспанға алақандарын тосып маз боп жатыр. Бір кішкентай қара бала қолына таяқ ұстаған ақ кимешекті бәйбішенің біресе о жағынан, біресе бұ жағынан шығып мазалап келеді.

– **Әже деймін, көктем қашан шығады?**

– *Ертең шығады.*

– *Ертең шықса, бүгін неге қар жауады?*

– *Бұл құс қанаты зой, қарағым. Қыс ызғары осымен бірге кетеді.*

Ұйпалақтап қалың қар жауып тұр. Жаз биыл жайлы болатын түрі бар (Кекілбаев Ә. «Құсқанаты», 108-б.).

Оқылым. Мәтінді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Айтылым. Жазғытұрым туралы ақын-жазушылардың еңбектерін тауып, әрбір автордың жазғытұрымды сипаттауда қандай сөйлемдерді қолданғанын айтыңыз.

Тілдесім. Мәтіндегі диалогтағы сөйлемдерді жалғастырып, диалог құрыңыздар.

Жаттығудың мақсаты: Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымда қолдана білуді меңгерту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қалау, тілек мәнді сөздерді орынды қолдануға үйренеді.

Жаттығудың нәтижесі: Мәтіндегі тапсырмаға жауап беру арқылы сөздерді орынды қолдануды, қалау мәнді сөйлем құрауды меңгерді, ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдірді.

Жаттығу.

А. Әйгерімнің әні Біржанды да ұйытқандай. Ол қошемет болар деп, сыртына сыр шығарған жоқ. Тек Жиренше шыдай алмай қозғалақтап:

– *Ән салса, Әйгерім ғана салсын да!* – деді (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 74-б.).

Ә. Екеуі түнгі қалада баяу серуендей жүріп, Кәmilә тұратын үйге жақындады.

Жайлап Әлигердің жеңіне қолын тигізген Кәmilә:

– Әлигер, сіз ұзақ бейхабар кетпеңізші, - деді. – Анда-санда болса да хабар алысып тұрғанымыз орынды секілді. Осы төрт жылда мен бүйтіп қыдырып көрмепін (М.Шайыр «О, Данышпан Дүние». Роман-трилогия, бірінші кітап, 169-б.).

Оқылым. Мәтіндерді оқып, оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Жазылым. Қалау мәнді сөйлемдерге талдау жасаңыз.

Тілдесім. Соңғы репликадағы ойды ары қарай жалғастырыңыздар.

Жаттығудың мақсаты: оптатив сөйлемнің жасалу жолын игерту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қалау, тілек мәнді сөйлемдерді талдауға дағдыланады.

Жаттығудың нәтижесі: тілдесімде оптатив сөйлемдерді орынды қолдануды үйренді.

Жаттығу. Мына ұлағатты сөздерді жалғастырып айтыңыздар, оның адресатқа қалай әсер ететінін дәйектеніздер.

а) *Басқа ұлттың баласына бауырмал бол, ол сенің досың әрі көршің, қонағың. Қиналғанда қол ұшын бер, бірақ өзің сұраншақ болма. Көп ұлтты әлеумет ортасында өмір сүре біл...*

б) *Құдайға құлшылық еткен пенденің көңілін кірлетпе. Өз сенімі бар адамды сыйла, еш нәрсеге сенбейтін, ешкімді сыйламайтын кісіден қорық...*

в) *Ұлым, ата-анаңа мейірімді, халқыңа қайырымды бол. Қарындасқа «сен» деп сызданбай, «сіз» деп ілтипат көрсет. «Сіз» деп сөйлеу кішіліктің емес, кісіліктің белгісі...*

Тапсырма. «Кім көп біледі?» тапсырмасында студенттер жұпқа бөлінеді. Оқытушы әрбір жұпқа «тілек», «қоштасу», «қалау», «сәлемдесу» деген сөздердің біреуін айтады. Әр жұп өздеріне айтылған жағдаятқа сәйкес диалог құраулары қажет. Диалогте міндетті түрде мақал-мәтел, фразеологиялық оралымдарды қолданулары шарт. Қай жұп көріктеуіш тілдік құралдарды орынды қолданып, сөйлеу актісін талапқа сай құра алса, сол жұп ұтқан болып есептеледі.

Ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар студенттерді өз ойларын еркін жеткізуге, пікірлерін тұжырымдап айтуға, сөйлеу актісіне қажетті сөйлемдерді ұтымды қолдануға дағдыландырды.

Жазбаша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар арқылы студенттердің өз ойларын нақты, дәлелді жазуға дағдыландыру мақсат етілді. Жоғары оқу орындарында реферат, эссе, бақылау жұмысы, курстық жұмыс, глоссарий, диплом жұмысы және т.б. жазба жұмыстары жүргізіледі. Мұндай жазбаша жұмыстардың ішінде студенттердің жазбаша дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулардың алатын орны ерекше. Мысалы:

Жаттығу.

А. Машина шатқалға қарай біраз жүріп, қозғалысы ауырлай-ауырлай тоқтады.

– *Сауапты іске шыққан екенсіңдер, балалар, жолдарыңды Құдай оңғарсын, - деген қарт ұсынылған жолақыны азар да безер болып алмады. –*

Қасиетті шаруаға менің де бір көмегім болсын (М.Шайыр «О, Данышпан Дүние» Роман-трилогия, бірінші кітап, 197-б.).

Ә. Бұл хал Ербол мен Мәкішті де тығырыққа қамады. Ербол Абай үшін ең сәтсіз бір кез осы болғанын аңғарып, қысылып отыр.

– Япырай! Шын қысталаң осы болмаса игі еді! Мал әкелдіруге де ел алыс, жайлауға шығып кетті. Кепілге аларлық жанашыр болса үйде жоқ. Әбігер үстінде ел жақтан да қамсыз келіп едік. Кепіл дәл осы күндерде керек болып қалса қайттік? Бәйбіше, тым құрыса, осында көңіл жетер, өздерің ұқсас, үй-мекені бар қазақ саудагерінің біреуіне сәлем жолдаңыз. Сөзіңізді өзім апарайын! – деді (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 175-176-бб.).

Оқылым. Мәтіндерді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Айтылым. Сіз әрбір тілдесу жағдаятында өз ойыңызды қалай жеткізер едіңіз?

Жазылым. Қалау мәнді сөйлемдерді теріп жазыңыз. Оптатив сөйлемдерді басқаша жазыңыз. Ол сөйлемнің мағынасын қалай өзгерткенін дәлелдеңіз.

Жаттығудың мақсаты: Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жөнінде білімдерін бекіту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер қалау, тілек мәнді сөздерді орынды қолдануға үйренеді.

Жаттығудың маңызы: Мәтіндегі тапсырмаға жауап беру арқылы сөздерді орынды қолдануды, қалау мәнді сөйлем құрауды меңгереді, жазбаша сөйлеу дағдылары жетілді.

Жаттығу.

А. – Енді сен маған әлгі үш билеп-төстеушінің алдарында қойған мақсаттарын айтшы?

– Уәли өзімнен кейін үлкен балам Ғұбайдолла хан болса екен дегенді арман етеді. Абылай кезінде биліктен қазыс қалған Бөкей қолына қаракесектің тигеніне риза адамдай томаға-тұйық. Ал Шоң қарадан болса да, елді бір хандай билесем екен деген ойда (Қ.Исабай «Шоң би»: (Трилогия), 15-б.).

Ә. – Жолың болсын, Сәлім қожас, - деп Омар оның қолын түрекеліп алды. – Сен қазір Түркістаныңа жүрмексің. Одан әрі жатқан Сарыарқа Сәлімқожаның құзырын жұлдыздарға дейін жеткізетін болсын. Әмин! (Қ.Исабай «Шоң би»: (Трилогия), 16-б.).

Оқылым. Мәтіндерді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Айтылым. Сіз диалогте өз ойыңызды қалай жеткізер едіңіз?

Жазылым. Мәтіндерден қалау мәнді сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарына түсіндірме, комментарий жазыңыздар.

Тілдесім. Мәтіндердегі диалогті сөйлемдерді қалай жалғастыруға болады?

Жаттығудың мақсаты: қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық табиғатын меңгерту.

Жаттығудың тиімділігі: студенттер қалау, тілек мәнді сөздердің прагматикалық қолданысын орынды қолдануға үйренеді.

Жаттығудың маңызы: қалау, тілек мәнді сөздердің прагматикалық қолданысын орынды қолданып, жазбаша сөйлеу дағдылары жетілді.

Жаттығу.

А. Сонда да үйіне қарай беттеп, табалдырықтан аттаған жерде, Шоңның көлеңке жағына тізе бүкті де, Торайғырға:

– Би қайным, ағаңды аясаң етті. Онсыз да шаршап келді, - деді (Қ.Исабай «Шоң би»: (Трилогия), 28-б.).

Ә. – Неге жаз күндері көшпейсің? – деп сұрады Шоң.

– Алдағы қыста өзіңізге тарантас жасап берсем бе деген ойым бар. Күзге дейін оған керек-жарақты қазіргі қонысымда дайындағаным қолайлы.

– Өзіңнің ойлағаның болсын, - деді би (Қ.Исабай «Шоң би»: (Трилогия), 33-34-бб.).

Оқылым. Мәтіндегі оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Жазылым. Мәтіндердегі оптатив сөздердің жасалу жолдарын анықтап, оларға негіздеме жазыңыз.

Жаттығудың мақсаты: оптатив сөздердің жасалу жолдарын анықтау.

Жаттығудың тиімділігі: оптатив сөздердің жасалу жолдарын игеріп, оның қолданысын меңгереді.

Жаттығудың маңызы. Теориялық қағидаға негіздеме жазуды үйренді.

Тапсырма. З.Абдулжанованың «Ауызша тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты» еңбегі бойынша тезис жазыңыз.

Студенттердің жазбаша сөйлеу дағдысын жетілдіруге бағытталған жұмыстар оларды тақырып бойынша алған білімдерін жүйелі жазуға, теориялық материал туралы тұжырым жасауға үйретті.

Шығармашылық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар қалау мәнді сөйлемдердің жасалу жолдарын, олардың өзіндік топтарын, қандай байланыс тәсілі арқылы жасалғанын, оптативтің қандай түрі екендігін, қалау мағынаның қандай мағынасын білдіріп тұрғанын игертуді, оны практикада өздері анықтап, қолдануды үйретуге бағытталды. Шығармашылық жаттығулар арқылы студенттер берілген қалау мәнді сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтауды; қалау мәнді сөздердің мәтіннің контекстік мағынасына да әсерін айқындауды; қалау мәнді сөздердің өзгеріске түсу потенциалын анықтауды; оптативтердің сыртқы белгілерінің оппозициялық талдауға түсу кезінде олардың ішкі ерекшеліктеріне байланысты өзгеретіндігін анықтауды үйренді.

Жаттығу.

– Тәйт!

– Тұр былай!

– Қазыл!

– Аулақ! – десіп, қалың топты отаудың екі жақ босағасына қақ жарып, екі сап қып қойды (М.Әуезов «Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап, 223-б.).

Оқылым. Мәтінді коммиссивтердің жасалу жолын анықтаңыздар.

Тыңдалым. Мәтінді тыңдау кезінде коммиссивтер перлокутивтік актіде адресатқа қалай әсер ететінін айтыңыздар.

Айтылым. Мәтіндегі комиссивтердің орнына экспрессивтерді қойыңыздар. Мәтіндегі ой қалай өзгергенін айтыңыздар.

Жазылым. «Абай жолы» романынан комиссивтер арқылы жасалған сөйлемдерді (10 сөйлем) тауып жазыңыз.

Тілдесім. Диалогті жалғастырыңыздар. Өз бетіңізше жалғастырған диалогтеріңізді түпнұсқамен салыстырыңыздар.

Жаттығудың мақсаты: Студенттерге мәтін ішіндегі комиссивтер мен экспрессивтердің перлокутивтік актідегі рөлін меңгерту.

Жаттығудың тиімділігі: Студенттер перлокутивті актідегі комиссивтер мен экспрессивтердің қызметімен танысады.

Жаттығудың маңызы: перлокутивті актіде комиссивтер мен экспрессивтердің айрықша рөл атқаратынын білді.

Жаттығу.

Еділ бол да, Жайық бол,

... ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің ... болса да,

Алдына келіп қалған соң,

... қусырып барған соң,

Аса кеш те қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа.

... болса біреуде,

Айыбын тап та ала бер,

Ерегісіп

Сенікі жөн болса да,

Атын шықпас дұрысқа.

Мінезі ... адамға

Енді қайтіп жуыспа.

Тәуір көрер кісіңмен

Жалған айтып суыспа (Асан қайғы).

Оқылым. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып оқыңыз.

Айтылым. Әрқайсың өз қойған сөздеріңді айтып, ой бөлісіңіздер.

Тілдесім. Кімнің нұсқасы сәтті шыққанын айтып талдаңыздар.

Жаттығудың мақсаты: шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Жаттығудың тиімділігі: көп нүктенің орына қажетті сөздерді қою арқылы автордың ойын анықтауға төселеді.

Жаттығудың нәтижесі: бір-бірімен ой бөлісу, талдау арқылы мәтін мазмұнынан сәйкес сөздерді табуға талпынып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруге тырысты.

Жаттығу.

1. Жақыныңнан айырылма.

2. Ақылыңнан айырылма.

3. Ел бастаушы көсеміңнен айырылма.

4. Шешеніңнен айырылма.
5. Еліңнен айырылма.
6. Жаныңды алса да, сырыңнан айырылма.
7. Көшем деп алып қойған отыныңнан айырылма.
8. Дайар атың мен малыңнан айырылма.
9. Болмашыға өкпелеп, досыңнан айырылма.
10. Басыңдағы баспанаңнан айырылма.
11. Шыбын жаның шыққанша, намысыңнан айырылма.
12. Әр пендеге пайдалы іс істе, басыңа күн туғанда 12-ден айырылма.

Оқылым. Мәтінді оқып оптатив сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Айтылым. Сіз өз ойыңызды қалай жеткізер едіңіз, айтыңыз.

Жазылым. Өтеубойдақ Глеуқабылдың «12» өлеңіндегі оптативтерді қайта өңдеңіз. Мәтіндегі ойдың қандай өзгеріске түскенін дәйектеп жазыңыз.

Тілдесім. Қазақ халқының белгілі ақын-жазушыларының елге туралы айтқан тілектері бойынша ой бөліс өткізіндер. Қандай сөйлемдерді қолданғанына мән беріңіздер.

Жаттығудың мақсаты: оптативтерді өңдеуді үйрету.

Жаттығудың тиімділігі: өңделген оптативтердің қызметін меңгереді.

Жаттығудың маңызы: оптативтерді өңдеу арқылы интенциялардың адресатқа тигізетін әсерін игерді.

Рефлексиялық жаттығулар студенттердің қалау мәнді сөйлемдер туралы білімдерін практикада қолдануын дамытады. Рефлексиялық жаттығуларды орындау барысында студент меңгерген білім мазмұнын, логикалық операцияларды дұрыс және тиімді қолдану арқылы санасына орнықтырады. Осы арқылы студенттің білімі шын мәнінде сапалы болады.

Жаттығу.

Төле би:

Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен?

Жеті атасын жетектеп жүрген бар ма екен?

Алмасың болса, мойным бар,

Асылың болса, қойным бар.

Бұл сөзімді ойлай бер.

Едіге:

Кигіз кімдікі болса, білек сонікі,

Ауыз кімдікі болса, сөз сонікі.

Бала шыққан жеріне қайтып сыймайды,

Сөз шыққан жеріне қайтып сыймайды.

Жарлық өзіңізден болғанда,

Жабдық та өзіңізден болсын... (Шешендік сөздер).

Тілдесім. Берілген екі шешеннің сөздеріне талдау жасаңыздар. Әрбір шешеннің тілегі мен қалауын түсіндіріңіздер.

Жаттығудың мақсаты: шешендік сөздердегі қалау, тілек мәнді сөйлемдермен таныстыру.

Жаттығудың тиімділігі: шешендік сөздердегі локутивтік актіге мақсаттылық мәнін үстемелеп, коммуникативтік мақсатты жеткізу әрекетіндегі иллюкутивтік актінің қызметімен танысады.

Жаттығудың маңызы: шешендік сөздердегі тілдік коммуникациядағы сөйлеу актілерін түсіне алды.

Сонымен бірге қалау мәндегі сөздердегі бір мүшесін басқа сөзбен ауыстырып, орнына басқа сөздерді қолдану, оның мағыналық өзгерісін айқындау, көп нүктенің орнына қалау мәнді сөздерді тауып қою, оны таңдауының себебін көрсету және т.б. мақсаттағы жаттығулар мен тапсырмалар орындалды.

Сонымен қатар зерттеу жұмысын орындау барысында студенттерін бойында қатысымдық құзыреттіліктің құрамдас компоненті болып табылатын әлеуметтік-лингвистикалық біліктіліктерді дамытуға арналған *жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары* қолданылды. Әлеуметтік лингвистикалық немесе әлеуметтік мәдени біліктілік – тұлғаның тіл мен оның тілдік емес контекстінің арасындағы байланысы жайлы білімі мен біліктіліктері, яғни тұлғаның түрлі сөйлеу актілерін дұрыс қолдану және оларға орынды жауап бере алу біліктіліктері [13, б. 90]. Қарапайым жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмаларында студенттерге ауызша тілдік қатынастың арнайы транскрипцияланған үзіндісін беріп, олардан қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік, жыныстық, жас ерекшеліктерін табу мен сөйлесім жағдаяты мен тілдік қатынас бірліктерінің жұмсалу уәждерін сипаттауды талап етеді [185, б. 6]. Аталмыш тапсырмалар қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін үйретуде мардымды. Ал сөйлеу актісінің әлеуметтік-прагматикалық аспектілері олардың мән мазмұнына және грамматикалық құрылымына әсер етуші бірден-бір экстралингвистикалық фактор [186, б. 286]. Перез-Сабатер мен Монтеро-Флета әлеуметтік-прагматика тілдік бірліктерді қолдану барысында оларға адресант пен адресаттың әлеуметтік статустары, жас ерекшеліктері, жыныстық ерекшеліктері, әлеуметтік жақындықтары секілді әлеуметтік факторлардың ықпалын зерттейді деп пайымдаған [187, б. 23]. Бұл тапсырмалар студенттердің келесідей ғылыми сұрақтарға жауап іздеуіне септігін тигізді:

1. Сөйлесім жағдаятында айтылған қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық табиғаты мен тілдік-құрылымдық аспектісіне адресант пен адресаттың қоғамдағы әлеуметтік статустары мен жақындықтарының ықпалын айқындау;

2. Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің қатысым кезіндегі прагматикалық табиғаты мен тілдік-құрылымдық аспектісіне адресант пен адресаттың жас, жыныстық ерекшеліктерінің ықпалын анықтау;

3. Сөйлесім жағдаятына байланысты қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің орын алу уәждері мен тілдік қатынас кезінде олардың атқарып отырған қызметтерін саралау.

Зерттеу жұмысында Шарифи мен Каримипоның бата беру мәнді және қарғау мәнді сөйлеу актілерінің әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін

талдағанда қолданылған кестелерінің негізінде құрылған жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары студенттерге орындауға берілді [41]. Мысалы (Кесте 15), (Кесте 16), (Кесте 17), (Кесте 18), (Кесте 19):

Кесте 15 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасы

Тапсырма 1
Адресант: Рақмет, қарағым! Бақытты бол! Жүз жаса! Адресат: _____ (адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз)
Оптативті айтылымның қалау, тілектен басқа сөйлесім жағдаятына орай негізгі қызметін табыңыз: _____ Адресанттың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық ықтимал жастық ерекшелігі мен әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____ Адресаттың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық ықтимал жастық ерекшелігі мен әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____ Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін табыңыз: _____

Кесте 16 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасы.

Тапсырма 2
Адресант: Жұмысты ертерек орындап бітірсек деймін. Адресат: _____ (адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз) Адресанттың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____ Адресаттың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____

Кесте 17 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасы.

Тапсырма 3
Адресант: ...бақытты болыңыздар! Дендеріңіз сау, өмір жастарыңыз ұзақ, шаңырақтарыңыз биік, іші толы бала болсын! Жұптарыңыз жазылмасын! Адресат: _____ (адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз) Адресант пен адресаттың өзара әлеуметтік жақындығын табыңыз: _____ Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін тап: _____ Берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің қандай дискурсте орын алғанын жазыңыз: _____

Кесте 18 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасы.

Тапсырма 4
Адресант: Ақ жол, құлыным! Аман барып, сау қайт!
Адресат: _____ (адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз)
Оптативті айтылымның қалау, тілектен басқа сөйлесім жағдаятына орай жанама қызметін табыңыз: _____
Адресант пен адресаттың өзара әлеуметтік жақындығын табыңыз: _____
Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін табыңыз: _____

Кесте 19 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасы.

Тапсырма 5
Адресант: Мені басқа бөлімге ауыстырар ма едіңіз!
Оптативті айтылымның қалау, тілектен басқа сөйлесім жағдаятына орай жанама қызметін табыңыз: _____
Адресант пен адресаттың өзара әлеуметтік жақындығын табыңыз: _____
Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін табыңыз: _____

Тапсырмалардың мақсаты: Студенттердің ауызба-ауыз тілдік қатысым үрдісінің әлеуметтік аспектілеріне байланысты қалау, тілек мәнді айтылымдарды дұрыс жеткізу біліктіліктері мен білімдерін бекіту.

Тапсырмалардың тиімділігі: Студенттерге тілдік қатысым үрдісі барысында орын алған кез келген айтылымды оңтайлы интерпретациялау үшін белгілі бір дәрежеде әлеуметтік сөйлеу нормалары мен әдептерін білу керектігін үйретеді.

Тапсырмалардың нәтижесі: Білім алушылардың әлеуметтік-тілдік құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектесті.

Жоғарыда келтірілген студенттердің әлеуметтік-лингвистикалық біліктіліктерін қалыптастыруға арналған жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмаларын орындатқызу олардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, өз беттерінше түрлі инструкциялармен жұмыс істеуге дағдыландырды. Әрі жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары студенттерді өз ісіне жауапты болашақ кәсіп иесі ретінде түрлі әлеуметтік контекстегі тілдік қатынаста өз қалауы мен тілегін орынды әрі нақты жеткізулеріне көмектесті.

Студент бұл тапсырмаларды орындаған соң қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айтар алдындағы, яғни психологиялық тұрғыдан тілдік қатынасқа дейінгі кезеңде, сөйлесім жағдаятын, тыңдаушысының әлеуметтік статусы мен жас немесе жыныстық ерекшелігіне зер салу қажеттігіне мән беруге жаттықты. Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары тіл және мәдениет аралық

прагматикалық зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үдерісі барысында қолдану тиімді болды [188, б. 45].

Ағылшын және қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін салыстыру мақсатында берілген тапсырмалар арқылы студенттер әр тілдегі әлеуметтік тұлғалардың сөз саптауын таразылап үйренді. (Кесте 20), (Кесте 21):

Кесте 20 – Қазақ ұлтының сөйлеу актісіндегі әлеуметтік ерекшеліктер

Тапсырма 6
Қазақ тілінде [бұл сөйлесім жағдаяты қарияға көмектескен жас жігіт пен сол қарияның арасында орын алды]
Қария: Рақмет, балам! Өмір жасың ұзақ болсын! Бақытты бол, шырағым! Жас жігіт: Аумин, ақсақал, айтқаныңыз келсін! Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің негізгі тілдік қатынас барысында атқарған функциясы: алғыс айту Айтылу уәжі: Адресанттың аффективтік көңіл күйі

Кесте 21 – Ағылшын халқының сөйлеу актісіндегі әлеуметтік ерекшеліктер

Тапсырма 7
Ағылшын тілінде [бұл сөйлесім жағдаяты қарияға көмектескен жас жігіт пен сол қарияның арасында орын алды]
Үлкен кісі: Thank you very much! I appreciate it [Ал, рақмет! Мұныңды ешқашан ұмытпаспын] Жас жігіт: Not at all [Оқасы жоқ] Алғыс айту функциясында алғыс мәнді сөйлеу актісі қолданылып тұр. Айтылу уәжі: Адресанттың аффективтік көңіл күйі

Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмаларын орындау нәтижесінде студенттердің қол жеткізген білімдері мен біліктерін әрі қарай дамытып, оны тәжірибе жүзінде қолдануына баулуда *рөлдік ойындардың* орны ерекше. Рөлдік ойындар білімгерлердің ой өрісін кеңейтіп, сабақты жандандырады, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылығын арттырады [189, б. 42]. Жалпы, ойын өмір шындығының моделі ретінде қатысымдық әрекеттің пәндік және әлеуметтік мәнмәтінін түрлендіруге мүмкіндік береді. Соның негізінде өмірдегі шынайы қарым-қатынас жағдайын қайта құруға мүмкіншілік туады [190, б. 13-14].

Литтлвуд рөлдік ойындарды коммуникативтік тапсырмалардың әлеуметтік қарым-қатынасқа бағышталған тапсырмалар тізіміне жатқызды [191, б. 49]. Тілді қатысымдық тұрғыдан оқытуға арналған коммуникативтік тапсырмалар – студенттерді өзара сөйлесуге итермелейтін тапсырмалар. Олар тілдік түсініспеушіліктерді жоюға, тұлғалардың өздері жайлы өз ойларын еркін білдіруге және сол тілдің тілдік-мәдени ережелерін ұғынуға көмектеседі. Әрі бұл тапсырмалар жоғары оқу орнында сөйлеу актісін оқыту үрдісінде

студенттердің еркін әрі орынды сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді. Бұл ойындар арқылы студент уақытша болса да өзге әлеуметтік статусты иемденіп, жасанды дискурсқа сол әлеуметтік рөлінде қатысымға түседі. Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасын орындау нәтижесінде қол жеткізген білімі мен біліктіліктеріне сүйене отырып, орынды сөйлеу актісін жұмсауға үйренеді. Рөлдік ойындар студенттерді кез келген ауызша қатысымда өз қалауы мен тілегін орынды әрі тиянақты жеткізуге машықтандырады. Сөйлеу актісін оқытқанда рөлдік ойындарда студенттердің продуктивті қабілеттерін дамыту үшін негізінен оған адресанттың, яки сөйлеушінің рөлі берілуі қажет. Зерттеу жұмысымызда үйренуші жоғары оқу орнының студенттері болғандықтан, оларға рөлдік ойындар ойнату Бриклин Зеф құрастырған үлгісіндегі рөлдік ойын құруға арналған тапсырмаларды қолдандық [185, б. 7].

1-рөлдік ойын құруға арналған тапсырма. Сіз офиске жақында келген жас мамансыз. Бүгін жұмыс уақыты бітердің алдында басшыға кіріп, сәлемдесуіңіз, офистегі дискурсқа байланысты өзіңіздің әлеуметтік статусыңызға лайық орынды қалау, тілегіңізді білдіріп, ол кісіге алғыс рақмет айтуыңыз керек!

2-рөлдік ойын құруға арналған тапсырма. Сіз ата-анасыз, басқа қалаға оқуға барғалы тұрған балаңызды вокзалдан шығарып салып отырсыз. Ұлыңызға сәт сапар тілеп, жол батасын беруіңіз қажет.

3-рөлдік ойын құруға арналған тапсырма. Жолдасыңыз ұзақ уақыттан бері ойында жүрген, сізге алдында айтқан бизнесін бастап, соған арналған дастарқан басындағы қуанышты отырысында жақын досы ретінде тілек кезегін беруді сізден бастады. Жолдасыңыздың абыройын оның жаңа әріптестерінің арасында көтеру үшін, әрі өзіңізге досыңыздың қуанышы қалай әсер еткенін жеткізу мақсатында оған тілегіңізді айтуыңыз қажет.

Тапсырманың мақсаты: Студенттерге практикалық сабақтар барысында сыныптан шықпай-ақ, түрлі әлеуметтік статустар мен жас ерекшеліктеріне байланысты рөлдерді сомдап, тапсырмада берілген мәнмәтінде оңтайлы сөйлесім жағдаятын құра білуге дағдыландыру.

Тапсырманың тиімділігі: Білім алушыларға алуан түрлі жасанды сөйлесім жағдаятында өз қалаулары, тілектері мен ойларын орынды жеткізуді үйретеді.

Тапсырманың нәтижесі: Білім алушылардың қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне байланысты қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдірді.

Рөлдік ойын құруға арналған тапсырмалар оңай көрінгенімен, студент дәрісханада аудиторияда дәл сол тапсырмада берілген шарттарға жауап бере алатындай қалау, тілегін білдіре алуы әр студентте әртүрлі деңгейде болды. Әрі рөлдік ойындарды ұйымдастыру оқытушыға тілдік қатынастың сөйлесім жағдаяты, қатысушылардың әлеуметтік статустары, жақындықтары, жас ерекшеліктері секілді контекстік параметрлерін өзі таңдауына ерік береді.

Зерттеу жұмысында қолданылған рөлдік ойындар студенттердің продуктивтік қабілеттерін дамыту мақсатында құрастырылғандықтан, адресат

қатыспайтын жабық түрі қолданылды [188, б. 47]. Рөлдік ойындар тұлғаның ауызша сөйлеу дағдысын шындайды [192, б. 122].

Кез келген дидактикалық коммуникативтік ойындар секілді қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытуда ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыратын рөлдік ойындар да оқыту үрдісінде қолданылғанда үш түрлі кезеңнен өтеді. Олар: дайындық кезеңі, жүзеге асыру немесе ойын кезеңі және талқылау кезеңі [190, б. 62].

Дайындық кезеңінде оқытушы рөлдік ойынға жүктелген қолданылу мақсатына қол жеткізу үшін келесідей іс-әрекеттерді жүзеге асырды:

1. Рөлдік ойын түрін таңдады.
2. Ойынның студент орындауы керек нұсқаулығын құрастырды.
3. Рөлдік ойында сомдалу қажет сөйлесім жағдаятының әлеуметтік контекстін белгіледі (адресант пен адресаттың жастық, жыныстық ерекшеліктері, әлеуметтік статустары, әлеуметтік қарым-қатынасы).
4. Дәрісхананаң рөлдік ойынның шынайылығына керекті көрнекі құралмен қамтамасыз етілуін бақылады (тек керекті деп таныған кезінде).

Бұл аталған іс-әрекеттерді оқытушы дайындық кезеңінде өз қалауына қарай орындады. Ал студент болса, көбінесе тек дәрісханадағы дайындық кезеңіне атсалысқандықтан келесідей өзіне тиесілі іс-әрекеттерді орындады:

1. Оқытушы құрастырған өзіне берілген ойын нұсқаулығымен танысты.
2. Рөлдік ойындарды жүзеге асыру алдындағы ұйымдастыру кезеңіне қатысты.

Ойын кезеңінде оқытушы тек кеңесші ретінде қатысып, барынша бейтарап болуға тырысты. Студент алдыңғы алған білімдері мен біліктеріне сүйене отырып, өзіне берілген рөлді сомдады. Соның негізінде қоғам алдында орынды сөйлеуге ішкі сезімдерін білдіруге дағдыланды.

Талқылау кезеңінде оқытушы студенттерге төмендегідей сұрақтар қойып, сауалнама жұмысын жүргізді:

1. Рөлдік ойынның қай тұсы сізге ұнады / ұнамады?
2. Ойында берілген қай нұсқауды жүзеге асыру қиын болды?
3. Рөліңді сомдау барысында рөліңе қарай қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін орынды, әрі тиімді жұмсай алдыңыз ба?
4. Ойынды ойнау кезінде қандай сөйлеу дағдыларын меңгердіңіз?

Рөлдік ойынның аталмыш кезеңінде студенттер өзінің және өзгенің іс-әрекетіне баға беріп, бір-бірімен топтық қарым-қатынасқа түсті, бір-бірімен пікір алмасып, ойларын бөлісті, әрі мұғалім мен студент арасында тілдік қарым-қатынас орнады. Студенттердің бұл іс-әрекеттері өздерінің жас ерекшелігінің психологиялық қасиеттеріне орай олар үшін тиімді болды. Ал оқытушы өз кезегінде студенттердің ойын сомдау барысындағы қателіктерін анықтап, студенттердің ойынға байланысты ұсыныстары мен тілектерін ескерді.

Келесі бір тапсырмалар тобы студенттердің бойындағы қатысымдық құзыреттіліктерінің ажырамас компоненті болып есептелетін стратегиялық құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналды. Стратегиялық құзыреттілік –

тұлғаның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты біліктіліктері мен білімдері [13, б. 90-91]. Прагмалингвистикада стратегия коммуниканттардың тілдік қатысымға түсуіндегі басты коммуникативтік мақсатына жету бағдарламасы деп есептеледі [25, б. 40]. Стратегия коммуниканттардың коммуникативтік міндеттерді орындау үшін таңдап алған және сөйлеу жағдаятында қатысушылар мен олардың элементтері арасындағы белгілі қатынастарды белгілеумен сипатталатын сөйлеу әдебінің магистральдік сызығы ретінде қарастырылады [193, б. 67]. Жалпы коммуникативтік стратегияның тілдік қатысымға дейінгі болатынын және олардың сөйлесім жағдаятының психологиялық контекстімен тығыз байланыста болатынын ескерсек, студенттерге қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін оқытқанда, олардың коммуникативтік стратегиялары жайында білімдермен қаруландыру студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіре түсті. Сол себептен зерттеу жұмысымыздың барысында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін адресанттың айтуы барысында басшылыққа алатын коммуникативтік стратегияларына қатысты аталмыш стратегияларды анықтап, кесте толтыруға байланысты тапсырмалар қолданылды.

Тапсырма. Төменде берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің тілдік қатынас кезіндегі басшылыққа алынған коммуникативтік стратегияларын анықтап берілген кестені (Кесте 22) толтырыңыз.

Кесте 22 – Коммуникативтік стратегиялар

Коммуникативтік стратегияның атауы	Мысал
Алғыс стратегиясы	
Құттықтау стратегиясы	
Қарғыс стратегиясы	
Өтініш стратегиясы	<i>Өтінемін, еске салмашы! Бір минутке оңаша қалдыршы. Осыдан соң ештеңе өтінбеймін...</i>
Өкініш стратегиясы	
Қалау стратегиясы	
Ұсыныс стратегиясы	
Қоштасу стратегиясы	
Жалбарыну стратегиясы	
Жұбату стратегиясы	

1. – *Қоныс құтты болсын! Шаңырақтарыңа бақ, дәулет, ырыс, ынтымақ қонсын.*

2. – *Рақмет, қарағым! Алла разы болсын!*

3. – *Өтінемін, еске салмашы! Бір минутке оңаша қалдыршы. Осыдан соң ештеңе өтінбеймін...* (Р.Тоқтаров, 363 б.).

4. – *Ал, кәне, бәрін басынан басташы, қарындасым!* (Р.Тоқтаров, 290 б.).
5. – *Менің түсімді жорыңызшы* (Р.Тоқтаров, 280 б.).
6. – *Мен жатақханаға барып келсем қайтеді* (Р.Тоқтаров, 272 б.).
7. – *Айып етпесеңіз, әлгі мақалаға қаламақы жазып берсеңіз қанекей.*
Жолға қаражат қылуға. (Д.Досжан, 429 б.)
8. – *Қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың? Алла шипасын берсін әйтеуір.*
Аман-есен бол.
9. – *Құдайым сабыр берсін!*
10. – *Иа, Алла, бір өзің жар бола көр!*

Тапсырма. Өртүрлі көркем әдеби шығармалардан сөйлеушісі алғыс, өтініш, ұсыныс стратегияларын басшылыққа ала отырып айтқан оптативті айтылымдарды тауып, ондағы қалау, тілек мәнді айтылымдардың жасалу жолдары мен оптативті мағына көрсеткіштерін анықтап, ондағы коммуниканттардың әлеуметтік өзгермелілерін талдаңыз.

Тапсырманың мақсаты: Білім алушылардың сөйлесім жағдаятындағы айтылатын оптативті айтылымдардың психологиялық мәнмәтіні жайлы білімдерін бекіту.

Тапсырманың тиімділігі: Студенттер тілдік қатынас барысында айтылған оптативтік айтылымдардың коммуникативтік стратегияларын дұрыс анықтап, олардың пропозиционалдық және иллокутивтік мағыналарын оңтайлы интерпретациялауға үйренеді.

Тапсырманың нәтижесі: Білім алушылардың қалау, тілек мәнді айтылымдарды оңтайлы қолдануларына негіз болатын стратегиялық құзыреттіліктерін жетілдірді.

Тапсырма. Күнделікті өмірдегі ауызекі сөйлеу актісі мен көркем әдеби шығармалардан өкініш, жалбарыну, жұбату секілді сөйлеу стратегияларын басшылыққа ала отырып айтылған оптативті айтылымдары бар диалогтарды тауып, ондағы адресант пен адресаттың әлеуметтік өзгермелілерінің айтылымдарға қаншалықты дәрежеде әсер етіп отырғанын анықтаңыз.

Тапсырманың мақсаты: Коммуниканттардың тілдік қатысым барысында оптативті айтылымдарды жұмсауда басшылыққа алатын коммуникативтік стратегияларына байланысты студенттердің білімдерін бекіту.

Тапсырманың тиімділігі: коммуниканттардың ауызекі тіл мен көркем шығарма тіліндегі оптативті айтылымдарды қолдануымен танысады.

Тапсырманың нәтижесі: Білім алушылардың қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне байланысты стратегиялық және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектесті.

Жоғарыда сөз болған жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар зерттеу тақырыбын жан-жақты меңгертуге, студенттердің құзыреттіліктерін жетілдіруге мүмкіндік туғызды. Жаттығу жұмыстарының мақсаты мен тиімділігін айқындау, оның түпкі нәтижесін бағамдау тақырыпты игертуге көмектесті.

2.4 Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау

Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытудың нәтижесі мен тиімділігін тексеру мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Эксперимент жұмыстары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттерімен 2013-2016 жылдар аралығында жүргізілді. Жүргізілген эксперименттік зерттеуіміз болашақ педагогтар мен тіл мамандарының тілдің прагматикалық саласынан арнайы дайындығының сапасын арттыру мақсатында оқыту үдерісінде студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін сапалы меңгеру үшін тиімді әдістемелік жүйесін ұйымдастыруға бағытталды.

Эксперименттік жұмыстар үш кезеңде жүргізілді:

1. Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері, қазақ тілінің прагматикасы туралы білім, білік деңгейлерін анықтау эксперименті;

2. Жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін оқытуды жүзеге асыратын қалыптастыру эксперименті;

3. Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері мен қазақ тілінің прагматикасы туралы білім, білік деңгейлерін ұсынылып отырылған әдістеме арқылы оқытудың нәтижесін тексеру мақсатында жүргізілген қорытындылау эксперименті.

Эксперименттік зерттеу барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері мен қазақ тілінің прагматикасы туралы білімдерін тексеру мақсатында сауалнама жүргізу және тапсырмалар арқылы тексеру;

- студенттердің сабақ барысындағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін меңгеру дәрежесін талдау;

- зерттеу тақырыбын меңгертудің әдістемесін ұсыну;

- Ұсынылған жаңаша әдістеменің тиімділігін дәлелдеу.

Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері, қазақ тілінің прагматикасы туралы білім, білік деңгейлерін білу мақсатында **анықтау эксперименті** жүргізілді. Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орындарында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін студенттерге оқытудың теориялық және практикалық мәселелері мен бүгінгі таңдағы жоғарғы мектепте қалау, тілек мәнді айтылымдардың оқытылу жайын саралау, аталмыш сөйлеу актілерін оқытудың қажеттіліктері мен тиімділіктерін анықтау. Берілген мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер алға қойылды:

- сөйлеу актілерін өзінің зерттеу нысаны еткен «Прагматикалық лингвистика» пәнінің жоғары оқу орындарындағы оқу-әдістемелік кешендерінде қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері туралы білім мазмұнының қамтылғандығын айқындау. Аталмыш пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен силлабустарын саралау, талдау;

- жоғары мектеп білім алушыларының «Прагматикалық лингвистика» пәні және сөйлеу актілері, дәлірек айтқанда, зерттеу нысаны болып отырған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі жайлы білімдері мен берілген айтылымдарды

тұлғааралық тілдік қарым-қатынас барысында қолдана алу біліктіліктерін анықтау мақсатында сауалнамалар мен жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмаларын орындату;

- студенттердің сауалнама нәтижелеріне қарай «Прагматикалық лингвистика» пәнінің оқытылу қажеттілігін анықтау. Пәннің мазмұнын зерттеу нысанымен байланыстырып жоспарлау, оқу-әдістемелік кешен мен силлабус жобасын әзірлеу;

- эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде студенттерден алынған сауалнамалар мен жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмаларының қорытынды нәтижелерін саралап, талдау. Студенттердің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне байланысты қатысымдақ құзыреттіліктерінің деңгейін анықтап, оларды жетілдіру жоспарын құру.

Студенттердің экспериментке дейінгі білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген анықтау экспериментінде бірінші кезекте жоғарғы мектеп білім алушыларының «Прагматикалық лингвистика», лингвистикалық прагматиканың қатысымдық табиғаты, прагматикалық лингвистиканың зерттеу нысандары, аталмыш пәннің зерттеу сұрақтары, сөйлеу актілері және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жайындағы білім деңгейлерін анықтап, аталмыш пән мен оның тақырыптық мазмұны аясында қалау, тілек мәнді айтылымдарды 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім алушыларына оқу үдерісіне енгізудің қаншалықты деңгейде қажетті екенін саралау мақсатында келесідей сауалнама алынды (Кесте 23).

Кесте 23 – Сауалнама

№	Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары	%
1	2	3	4
1	«Прагматикалық лингвистика» пәнін қалай түсінесіз?	А. Тілдік бірліктердің тұлғааралық тілдік қатысым барысындағы қолданысын, және аталмыш бірліктер мен оларды қатысым барысында қолданушылар арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің саласы.	44
		Ә. Тілдік бірліктердің контекстегі мағынасын зерттейтін тіл білімі саласы.	36
		Б. Тілдік бірліктердің шығу тарихын зерттейтін тіл білімі саласы.	20
2	«Прагматикалық лингвистика» пәнінің зерттеу нысандарының бірін табыңыз.	А. Сөз таптары, сөйлем мүшелері.	19
		Ә. Тілдік қатысым, сөйлеуші мен тыңдаушы.	72
		Б. Жалқы есімдер.	9
3	«Прагматикалық лингвистика» пәнінің зерттеу сұрағын табыңыз.	А. Коммуниканттар тілдік қатысым барысында айтылымдарды қалай интерпретациялап, қалай қолданады?	37
		Ә. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас деңгейі, олардың әлеуметтік статустары мен жас ерекшеліктері олардың қатысым барысында қолданатын тілдік бірліктеріне қалай әсер етеді?	28

4	«Прагматикалық лингвистика» пәнін оқыту не үшін қажет?	А. Қажет емес.	10
		Ә. Студенттерді тілдік қарым-қатынас үрдісі және ондағы тілдік бірліктердің қолданылуына қатысты теориялық және практикалық білімдері мен біліктіліктерін арттыру үшін қажет.	82
		Б. Сөздердің мән мағынасын түсіну үшін қажет.	8
5	«Сөйлеу актілері» деген ұғымды қалай түсінесіз?	А. Сөйлем.	31
		Ә. Адамның тілдік қатысым барысындағы мақсатты сөйлеу әрекеті.	35
		Б. Сөйлеу үрдісі.	34
6	Қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері дегеніміз не?	А. Той думандарда сөйлеушінің той иесіне жолдайтын құттықтау тілектері.	29
		Ә. Түрлі тілдік емес факторларға байланысты біреуге бағышталып айтылатын сөйлеушінің қалауы мен тілегі.	25
		Б. Сөйлеушінің өзіне, екінші не үшінші жаққа қатысты материалдық немесе рухани қалауымен шартталатын мақсатты сөйлеу әрекеті.	46
7	Сөйлеушінің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тілдік қатысым барысында қолдануына негіз болатын мотивацияларын анықтаңыз.	А. Той думан.	27
		Ә. Қоштасу.	13
		Б. Мереке.	24
		В. Берілген жауаптардың барлығы дұрыс.	36

Кестеде көрсетілгендей сауалнамалардағы сұрақтардың басым бөлігіне студенттердің көпшілігі дұрыс жауап бере алмады. Оның бірден-бір себебі олардың «Прагматикалық лингвистика» пәнімен таныс болмауы деп айтуымызға болады. Алайда сауалнамадан кейінгі пәннің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысандары мен сұрақтары және теориялық білім мен практикалық біліктілікті ұштастыруға бірден бір мүмкіншілік беретін пән екендігі жайлы түсіндірме сұқбаттардан кейін студенттердің басым бөлігі сауалнаманың нөмірі төртінші сұрағына ойымыздағыдай оң жауап берді. Білім алушылардың оң жауабына келесідей бірнеше факторлар негіз болды:

- «Прагматикалық лингвистика» тілдік бірліктердің шынайы тілдік қатысым кезіндегі атқаратын қызметін қарастырады;

- Тілдік қатысым кезіндегі айтылымдардың айтылу уәжділіктері мен сөйлеушінің интенциясы жайындағы ақпараттармен студенттерді қаруландырып, оларды түрлі жанама сөйлеу актілеріндегі адресанттың коммуникативтік діттемесіне орай айтылған айтылымды дұрыс интерпретациялауға баулиды;

- Студенттерге сөйлесім жағдаятында коммуниканттарының жас, әлеуметтік статустарындағы ерекшеліктері мен психологиялық көңіл күйлері

іспетті экстралингвистикалық факторларды өз ойларын жеткізу және өзгенің ойын интерпретациялау кезінде ескеру қажеттігін ескертеді.

Екіншіден, анықтау экспериментінде студенттердің жалпы сөйлеу актілерінің тілдік қатысымда алатын рөлін қалай түсінетіндігін болжау мақсатында тапсырмалар берілді:

Тапсырма 1. Сөйлеу актісі барысында адресаттың сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын оңтайлы интерпретациялауына қандай факторлар көмектеседі? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Бірінші тапсырма білім алушылардың «Прагматикалық лингвистика» пәнінің қатысымдық табиғатынан қаншалықты хабардар және жалпы тілдік қатысымға байланысты білімін тексеру мақсатында ұсынылды. Тапсырмада берілген сұраққа жауап берерде студенттер аталмыш пәннің терминологиялық жағымен таныс болмағандықтан, біршама қиналып жауап берді. Бұның мәні анықтау экспериментіне қатысып отырған болашақ педагог, тіл маманы бүгінгі таңда коммуникация үдерісінде өзінің азды көпті тәжірибесіне сүйене отырып, тілдік бірліктерді интуитивті түрде қолданады деген сөз. Олардың осылай етуі өздеріне жақын таныс адамдармен қарапайым сұқбаттасу кезіндегі сөйлесу үрдісінің соңғы нәтижесіне айтарлықтай әсер етпегенімен, сөйлесім жағдаятының экстралингвистикалық факторларында өзгеріс болғанда кейбір түсініспеушіліктер туындатуы ықтимал. Оған бірден-бір айғақ – осы жастағы тұлғалардың өздерінен әлеуметтік статусы және жасы үлкен адамдармен тілдік тұлғааралық қарым-қатынас құрғанда, өздерінің қалау, тілектерін оңтайлы жеткізу кезінде біршама қиналып, абыржып, өзіне сенімсіздік танытуы. Демек, бұл да өз кезегінде студенттердің түрлі әлеуметтік орта өкілдерімен коммуникация құру тәжірибесінің жеткіліксіздігінен туындап отырады. Кейбір студенттер тіптен өзіне жай ғана таныс өзімен жақын қарым-қатынаста жүрген кісі іспетті өз қалауы мен тілегін білдіремін деп кейде өзінің коммуникативтік мақсатын орындай алмауы мүмкін.


Тапсырма 2. Төменде берілген сөйлеу актілерінің тілдік қатысым кезінде атқаратын қызметтеріне қарай топтастырыңыз.

Үлгі: Сау болыңыз! – Қоштасу мәнді сөйлеу актісі.

- 1) Туған күніңіз құтты болсын!
- 2) Әлі көресінді көрсетемін.
- 3) Кешке саған қоңырау шалам.
- 4) Балаларды балабақшадан алуды ұмытып кетпеші.
- 5) Саған тәттіні көп жегенді доғару керек.
- 6) Сұрауға бола ма?
- 7) Мен сізге ризамын.
- 8) Абыройың арта беруіне тілектеспін, қалқам!
- 9) Мен тура уақытында келемін.
- 10) Сіз маған сеніңіз.

Білім алушылар сөйлеу актілері теориясымен таныс болмағандықтан, берілген сөйлеу актілерінің тілдік қатысым барысында атқаратын қызметтерін болжауда біршама қателіктерге бой алдырды. Студенттердің бұл тапсырмаға

қатысты берген жауаптарының қорытынды нәтижесі төмендегідей болды: (Сурет 9).



Сурет 9 – Студенттердің тілдік қатысым барысындағы сөйлеу актілерінің атқаратын қызметтеріне байланысты орындаған екінші тапсырманы орындау барысында берген жауаптарының қорытынды нәтижелері.

Келесі тапсырманы берместен бұрын оның потенциалды орындаушыларына алдын-ала түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Яғни мұнда экспрессивтік сөйлеу актілері дегеніміз не? Қандай сөйлеу актілерін экспрессивтік сөйлеу актілері деп санауға болады деген сұрақтар төңірегінде студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тапсырма 3. Төменде берілген сөйлеу актілерінің ішінен экспрессивтік сөйлеу актілерін тауып, олардың қатысым кезіндегі атқаратын қызметін анықтаңыз.

Кешірсіз, ағай! Енді қайталамаймын.

Берілген айтылым – кешірім сұрау мәнді сөйлеу актісі, әрі оның берілген сөйлесім жағдаятындағы қызметі – кешірім сұрау. Экспрессивтік сөйлеу актісі.


1) Ендігі сабақта сендерге ағылшын тілінде өткен шақта сөйлем қалай құралатынын түсіндіріп кетем.

2) Аман барып, сау қайт!

3) Есікті ашып жібересіз бе?

4) Ақ жидеңіз қанша тұратынын айта саласыз ба?

5) Оқуға түсіп кетсек, жақсы болар еді.



Сурет 10 – Үшінші тапсырма бойынша студенттердің пайыздық қорытынды нәтижесі.

Тапсырма 4. Төменде берілген үзінділерден сөйлеу актілерін тауып, оларды атқарып отырған қызметіне қарай Дж. Серльдің классификациясы негізінде топшалап шығыңыз.

1.– *Не болыпты түріме?*

– *Білмеймін, Айбар Арыстанұлы, әйтеуір, осыдан ай, апта бұрынғы бозбалаға мүлде ұқсамайсыз. Қаймақ қатқан шай әкелейін бе, әлде..*

– *Қажеті жоқ, бара бер, – деді салқын ғана (Д.Досжан, 121-б.).*

2.– *Пәтерің құтты болсын, - деді Арыстан ұзынша диванға тізе бүгіп жатып, - дәл орталықта екен, қыш үй суыққа төзімді келеді, орналасуы жақсы, терезеден Есіл өзені көрінеді, күн сәулесі мол түседі екен (Д.Досжан, 168-б.).*

3.– *Мама, күні ертең Жансаямен таныстырамын.*

– *Құлыным-ау, оның кім, ана үкілеп дәмелендіріп жүрген министрдің орынбасарының қызы ма? Есімі қандай әдемі! Құлыным-ау, артынып-тартынып алыстан жеткенде, қыздың әке-шешесін мына жаңа үйге шақырып, құда болайық десіп, қалыңдыққа сырға тағып кәдемізді жасап көрелік те! Осы күнге жетемін бе, жетпеймін бе деп ауру жүректі сүйретіп келгенде қуаныштан жарылсын-дағы (Д.Досжан, 174-б.).*

4. – *Алматыдан хабар келді, қажсылық сапарға аттанатын болдыңыз, тұрыңыз!.. Жиналыңыз, ағасы!..*

– *Мінафиқтар бар ақшамды ұрлап кетті, – деді Мырқы, - маған қажсылық бұйырмайтын болды. Орныма имамды жазыңыз, сол барсын... (Д.Досжан, 245-б.).*

5. – *Тексереміз.*

– *Жүрегіммен тілдестіргеніңе рахмет, қалқам.*

– *Ағатай, – деді... (Д.Досжан, 256-б.).*

6. – *Кешірсіз, азатай. Елден келген жездем еді, түн ішінде кіммен сыр бөлісе қалдың деп қизғылыққа салғаны, қызғанғаны, қайтсін, әпкемнің соңынан құлын тайдай тебісіп өскен өзімді еркек-ұрғашыдан қызғанып әлек, - деп сықылықтап күлгені... (Д.Досжан, 446-б.).*

7. – *Әже-е! Ана-а! ... – деп бақырып жібердім.*

– *Нәзира әпкем жібере салды.*

– *Қоймасаң, көрдің ғой, алатын сыбағаң – осы!*


– *Мен қазір әжеме, апама айтам.*

– *Айтып көр.*

– *Айтам деп мен есікке беттедім (С.Мұратбеков, 51-б.)*

Мұнда да студенттерге тапсырманы орындауға бермес алдында қысқаша Дж.Серльдін сөйлеу актілеріне берген жіктемесіне байланысты ақпарат берілді.

Тапсырмаға берген студенттердің жауаптарын саралай, талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасалды (Сурет 11).



Сурет 11– Төртінші тапсырма бойынша студенттердің пайыздық қорытынды нәтижесі.

Үшіншіден, анықтау экспериментінде студенттердің тілдік қатысым барысында қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қалай жұмсап, қалай коммуникантының айтқан қалауы мен тілегін қаншалықты дәрежеде жетік түсінетіндігі және қатысымдық құзыреттіліктерінің деңгейін анықтау мақсатында арнайы әзірленген жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары студенттерге берілді:

Кесте 24 - Тапсырма.

Тапсырма 1
Адресант: Сау бол!
Оптативті айтылымның қолданылу уәжін табыңыз.


Кесте 25 - Тапсырма.

Тапсырма 2
Адресант: Туған күніңіз құтты болсын! Өмір жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын!
Адресат: _____(адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз)
Оптативті айтылымның қалау, тілектен басқа сөйлесім жағдаятына орай жанама қызметін табыңыз: _____
Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін табыңыз: _____

Кесте 26 –Тапсырма.

Тапсырма 3
Адресант: Ақ жол, құлыным! Аман барып, сау қайт!
Адресат: _____(адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз)
Оптативті айтылымның қалау, тілектен басқа сөйлесім жағдаятына орай жанама қызметін табыңыз: _____
Адресанттың пен адресаттың өзара әлеуметтік жақындығын табыңыз: _____
Адресанттың берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айту уәжділігін табыңыз: _____

Студенттердің жоғарыда көрсетілген тапсырмаларға берген жауаптарының қорытындысы төмендегідей нәтижені көрсетті: (Сурет 12):



Сурет 12 – Жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмалары бойынша студенттердің пайыздық қорытынды нәтижесі.

Көрсетілген суреттегі диаграммадан жоғарғы мектеп білім алушыларының қазақ тілі ана тілдері болғандықтан, қатысымдық құзыреттіліктері біршама едәуір қалыптасқандығы анықталып, әрімен қарай оны дамыту бағыты айқындалды. Студенттердің жас ерекшелігіне және психологиялық темпераментіне орай олар кейбір тұстарда толық емес жауап берді. Бұл өз кезегінде студенттердің түрлі әлеуметтік орта өкілдерімен тілдік қатысым құру тәжірибесінің әлі де болса аз екендігін аңғартады.

Анықтау экспериментіне Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын жалпы саны 82, 3-курс студенттері қатысты.

Анықтау экспериментінің нәтижесі төмендегідей мәселелерді анықтауға көмектесті:

- студенттердің «Прагматикалық лингвистика» пәні, сөйлеу актілері, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жайындағы теориялық білімдерінің деңгейі төмен;

- олар өз ойларын тапсырмаларды орындау үстінде нақты жеткізе алмады. Әрі тілдік бірліктерді сөйлесім жағдаятының экстралингвистикалық факторларын ескермей интуитивті қолданатындығы аңғарылды;

- болашақ педагог және тіл маманы ретінде аталмыш олқылықты болдыртпау мақсатында оларға тілдік қатысымның теориялық және практикалық тұстары жайлы білімдері мен біліктіліктерін арттыратын «Прагматикалық лингвистика» пәнін оқытудың қажеттігі анықталды;

- олардың болашақ өмірлерінде түрлі әлеуметтік орта өкілдерімен нәтижелі тұлғааралық қарым-қатынас құруға және өз қалаулары мен тілектерін оңтайлы жеткізуге баулу үшін, қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін «Прагматикалық лингвистика» пәні аясында қатысымдық тұрғыдан оқыту керектігі айқындалды.

- қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін жоғарғы мектепте қатысымдық тұрғыдан оқыту мақсатында жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік құралдарындағы аталмыш мәселенің қаншалықты қамтылғандығын анықтау үшін оларды жинақтау, танысу, саралау жұмыстары жасалды.

Екінші кезеңде **қалыптастыру эксперименті** жүргізілді. Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – «Прагматикалық лингвистика» пәнінің мазмұнында теория мен практиканы байланыстыру мақсатында тілдік қатысымның функционалдық бірлігі болып есептелетін қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыдан оқытуға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу алға қойылды:

- «Прагматикалық лингвистика» пәнінен студенттердің алған теориялық білімдерін практика жүзінде біліктіліктер мен құзыреттіліктерге айналдыруға арқау болатын оқу құралы, силлабустарын әзірлеу, яғни білім мазмұнын анықтау;

- лингвистикалық прагматиканың қатысымдық бірлігі сөйлеу актілері мен қалау, тілек мәнді айтылымдардың прагматикалық табиғаттары жайында студенттерді теориялық ақпараттармен қаруландыру;

- студенттердің сөйлеу актілер мен қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері жайында алған теориялық білімдерін біліктіліктерге айналдырып, олардың бойындағы қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту мақсатында тілдік, қатысымдық, шығармашылық дағдыларды қалыптастыруға арналған жаттығуларды және олардың қатысымдық құзыреттіліктерінің компоненттік бөлігі болып табылатын әлеуметтік-лингвистикалық және стратегиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған тапсырмаларды құрастыру;

- аталмыш жаттығулар мен тапсырмаларды «Прагматикалық лингвистика» пәнінің қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қарастыратын тақырыптары аясында студенттерге орындату. Соның нәтижесінде білім алушылардың кәсіби-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Қалыптастыру эксперименті өзара тығыз байланысты екі кезеңде ұйымдастырылды:

1. Дайындық кезеңі;
2. Практикалық кезең.

Дайындық кезеңінде мынадай әрекеттер жүзеге асырылды: эксперимент және бақылау топтары анықталды; диссертациялық жұмыстың екінші тарауының бірінші тақырыбы мазмұнында қарастырылған тақырыптық мазмұнына сәйкес «Прагматикалық лингвистика» пәнінің силлабусы әзірленді; берілген тақырыптық мазмұны негізінде «Лингвистикалық прагматика негіздері» атты оқу құралының жобасы жасалынды; қалыптастыру кезеңінде студенттер назарына дәріс сабақтары уақытысында оқылатын лекциялық материалдар даярланды; дәріс сабақтарында студенттердің алған білімдерін қатысымдық құзыреттіліктерге айналдыру үшін практикалық сабақтардың жоспарлары мен сол уақытта қолданылатын жаттығулар мен тапсырмалар әзірленді; студенттердің жеке қабілеттеріне орай берілетін өзіндік жұмыс түрлері мен тақырыптары құрастырылды.

Қалыптастыру эксперименті алдыңғы тармақтарда сөз болған «Прагматикалық лингвистика» пәнінің білім мазмұны мен ұсынылған жаттығулар мен тапсырмалар кешені бойынша жүргізілді. Оқыту ұстанымдары басшылыққа алынып, ұтымды деп танылған әдіс-тәсілдер қолданылды.

Тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығулар.

1-жаттығу. Мәтіндегі сөйлемдердің қалаулық деңгейін анықтаңыздар. Оның сөйлеу актісіне қалай әсер етіп тұрғанын дәлелденіңдер.

- *Еркіңіз білсін, - деді басқарма.*
- *Баланың аты кім? - деді Ахаң Дәуренбекке қарап.*
- *«Жауды аяған жаралы» дегенді білмеуші ме едіңіз, - деді Дәуренбек ызбармен.*
- *Әй, не шатып тұрсың, мен сенен ақыл сұрадым ба! - деді Ахаң да морт кетіп.*
- *Сақалыңыздың ағында жаңсақ іске аяқ бастыңыз, - деді Дәуренбек. Ақсақалға емес, әлдеқайда, алыстағы егін-жайға қарайды.*

– Құйысқанға қыстырылмай, қой, шырағым, - деді Ахмет. - Әкең атиабар Бәкібайды да көргем, ол да маған қоқаңдай алмаған. - Екі бүктеп, білеулей ұстаған қамшысының сабымен тымағын түзеп киді. - Еміске сен үш саусағыңды берсең, мен үш ұлымды бергем. Мына жұртты бөгемей баламның атын айт.

– Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз, - деді, Дәуренбек мырс етіп.

– Зекпри Болыпкен... Қалай, қалай?..

– Зигфрид Вольфганг Вагнер.

– Е, жән-ақ, - деді Ахмет ақсақал. - Келісті, жақсы ат екен. Айналайын, жүр, үйге кеттік. Апаң күтіп отыр. Жұрттың сөзін ұрғаның бар ма, жүр үйге (М.Мағауин).

2-жаттығу. Мәтіндегі оптаив айтылымдарды кестеге (Кесте 27) сай пропозицияларға бөліп көрсетіңіздер. Оның жасалу жолын дәйектеп айтыңыздар.

Кесте 27 - жаттығу

Сөйлем	Бірінші пропозиция	Екінші пропозиция

Николай Трофимович күліп жіберді. Екі жыл бұрын физкультура залынан Батырбайдың Мұратты жетектеп алып шығып кеткені есіне түсті.

– Оқа емес, қария, оқа емес!

– Қайда болсаң да бағың ашылсын, аман бол, қарағым! Малға кетіп бара жатыр едім, қоштасайын деп келдім.

– Рақмет, қария!

Жүкті тиен қойып, Николай Трофимович мұғалімдермен және әр секцияның мүшелерімен суретке түсті.

Машина оталып, жүруге бет алғанда, оқушылар Николай Трофимовичті анталап, қоршап алды.

– Хатты жиі жазып тұрыңыз, Николай Трофимович!

Жазда қонаққа келіңіз.

– Ұмытпаңыз! - деп әрқайсысы тілек айтып жатыр (Б.Соқпақбаев).

Тілдік дағдыны қалыптастырушы жаттығуларды орындау арқылы студенттер қалау, тілек мәнді сөйлемдердің өзіне тән қызметін, ерекшелігін дәлелдеп айтуға төселді. Оның сөйлеу актісіне әсерін айқындады.

Қатысымдық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар мен тапсырмалар.

1-жаттығу. Сөйлесім жағдаятына әсер етіп тұрған факторларды анықтаңыздар. Адресант пен адресаттың әлеуметтік статусын айқындаңыздар.

– *Стол алдына барған Ажарға директор қысқа ғана құттықтау сөз айтты да, қызыл барқыт тысы бар папкеге салған аттестатын ұсынып:*

– Бұл білімнің өзі емес, оған баратын жолдың нұсқауы ғана деп түсін, Ажар шырағым. Ілгері оқып, отанымыздың зор білімді адамының бірі болуыңа, сол білімнің жемісін халыққа беруіңе тілектеспін (С.Мұқанов).

Тілдесім. Мәтінге арқау болып тұрған жайтты қазіргі таңдағы оқушылардың аттестат алуымен байланыстырып, бірнеше диалог құрыңыздар. Диалогте адресант пен адресаттың әлеуметтік статусын өзгертіп отырыңыздар (оқушы-оқушы; оқушы-мектеп директоры; оқушы-сынып жетекшісі; оқушы-оның әкесі; оқушы-оның анасы; оқушы-оның ағасы; оқушы-оның атасы және т.б.). Әр диалогтің талабына сай қалау, тілек мәндегі сөйлемдер мен оралымдарды қолданыңыздар.

2-жаттығу. «Бейвербалды сәлемдесу мәнді сөйлеу актілері» тақырыбында пікірталас өткізіңіздер. Ол үшін әр халықтың өзіне тән сәлемдесу әдебіне байланысты көркем әдебиеттерден мысал жинаңыздар. Осы мысалдарды пайдаланып, пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Қатысымдық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар мен тапсырмалар аясында «Броундық қозғалыс» (берілген тақырыптар бойынша сөйлеу актісі құрау); «ПОПС формуласы», «Төрт сөйлем тәсілі» (ғалымдардың пікірлері берілген үзінділерді айту); ойбөліс (терминдер бойынша ой алмасу (адресат-адресант; баяншы-қабылдаушы және т.б.)); алдыңғы тармақтарда сөз болған ойындар өткізілді.

Шығармашылық дағдыны қалыптастырушы жаттығулар.

1-жаттығу. Берілген тілек мәнді сөйлемдерді топқа (алғыс мәнді сөйлемдер, тұрмыс-тіршілікке қатысты тілек мәнді сөйлемдер, сапарға байланысты айтылатын сөйлемдер, құттықтау мәнді сөйлемдер) бөліп жазыңыздар. Осы оралымдарды пайдаланып, диалог құрыңыздар.

Жайлы жүріп, жақсы жет! Ағайын-туыстың арасында сыйлы, жора-жолдасқа қадірлі азаматсың. Қадамы құтты болсын! Махаббаттарың баянды болып, жұптарың жазылмасын! Көш байсалды болсын! Жорытқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын! Керегелерің кең, босағаларың берік болсын! Олжаға белшеңнен бат! Олжамен орал! Ісіңе береке берсін! Айтқаның келсін! Жолың даңғыл болсын! Соғым шүйгін болсын! Ағайынға қадірлі бол! Ісің игілікті болсын! Алдыңнан айың тусын! Қанжығаң майлансын! Әлемде тыныштық болсын! Бала берсе, ақылынан, ағынан берсін!

2-жаттығу. «Қарым-қатынас принциптері» тақырыбында тұсаукесер дайындаңыздар. Тұсаукесерге қойылатын талап сақталуы тиіс.


Шығармашылық дағдыны қалыптастыру жаттығуы мен тапсырмалары аясында *жоба жұмыстары, кейс-стади әдісі бойынша кейстерді талдау, аннотация, тезис жазу және тағы басқа жұмыстар* студенттердің шығармашылық дағдысын жетілдіруге, олардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етті.

Әлеуметтік-лингвистикалық және стратегиялық құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған тапсырмалар.

Кесте 28 - жаттығу. Берілген дискурсты аяқтаңыздар.

Тапсырма- мысал	
Адресант: Рақмет, қарағым! Бақытты бол! Жүз жаса!	
Адресат: _____ (адресаттың ықтимал жауабын жазып бос орынды толтырыңыз)	
Адресантың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық ықтимал жастық ерекшелігі мен әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____	
Адресаттың берілген тілдік қатынас үзіндісіне лайық ықтимал жастық ерекшелігі мен әлеуметтік статусын көрсетіңіз: _____	

Сонымен қалыптастыру экспериментінде зерттеу жұмысында ұсынылған пікірлер мен қағидалар түрлі формада іске асырылды. Берілген тапсырмаларды практикалық сабақтар барысында эксперимент тобы студенттерінің орындау арқылы өздерінің сабағында алған білімдерін біліктілікке айналдырып, қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдірді. Әсіресе соңғы жазбаша дискурсты тамамдау тапсырмасының білім алушыларды әлеуметтік тілдесімге машықтандыру әлеуеті мол [194, б. 110]. Өйткені онда сөйлеу актісінің тілдік қатысым барысында атқаратын қызметімен қатар сөйлесім жағдаятының әлеуметтік аспектілерін анықтауға байланысты тапсырмалар да беріледі [195, б. 131]. Өз кезегінде сөйлеу актілерінің әлеуметтік лингвистикалық аспектілері жайлы білім – студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін дамытушы тетіктердің бірі [196, б. 274].



Сурет 13 –Тапсырмаларға эксперимент тобы студенттерінің берген жауаптарының толықтығы жайындағы орташа пайыздық қорытындысы.



Сурет 14 – Берілген тапсырмаларға бақылау тобы студенттерінің берген жауаптарының толықтығы жайындағы орташа пайыздық қорытындысы.

Үшінші кезеңде ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында **қорытынды эксперимент** жүргізілді. Қорытынды эксперименттің мақсаты – бақылау және эксперименттік топтағы студенттердің зерттеу тақырыбы бойынша білім, білік, дағдыларын тексеру, сандық және сапалық көрсеткіштерге талдау жасау. Осы мақсатқа жету үшін мынандай жұмыстар іске асырылды:

- студенттердің прагматикалық заңдылықтарды меңгеруін тексеру;
- студенттердің өз ойын жатық, дұрыс айту дағдыларын таразылау;
- олардың топ алдында пікірсайысқа жасқанбай шығу дағдысын тексеру;
- оқыту үдерісінде қалау мәнді сөйлеу актілерін меңгертуде қолданылған әдістер мен жаттығулардың нәтижесін бағамдау;
- студенттердің қатысымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық құзіреттіліктерінің деңгейін таразылау.

Осы аталған мәселелердің нәтижесін тексеру *тест тапсырмалары, жағдаяттық тапсырмалар және тапсырмалар* арқылы іске асырылды.

Студенттердің білімі мен біліктерін тексеру мақсатында тест тапсырмалары алынды. Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық қалай меңгергендерін таразылау үш бағытта анықталды. Біріншіден, студенттердің аталған тақырыпты меңгергендерін бағамдау *тест тапсырмалары* арқылы тексерілді.


1. Ғылыми ортада қалау, тілек сөйлеу актісін сөйлесім жағдаятында қолдануда адресант пайдаланатын коммуникативтік стратегия

- А) Құттықтау мәнді сөйлеу актісі
- Ә) Сәлемдесу мәнді сөйлеу актісі
- Б) Экспрессивті сөйлеу актілері


- В) Қоштасу мәнді сөйлеу актісі [25, б.106]
2. Қалау, тілек мәнді айтылымдарды коммуникативтік стратегия ретінде қарастырған ғалым
- А) Джон Остин
Ә) Джон Юль
Б) Наом Хомский
В) Кейт Элвуд [25, б.106]
3. Ауызша бетпе-бет қатысым кезіндегі адресат
- А) Хабарламаны қабылдап алушы
Ә) Тыңдаушы
Б) Рецепттор
В) Сөйлеуші [25, б.18]
4. Лингвистикалық прагматика ғылымындағы адресат
- А) Хабарламаны жіберуші
Ә) Сөйлеуші
Б) Айтылымды білдіруші
В) Тыңдаушы [25, б. 18]
5. Тілдік қарым-қатынас барысында адресант қолданатын қалпына келтіру стратегиясы
- А) Сөйлеушінің әлеуметтік тілдік ортада қалыптасқан коммуникативтік принциптер мен нормалардан аспай, сөз әдебін сақтап, өз орнымен сөйлеу стратегиясы
Ә) Сөйлеуші өз адресаттарымен белгілі бір тақырыпта сөйлесуді бастағанда немесе бір мәселе бойынша сөйлесуге кіріскенде қолданатын коммуникативтік стратегия
Б) Ол коммуникаттардың сөйлесім жағдаятының түрлі экстралингвистикалық факторларына байланысты қатысымның бір бөлігін аяқтап, екінші бөлімін бастау, яғни түрлі жағдаяттарға байланысты коммуникация үдерісінде талқыға түсіп отырған әңгіме тақырыбын ауыстыруы
В) Тұлғалық тілдік қарым-қатынас барысында коммуниканттардың бір-бірінің сөзін интерпретациялау барысында орын алу ықтимал түсінпеушіліктер мен кейбір бұрыс түсінбеушіліктердің орын алуы [25, б. 66]
6. «Рақмет, қарағым» деген айтылым Дж. Остиннің классификациясы бойынша қандай сөйлеу актісіне жатады?
- А) Вердиктивті
Ә) Экзерсивті
Б) Коммисивті
В) Бехабативті [25, б. 95]
7. Қоштасу барысында айтылатын сөйлеу актісі
- А) Сәт сапар!
Ә) Қайырлы таң!
Б) Кездескенше!
В) Арманыңа жет!
8. «Сенің бүгінгі жеңісің құтты болсын!» сөйлеу актісінің мотиві

- А) Белгілі бір әрекетке байланысты айтылатын қалау тілектер
 Ә) Бос уақытты жоспарлауға байланысты айтылатын қалау тілектер
 Б) Мемлекеттік және діни мерекелерге байланысты айтылатын қалау тілектер
 В) Кездескенде айтылатын қалау тілектер [25, б. 115]
9. Қазақ тіліндегі әлеуметтік статустары мен жас ерекшеліктері бірдей құрбы-құрдастардың арасында болатын сөйлеу актісі
 А) Амансыз ба?
 Ә) Бала-шаға, отбасыңыз аман ба?
 Б) Қалайсың?
 В) Сәлеметсіз бе? [25, б. 126]
10. Қоштасу мәнді сөйлемдер қандай сөйлеу актісіне жатады?
 А) Экспресивті
 Ә) Директивті
 Б) Репрезентивті
 В) Декларативті [25, б. 132]

Қорытынды эксперименттегі студенттердің білімін тест тапсырмалары арқылы таразылаудың нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті: (Сурет 15), (Сурет 16).



Сурет 15 – Бақылау топтарының тест тапсырғаннан кейінгі білім көрсеткіштері



Сурет 16 – Эксперимент топтарының тест тапсырғаннан кейінгі білім көрсеткіштері

Бақылау тобының студенттері 1, 8, 9 сұраққа дұрыс жауап бергенмен, қалған сұрақтарға қате жауап берген. Ал эксперименттік топ студенттері тест бойынша жоғары деңгей көрсетті. Бұл олардың «Прагматикалық лингвистиканың негіздері» пәні бойынша алған білімдерін дұрыс пайдалана алғанын байқатты.

Екіншіден, бақылау және эксперименттік-тәжірибелік топ студенттерінің қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан меңгергендерін сараптау, олардың қатысымдық, әлеуметтік-лингвистикалық және стратегиялық құзыреттіліктерінің деңгейін бағамдау мақсатында **жағдаяттық тапсырмалар** берілді:


1-жағдаяттық тапсырма. Жан досың «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге оқуға аттанбақ. Бірінші рет жалғыз өзі алыс жаққа кетіп бара жатқандықтан, қатты қобалжып тұр. Сөйлеу актісінде жайма-шуақ атмосфера орнату үшін не істейсіз? Иллокутивтік актіге қажетті оралымдарды пайдаланыңыз.

2-жағдаяттық тапсырма. Үйде жолдастарыңмен отырған кезде, атаң келді. Жолдастарың атаңа бастарын изеп амандасты. Атаң олардың бұл сәлемдесулеріне көңілі толмай, «қазіргі жастар тәрбиесіз» деп ашулана бастады. Не істейсіз? Перлокутивтік актіні қалай өзгертер едіңіз?

3-жағдаяттық тапсырма. Ұсынылған бейвербалды амалдар бойынша сөйлеу актісін құрыңыздар. «Басын иіп, тізерлеп отыра кетті», «шашын жұлып, айқайға басты», «етігінің қоншысына қамшысын сарт еткізіп ұрды да, үйден шыға жөнелді», «ернін сылп еткізіп, бетін шымшыды», «қос қолын кеудесіне қойып, есігін айқара ашты».

Жағдаяттық тапсырмаларды орындау барысында студенттердің сөйлеу мәдениеті, дискурста өздерін ұстау әдебі, қажетті тілдік бірліктерді ұтымды қолдануы, креативті ойлау қабілеттері назарға алынды.

Төмендегі суреттен жағдаяттық тапсырмалар арқылы орындалған бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткішін аңғаруға болады (Сурет 17):



Сурет 17 – Жағдаяттық тапсырмалар арқылы бағаланған бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіші

Жағдаяттық тапсырмалар эксперименттік топ студенттердің сөйлеу актісінің түрлерін жақсы игергендерін, оны тілдік қатысымда ұтымды қолдана алатындарын байқатты. 3-жағдаяттық тапсырманы орындау кезінде бейвербалды лингвомәдени бірліктердің мәнін түсінетіндіктерін, оны түрлі сөйлесім үлгілерінде көрсете алатындарын байқатты. Жоғарыда сөз болған құзыреттіліктерінің деңгейінің көрсеткіші артқанын байқауға болады.

Үшіншіден, студенттердің білім, білік, дағдылары тапсырмалар арқылы талдап-таразыланды.

1-жаттығу. Мәтіндерден қалау мәнді сөйлемдерді тауып, оның қалай жасалып тұрғанын айтыңыздар (Сурет 18), (Сурет 19).

Тамағын ішіп болса, балаларды алып шық.

– Қазір, ақсақал, – деген дауыс естілді киіз үй ішінен.

– Ал, былайырақ тұрындар, балаларға орын беріңдер, – деді басқарма.

Жұрт жапырыла шегініп, есік алдың қоралай тұрды. Орталарын ашқанмен, кимелесіп, мүмкіндігінше алға шығуға тырысады. Бірі – қызық көрмек, бірі үміт жетегінде.

Ақыры басқарма әйелінің ақ шаршысы көрінді. Бірақ сыртқа шықпай, көтерме киіз есікті жамылған күйі бөгеле берді.

– Жүріңдер, айналайындар, бері жүріңдер (М.Мағауин).

2-жаттығу. Мәтіндерден қалау мәнді сөйлемдерді табыңыздар. Олардың сөйлеу актісіне тигізіп тұрған әсерін дәйектеп айтыңыздар.

Үтігін қоя салып, Меңтай екі қолын қатарластыра ілгері созып, маған қарай жүрді.

– Ағай, сіздің Жаңа жылда бақытты болуыңызға, ойға алған мақсатыңыздың бәрі түгел орындалуына шын жүректен тілектестік білдіремін! – деп кішкентай әсем алақандарының арасына алып, менің қолымды қысты.


... – Рақмет, Меңтай, мен де сізге соны тілеймін! – дедім оның қолын мен де қос қолдай қысып, қысып емес-ау, жас баланың білегін ұстағандай мәрелеп.

Меңтай маған еркелей қарады.


– Ағай, бір өтінішім бар, айтайын ба?

– Айтыңыз, - дедім, «ол не өтініш болды екен» деп жүрегім лүп ете қалып.

– Айтсам, бүгіннен бастап мені «сіз» демей, «сен» деп айтыңызшы. Жарай ма? (Ә.Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар», 52 б.).



Сурет 18 – Тапсырмалар арқылы сарапталған бақылау тобының көрсеткіші



Сурет 19 – Тапсырмалар арқылы сарапталған эксперименттік топтың көрсеткіші

Қорытындылау педагогикалық эксперименттінің нәтижесі студенттердің оқытудың тәжірибеге дейінгі білімдерімен салыстырғанда, тәжірибеден кейінгі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері туралы теориялық білімдерінің кеңейгенін, теориялық материалды түрлі қатысымда ұтымды қолдана алатындарын байқатты.

Қалау мәнді сөйлемдер арқылы студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру барысында олардың игерген білімдерін практикада еркін қолдану, прагматикалық білімді сапалы игеру қабілеттері жетіліп, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсу мүмкіндігі дамыды. Себебі қалау мәнді сөйлеу актілерін оқытуда студенттер өзгенің пікірін тыңдауға, бағалауға, өзінің пікірін дәлелдеуге, ойын жинақтап айтуға дағдыланды. Сонымен қатар олардың диалогтік және монологтік сөйлеу қабілеттері артып, қатысымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық құзыреттіліктері қалыптасты.

Эксперимент жүргізілген топтардағы студенттердің оқуға ынталылығы артып, олардың пәнге деген қызығушылықтары арта түсті.

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелерін сараптай келе, төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Қалау мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыда оқытудың арнайы ұстанымдарын (ынтымақтастық, жеке тұлға қалыптастыру) негізге алып, зерттеу тақырыбын меңгерту оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруға ықпал етті.

2. Қалау мәнді сөйлеу актілерін қатысымдық тұрғыда оқытуда қолданылған жаңаша әдіс-тәсілдер студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын, оқу-танымдық белсенділіктерін арттырды.

3. Әрбір тақырыпқа сәйкестендіріліп жасалған жаттығулар жүйесі студенттердің тілдік материалдарды сапалы меңгеруіне мүмкіндік берді.

4. Жаттығулар жүйесі студенттердің лингвистикалық, танымдық қиындықтарды шешуге, білім алушылардың кәсіби дайындықтарының жоғары болуына көмектесіп, кәсіби дағдыларын жетілдірді.

5. Педагогикалық әдіс-тәсілдердің жүйелі және ұтымды таңдалуы олардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастырды.

6. Ұсынылған жаңа әдістемелік жүйе студенттердің қатысымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етті.

7. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсынылған әдістемелік жүйенің жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретінін танытты.

8. Эксперимент нәтижелері ғылыми болжамды бекітті және ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеді.

